



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№1 (21) 2014



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, көркем-сурет факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, ед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - зав. кафедрой "Педагогика и этнопедагогика" Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор; .

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор;

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. - зав. кафедрой национального воспитания и самопознания КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры культурной антропологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, почетный член НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - завкафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
corresponding-member of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva ZhA. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the National Knowledge Academy named after YAltynsarina;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor;

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh.Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T - Head of the Department of "national education and samoponaniya" KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, honorary member of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



Біздің жастар елеспен өмір сүрмеуге тиіс. Қазақстаннан тыс жерде жұмақ жоқ. Еш жерде, әлемнің ешбір елінде бәріне бірден ие болу мүмкін емес

Н. Назарбаев.

«Садағаң кетейін, айналайын халқым!»

Егемен Қазақстан газеті. 09.12.2013.



ҚҰТТЫҚТАУ!

Бүгінде жазушы, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, профессор, Зайсан ауданының құрметті азаматы, Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі, академик Совет-хан Ғаббасов 75 жасқа толып отыр.

«Адамшылық мектебімнің алғашқы ұстазы – Анашым еді!» – деген бір ауыз сөзге адам тірлігінің маңызын сыйдыра білген, айтулы ғалым Совет-Хан Ғаббасов өзінің барлық саналы ғұмырын ана мен ұрпақ тәрбиесіне арнап келеді. Ондағы ұрпақ тәрбиесі, адам тәрбиесі, қоғам тәрбиесі деп жеке-жеке алып жаңаша көзқараста қарап, тәрбиені дұрыстау керек қағидасын ұстана жүріп, еліне аянбай қызмет етіп келе жатқан академиктің өмірі – өз замандастарына да, одан кейінгі бірнеше буын ұрпақтарға да үлгі-өнеге болып келеді.

Жан-жақты талантты тұлға иесінің қайраткерлік қасиеті ғұлама ғалымдығымен, адал кіршіксіз тазалығы талмас еңбекқорлығымен, жауапкершілігі асыл адамгершілігі, қамқоршылық ұстаздығымен және жазушылық қасиетімен ерекшеленеді.

Халық махаббатына бөленген мерейтой иесі, Сізді, елеулі белес – 75 жасты бағындыруыңызбен құттықтаймыз! Тынымсыз еңбек пен тұрмыс тәрбиеніз, жеке басыңыздың кіршіксіздігі отбасыңыз үшін ғана емес, қанаттас жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз!

Бала-шағаңыздың, немерелеріңіз бен шөберелеріңіздің ортасында темірқазықтай қалпыңыздан таймай, өмірдің қызығына кенеліп жүре беріңіз! Той тойға ұлассын!

**Ізгі тілек білдірушілер:
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ қызметкерлері
және «Ұлттық тәрбие» журналының редакция алқасы**



ОӘЖ 92193:37.91

Т.С. Тебегенов

*филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ Ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр Академиясының академигі,
ҚР Жазушылар Одағының мүшесі,
Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі
Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі*

АДАМНЫҢ ЖАН ДІЛІ МЕН ТӘНІНІҢ САУЫҚТЫРУШЫСЫ

Бұл мақалада XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ Елінің тарихына сан қырлы шығармашылық болмысымен, азаматтық-қайраткерлік қызметімен зор үлес қосқандар қатарындағы жазушы және ғалым Совет-Хан Ғаббасов жайлы сыр шертіледі. Қазақ әдебиеті тарихына XX ғасырдың 70-жылдары өзінің оқырмандары ыстық ықыласпен қабылдаған көркем шығармаларымен қосылған танымал жазушы-ғалым жайлы жазылған.

Түйін сөздер: ғалым, жазушы, қайраткер, талантты тұлға, дәрігер.

В этой статье пишется о писателе и ученом Советхане Габбасове, который был в рядах вложивших огромный вклад в Историю Казахского народа во второй половине XX века своей разносторонней творческой натурой и гражданской деятельностью. Пишется о известном писателе-ученом, вошедшем в историю казахской литературы в 70г. XX века своими художественными произведениями, которые народ принял с огромным желанием.

Ключевые слова: ученый, писатель, деятель, талантливая личность, врач.

This article written about writer and scientist Sovetkhan Gabbasov who was one of the invested enormous contribution to the history of the Kazakh people in the second half of the XX century with his versatile and creative nature of civil activities. Written about famous writer-scientist, who was adopted by his the readers by piece of art and entered to the history of Kazakh literature in 70 years of XX century.

Keywords: scientist, writer, citizen, talented person, doctor.

Әлем өркениетінің тарихында адамның рухани жан ділі мен тәнін сауықтыру, емдеу жұмыстарын тұтастырған тұлғалар тағылымы ғасырлар бойы жалғасып келеді. Планетамыздың бес құрлығын мекендейтін халықтардың арғы-бергі тарихында жаратылыстану, қоғамдық-гуманитарлық, техникалық ғылымдар салаларында әлемдік өркениетке мол жаңалықтар қосқандар даралана

Әлем өркениеті тарихындағы жаратылыстану және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарды, сонымен бірге, әдеби шығармашылықты дамытқан Ислам әлемі ғұламаларының [1, 4-112] ұлағаты үздіксіз жалғасуда. Мысалы, дәрігер әрі философ, Бейбарыс сұлтанның жеке дәрігері Ибн Нәфис (1210-1288), дәрігер және тіл, әдебиет зерттеушісі, ақын Әбу Әли ибн Сина (980-1037), матема-



байқалады. Ежелгі сақ, ғұн, түркі өркениеті дәуірлерінен бастап, қазіргі заманымызға дейінгі жалғасқан осы үрдіс желісінде біз әуелі өзіміздің ата-бабаларымыздың ұлағатын назарға аламыз. Түркі халықтарының ежелгі заманғы ойшылдары Қорқыт атаның, Әбу-Насыр әл-Фарабидің, Қожа Ахмет Иассауидың, Ахмет Игүнекидің, Жүсіп Баласағұнның және кейінгі ғасырлардағы Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсаринның, хакім Абайдың, Ахмет Байтұрсынұлының, т.б. ондаған ойшыл ғұламаларымыздың өздерін қоршаған ортаның материалдық және рухани даму әлеуетін нығайтудағы қызметін айрықша бағалаймыз. Дара тұлғалардың қоғамдық-әлеуметтік, қайраткерлік және әдеби, ғылыми-шығармашылық қызметтері тұтастығымен тарих беттерінде есімдері мәңгілік жазылған тағылымын даралап айтамыз.

тик, астроном Әл-Хорезми (775-835), философ, математик, өнертанушы, әдебиеттанушы, ақын Әбу Насыр әл-Фараби (872-950), философ, астроном, географ, ақын, физик Әбу Райхан Бируни (973-1048) және т.б. оқымыстылардың ұрпақтар жан ділі мен тәнінің сауықтырушысы болған қызметтері қазіргі заманғы қазақтың жаңа тарихындағы тектес тұлғалар дәстүрімен біртұтас сипатымен бағалануда.

XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ Елінің тарихына сан қырлы шығармашылық болмысымен, азаматтық-қайраткерлік қызметімен зор үлес қосқандар қатарындағы жазушы және ғалым Совет-Хан Ғаббасовты да сөз арқауындағы алыптар дәстүрі желісінде бағалаймыз. Еңбек өтілі ғұмынамасының басталуында қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Зай-

сан ауданында дүниеге келгені, 1957 жылы онжылдықты бітіргесін екі жыл жылқышы болып еңбек еткені, бәлкім, халық тарихындағы осы айрықша адамның тағдырының серпінді баспалдақтарындай елестейді. Талантты тұлғаның өмір аспанында сұңқарша самғауына және тұлпарша алысқа шабатынына туған жер Сұңқар атауы мен алғашқы жылқышылық қызметіндегі тұлпарлар шабысы ықпал жасағандай әсер береді.

Сұңқар ауылынан қыранша самғаған, жылқышы болып жүріп тұлпарлар дүбірінен шабыт алып, алысқа шапқан Совет-Хан Ғаббасовтың шығармашылық еңбек жолы – Қазақ тарихының жарқын беттері. 1965 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетін бітіріп, одан кейін Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Қазақтың экспериментальдік және клиникалық ғылыми-зерттеу хирургиялық институтында ғылыми қызметкер болып (1971-1978 жж.) еңбек етті.

Медицина саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жемісті жүргізіп, «Қан жүрісі-жүрек тынысы» (1968ж.), «Дәрігер келгенге дейінгі көмек» (1973ж.), «Қатерлі ісіктің алдын алуға бола ма?» (1980ж.) кітаптарын жарыққа шығарды, осы сала бойынша диссертация қорғап, медицина ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін иеленді. «КСРО денсаулық сақтау үздігі» белгісімен марапатталды [2, 93-94].

Совет-Хан Ғаббасов – қазақ әдебиеті тарихына XX ғасырдың 70-жылдары өзінің оқырмандары ыстық ықыласпен қабылдаған көркем шығармаларымен қосылған танымал жазушы-ғалым.

Жазушының қаламынан туындаған әңгімелері, повестері, романдары қазақ әдебиетіндегі әлеуметтік-тұрмыстық және ғылыми-фантастикалық сарынды прозалық шығармалар жазу үрдісін байыта түсті, қаламгердің ғылыми және көркем ойлау сипаттарын тұтастырған күрделі шығармашылық талантын даралады.

Дәрігер адамның тәнін зерделеп қарап, сауықтыру үшін емдейді, денсаулықтың сенімді қорғаушысы қызметімен халықтың

ықыласына бөленеді. Ал жазушы адамдардың жан әлемін эстетикалық тағылыммен сауықтырады, көңілдерді байытады. Адамдардың фәни дүниедегі өмірін ұзартуға арналған аса жауапты қызметтегі дәрігердің көркемдік ойлау иесі қаламгер болуында да осындай табиғи сабақтастық бар екендігі ақиқат. XX ғасырдың 70 жылдарынан бастап дәрігерлігі мен жазушылығы тұтастана қажырлы еңбегімен халқымыздың ыстық ықыласына ие болып келеді. Жазушының қаламынан туындаған көркем шығармалары (әңгімелері, повестері, романдары) автордың ғылыми және әдеби көркемдік ойлау дүниетанымымен, романтикалық-реалистік сипатымен оқырмандарының көңілдерінен орын алып келеді.

Жазушы шығармаларының мазмұны мен пішіні жүйесінде адамдар арасындағы қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық қарым-қатынастардың өзекті мәселелерін қозғайды. Көркем әдебиеттің әңгіме, повесть, роман жанрларындағы шығармаларында өмір шындығы қозғалысындағы жеке адамдарға тән мінез-құлық психологиясының күрделі жағдайы көркем шындықпен жазылды. Жазушы өзі көрген өмір шындығы оқиғаларын сөз өнері поэтикасы тәсілдерімен бейнелеген.

Жазушының «Қандауыр» романы – қазіргі қазақ әдебиеті дамуындағы елеулі туындылардың бірі. Романның композициясы: «Пролог», Бірінші бөлім: Толғаныс. Эксперимент; Екінші бөлім: «Адам жаны сырсандық»; Үшінші бөлім: «Толассыз тартыс»; «Қудалау»; «Эпилог» сияқты құрылымнан тұрады.

Романның идеялық желісінде басты кейіпкер Айбардың медицина саласындағы ғылыми жаңалықтарын тәжірибеге енгізудегі қажырлы әрекеттерін оқимыз. Көркем шығармалардың поэтикалық заңдылығы – сюжет желісінің тартысты қайшылықты сипатта болуы. «Қандауыр» романындағы негізгі идеясы медицина саласындағы ұсақ пиғылды мансапқор пенделер мен дәрігерлік емдеу жұмысына жаңалық енгізгісі келетін қабілетті маман арасындағы тартыспен дәлелденген.

Романның бас кейіпкері Айбар Ахметұлының асқазан операциясын жасаудың жаңа әдіс-тәсілдерін жасау жолындағы тәжірибелік ізденістері, өзі тапқан жаңалығын қолданысқа енгізу жолындағы қажырлы іс-әрекеттері дәлелді. Онымен тілектес Мәлтіктің бейнесі де жаңалықтарды қолдаушы ізгі ниеттілердің көп екенін байқатады. Жаңалықтарымен көзге түскендердің жақсы істерін қызғанатын, күндейтін пасық ойлы, сырты бүтін, іші түтін қызғаншақ пенделердің көркем жинақталған бейнелерімен (Қарабек, Мардан) де дидарласамыз. Романның сюжеттік-композициялық желісіндегі өмір шындығы адам өмірін сақтаудағы дәрігерлердің аса жауапты қызметін оқырмандарға ұғындырады. Жазушы-дәрігердің «Көңіл құсы» атты романы «Қия жолдар», «Жалын жүрек», «Арман асуында» атты үш бөлімнен тұрады. Романның бас кейіпкері Асанның Алматыдағы медицина институтына оқуға түсуге екі рет келіп, үшіншісінде қабылданғаны, ата-анасына, ауылына деген махаббаты, институттағы оқу жылдарындағы ұстаздарының ықпалымен жаңа хирургиялық әдістерін іздестіре бастауы, оқу бітіріп еңбекке араласуы, асқазанға операция жасау әдісіне байланысты кандидаттық диссертация қорғауы, дәрігерлік қызметін ғылыми ізденістерімен ұштастырған жемісті жолы – бәрі де роман композициясының реалистік сипатымен ашылған. Жазушы қазіргі заманғы өркениет кеңістігіндегі қазақтың оқымысты жас мамандарының көркем бейнесін жинақтап көрсетуге тырысқан.

Талантты жазушы XX ғасырдың 70-90 – жылдары және қазіргі ХХІ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті дамуының шығармашылық кезеңдерінде әңгімелерімен, повестерімен, романдарымен сөз өнерінің эстетикалық тағылымын оқырмандарына таныта білді. Оның шығармалары қазақ прозасының ғылыми-техникалық прогресс дәуірі талаптарына сәйкес әсерлі сипатымен, халықтық дүниетаным негізіндегі мәнерімен, көркемдік-эстетикалық құндылығымен ерекшеленді. Мысалы: «Қыран қия: Әңгімелер»

(1971), «Ана жүрегі: Повестер» (1974), «Өскен ұя: Әңгімелер», (1976), «Серпер: Роман» (1979), «Порыв: Повести» (1982), «Нәзік сезім: Роман, повестер» (1985), «Кәусар: Ғылыми - фантастикалық роман» (1985), «Мейірім» повестер, әңгімелер (1989), «Воззрение: Повести, роман» (1993), «Қандауыр: Роман» (2006), т.б.

Жазушының прозалық шығармаларында көркем әдебиеттің классикалық көркемдік әдістері романтизм мен реализм тұтастығындағы сарындар шығармашылық шеберлікпен өріле қолданылады. Прозалық туындылардың мазмұн мен пішін жүйесіндегі поэтикалық заңдылықтар (тақырып пен идея, сюжет пен композиция, кейіпкерлерді даралау, мінездеу, стильдік-тілдік көркем кестелер, т.б.) көркем шындық жинақтауларымен жазылған. Тіршілік қозғалысындағы дара қасиеттерді, құбылыстарды көркемдік-эстетикалық дүниетаным көрігінде шыңдап, өмір шындығы мен суреткерлік қиял желілерін сабақтастыру – ойшыл қаламгерлердің шеберлік ұстанымы. Бұл орайда, жазушы Совет-Хан Ғаббасов шығармаларындағы романтикалық-күрескерлік қиял желілерінің ұлттық және жалпы-адамзаттық мәңгілік арман, үміт, сенім ұшқындары екендігі айқындалады. Бұл фольклордағы қиял-ғажайыптық, мифологиялық сарындардың шынайы өмірде жүзеге асқан жалғасындай сезіледі. Сонымен бірге, бұл сарындар дарынды жазушы Махамбет сыйлығының лауреаты Совет-Хан Ғаббасовтың жауынгер-батыр ақын Махамбет Өтемісұлы поэзиясындағы өршіл романтикалық рухты лирикалық қаһармандай шынайы болмысын көз алдымызға әкеледі:

1. **Мен – қарақұстан туған қалықпан,**
Сөйлер сөзге жалықпан [3, 50].
(«Еріскендей ер болса» өлеңінен)
2. Шамдансам, шалқамнан түсер **асаумын,**
Шамырқансам, шатынап сынар **болатпын** [3, 53].
(Осы аттас өлеңінен)
3. Белгілі туған ер едім,
Беліме садақ асынған,
Біріндеп жауды қашырған.
Мен келелі қара бұлтпын,

Келе жаумай ашылман.

Қарсыласқан дұшпанға

Найзағай менен жасынмын [3, 56].

(«Белгілі туған ер едім» өлеңінен)

4. Палуан жолбарыс секілді

Алысқанды алып ұрған білегім.

Қамалаған жаудан қайтпаған

Қайнаған қара болаттай

қарсы біткен жүрегім! [3, 56-б.]

(«Тілек» өлеңінен)

5. Мен – тауда ойнаған қарт марал

Табаным тасқа тиер деп

Сақсынып ұшқан қиядан

(Осы аттас өлеңінен) [3, 59]

6. Қылыштай қиғыр алмас ем,

Шарға шауып мұқалдым

Суаруы қанық көк сүңгі ем,

Сұғуын таппай тот алдым.

Жалаулы найза майрылып,

Жау тауымды шаққанын.

Дұшпан қайта қайрылып,

Туымды менің жыққанын

Енді қайтып ұмытармын?!

Алайда, бір шендесем,

Ауыр жүкке кездесем,

Кара нардай-ақ,

Сздауға қарсы жұлқармын! [3, 65].

(осы аттас өлеңінен)

7. Мен – ақсұңқардан туған құмаймын!

Бір сұңқарға жұбаймын

Сауырыма қамшы тигізіп

Шаппай неғып шыдайын?! [3, 75].

(осы аттас өлеңінен)

Демек, жазушы Совет-Хан Ғаббасов шығармашылығының негізгі қозғаушы күші – оның жаратылыс болмысына тән шабытты ойы, жаңалыққа құштарлығы, тіршілікті жақсылыққа толтыру жолындағы күрескерлік-қайраткерлік дүниетаным ұстанымы.

Жазушы-ғалым шығармашылығының тағы бір көрнекті саласы – педагогикалық-психологиялық зерттеулері.

Совет-Хан Ғаббасов – ұлттық тәлім-тәрбие негіздерін ғылыми тәжірибелік тұрғыда арнайы жаңаша зерделеген, нәтижесінде «Халықтық педагогика негізі» (1998) монографиясын, «Халық педагогикасы», «Ізгілік әліппесі» (1991) оқулықтарын жазған ғалым-ұстаз. Аталған

кітаптарында ғалым-ұстаз ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейінгі аралықта ұрпақтарға жалғасқан адамгершілік-имандылық тәлім-тәрбиесінің негіздерін ғылыми жүйелеген. Монографияның он тарауы адамзаттың, оның ішінде қазақ ұрпағының балбөбек кездегі отбасындағы, балабақшадағы, бастауыш сыныптардағы, орталау және орта мектеп сыныптарындағы тәрбиелеудің физиономиялық, этнопедагогикалық, этнопсихологиялық мәселелерін жүйелеп саралаған. Халық педагогикасының психо-физиологиялық жаңа көзқарастарын ұсынған ғалым адамдардың отбасын құруға дайындығы, ұрық тазалығы, этнографиялық салттарды ұстану, нәрестені емізу, бір-жеті жас аралығындағы балалардың әр жасына лайықты тәрбиелеу, ерлі зайыптылардың жыныс қатынасының психологиясының, адам тағдырындағы шынайы махаббаттың мәні, т.б. – саналуан ғылыми-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық мәселелерге кешенді түрде байыптаулар, бағалаулар жасаған.

Осы салада докторлық диссертация қорғап, бірнеше іргелі монографиялық зерттеулер жазып, жариялады. Ғалымның «Педагогика мен психология негіздері» (2008) атты оқу құралы – отандық көрнекті зерттеулер қатарын толықтырған маңызды еңбек. Республикамыздың жоғары оқу орындарында тұрақты қолданылып келе жатқан бұл кітабында ғалымның медицина мен педагогика, психология, тарих, мәдениеттану, әдебиеттану, фольклортану, этнография, философия ғылымдарының ғасырлар бойы қалыптасқан игі дәстүрлі ғылыми тұжырымдарын қазіргі заманғы инновациялық көзқарастар бойынша өзара сабақтастыра байыптағанын байқаймыз. Ғалым 10 тараудан тұратын бұл еңбегінде педагогикалық-психологиялық озат көзқарастар желілерін жүйелеу барысында қазақтың рухани құндылықтар тарихындағы әлем өркениеті кеңістігіне танымал танымал тұлғаларымыз Әбу Насыр Әл-Фарабидің, хакім Абайдың адамгершілік-имандылық туралы даналық тұжырымдарын ата-бабалық қасиетті салт-

дәстүрлерімізбен, әдет-ғұрыптарымызбен сабақтастыра байыптаған. Ғалым кітабының «Кіріспе» бөліміндегі «Замана сырлары» тарауындағы 1. «Ұлы дала», 2. «Сақтар дәуірі», 3. «Ғұндар дәуірі», 4. «Түркі қағанаты», 5. «Қарахан хандығы», 6. «Алтын Орда», 7. «Қазақ хандығы», бөлікшілері [4, 9-22] қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа тарихындағы барлық ғылымдар салаларына арналған зерттеулерге негіз – көрсеткіш боларлық тарихнамалық-методологиялық үлгі. Себебі, қазақ өркениеті әлем халықтары мәдениетінің қалыптасуына, дамуына негіз болған байырғы құндылықтар қазынасы.

Совет-Хан Ғаббасов – Тәуелсіз Қазақстан Республикасы мемлекетін нығайту жолында қарымды қаламын да, насихаттық-ұйымдастыру іс-шараларының да қалың ортасында болып келе жатқан нағыз ұлтжанды, отаншыл, қайраткер азамат. Жазған мақалаларында, жиындарда сөйлеген сөздерінде қазақ ұлтына зиянды сыбайлас жемқорлықты, трайбализмді (рулық-тайпалық жікшілдікті), еуроцентристік – шовенистік ұстанымдарды әшкерелеумен, айыптаумен келеді. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеде қолданылуын Қазақстан Республикасының қазақ ұлты негізіндегі қуатты унитарлық мемлекеттік тұғырын мәңгілік нығайтатынына сенеді. Бұл орайда, Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауындағы Қазақ Елі – Мәңгілік Ел ұстанымының нығайтыла дамытылуына ғалым-ұстаз, қайраткер ағамыздың белсене ат салысатындығы ақиқат.

Жазушы – фантаст, білікті дәрігер, медицина ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан

Республикасының Мәдениет қайраткері, Махамбет атындағы сыйлықтың лауреаты, Зайсан ауданының Құрметті Азаматы Совет-Хан Ғаббасов – Қазақ тарихының қазіргі заманғы әлем өркениеті кеңістігіндегі көрнекті қайраткер тұлғаларының бірегейі. Ғалым – ұстаздың әдеби, ғылыми шығармашылықты және қоғамдық – әлеуметтік қайраткерлік қызметін тұтастыра еңбек етіп келе жатқан жаңашыл ұстанымы ұрпақтарға өнеге: «Біздердің алға қойып отырған негізгі мақсатымыз – Фараби, Баласағұн, Дауани, Қарабағи, Науаи, Абай еңбектерін қайыра жандандырып, шынайы халық педагогикамыздың кезінде ғылыми жолмен дамытылған бастауларын ашудың да, келешекте берер жемісі мен мәнінің зор екенін көрсету еді. Осынау, түркі жұртынан шыққан данышпан негіздерін қалаған хауас, иманигүл, жәуан мәрттілік ілімдерінің құдіретін ғылыми негіздерде пайдаланудың адам тәрбиесіне берері мол демекпіз. Осы тектес жаңа ойлар мен көзқарастарды келешекте шешілер ұлы мақсаттардың қатарына қосамыз. Бұл шын мәнінде, жалпы адамзаттық мақсат екендігіне сеніміміз мол» [4, 428].

Қайраткер, ғалым-ұстаз, көрнекті жазушы Совет-Хан Ғаббасов – қазақ өркениетінің бұрынғы-соңғы тарихындағы өзіндей сан қырлы қабілет-дарындарымен дараланған тұлғалар шоғырын толықтырған ұлттық мақтаныштарымыздың бірегейі. Ғылыми және әдеби көркем ойлау арналарын тұтастырған көрнекті тұлғаның ұлағаты – ұрпақтарға өнеге. Қазіргі Қазақ Елінің әлем өркениеті кеңістігіндегі еңселенуі де осындай дара тұлғаларымыздың ерен еңбектері арқылы жүзеге асатыны анық. Лайым, елдің еңсесін биіктететін абыз ұстаз Совет-Хан Ғаббасов ағамыз Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихында ұзақ өмір сүріп, жаңа буын ұрпақтар көшін алға қарай бастай бергей!

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ислам ғұламалары. /Аудар. С.Ибадуллаев. – Алматы: Ғибрат, 2008. -120 б.
- 2 Қазақстан жазушылары: XX ғасыр: Анықтамалық. – Алматы: Ана тілі ЖШС, 2004.-392 б.

- 3 Махамбет. Жыр – жебе. – Алматы: Дайк – Пресс, 2003.-150 б.
- 4 Ғаббасов С. Педагогика мен психология негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Таймас, 2008. -448 б.

ӘОЖ 37.0

Қ. Бөлеев

*Педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Тараз мемлекеттік педагогикалық институты*

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Мақалада ғалым-педагогтардың қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлердің зерттелу жайы, олардың еңбектеріне мазмұндық талдау жасалып анықталған.

Түйін сөздер: педагогикалық ой-пікірлер, қазақ тәлім-тәрбиесі, хандық дәуірдегі педагогикалық ой-пікірлер, ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер, отансүйгіштік тәрбие.

В статье определены педагогические идеи в период казахского ханства на основе содержательного анализа трудов ученых-педагогов Казахстана.

Ключевые слова: педагогические идеи, казахское народное воспитание, педагогические идеи в период казахского ханства, педагогические идеи в поэзии акын-жырау, патриотическое воспитание.

In the article defined pedagogical ideas are certain in the period of the Kazakh khanate based on content analysis of labours of scientists-teachers of Kazakhstan.

Keywords: pedagogical ideas, Kazakh folk education, pedagogical ideas in the period of the Kazakh khanate, pedagogical ideas in the poetries of акын-ghyrau, patriotic education.

Қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлердің зерттелуі ХХ ғасырдың 70-ші жылдарынан бастау алады. Сол кезеңде Қ.Жарықбаевтың «Из истории развития педагогической мысли в дореволюционном Казахстане» атты әдістемелік нұсқауы және «Аталар сөзі – ақылдың көзі» атты монографиясы, С.Қалиевтің «ХV-XIX ғасырлар акын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер» атты көмекші құралы, ал Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің авторлығымен «Қазақ тәлім-тәрбиесі» деген атпен оқу құралы жарық көрді.

Қ.Жарықбаевтың болашақ мұғалімдерге арналған «Из истории развития педа-

гогической мысли в дореволюционном Казахстане» атты әдістемелік құралын 1978 жылы шығарды [1]. Кітапшаның екінші және үшінші параграфтарында «ХV–ХІХ ғасырлар акын-жырауларының шығармаларындағы психологиялық-педагогикалық идеялар» тақырыбына әдістемелік ұсыныстар жасалынған. Онда хандық дәуірде өмір сүрген акын-жырауларының тәлім-тәрбиелік идеялары олардың поэтикалық шығармаларынан үзінділер келтіру арқылы нақты мысалдармен талданып берілген.

Қ.Жарықбаевтың «Аталар сөзі – ақылдың көзі» атты монографиясының екінші бөлімде ХV ғасырда қоғам дамуына түбегейлі,

жаңа бетбұрыс жасаған XIX ғасырдың ортасына дейінгі үлкен аралықтың есепсіз мол, тәлім-тәрбиелік мұраның жекелеген беттері талдауға алынады [2]. Дәлірек айтсақ – осы бөлімнің алғашқы тарауында XV-XVII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың (Асан Қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет) өр рухты, жауынгерлік пафосқа толы толғауларынан туындайтын көшпенді ата-бабаларымыздың өзіндік психологиясы, тәлімдік мәні зор дана сөздері жайлы сыр шертіледі. Бөлімнің келесі тарауларында XVIII ғасырдағы қазақтың қоғамдық өмірінің өкілдері Ақтамберді, Шал, Бұқар жырау шығармашылықтарында көтеріліп отырған көзқарастарға сол кезең тұрғысынан баға беріліп, бұлардың қай-қайсысының да қазіргі заман талабымен үндес жақтары жұртшылық назарына ұсынылады.

С.Қалиевтің «XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер» атты көмекші оқу құралында XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулар поэзиясындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер көріністерін жан-жақты қарастыра отырып, оның озық үлгілерін бүгінгі ұрпақты абзал азамат етіп тәрбиелеуге пайдалану жолдарын сөз етеді [3].

Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің авторлығымен **«Қазақ тәлім-тәрбиесі»** деген атпен оқу құралының екінші тарауы «XIV-XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ақын-жыраулардың тәлімі» деп аталып, онда хандық дәуірде өмір сүрген Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар, Шал ақын – жыраулардың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері қарастырылған [4].

Т.Әлсатовтың «Орта ғасырдағы қазақ ғұламаларының тәлім-тәрбиелік идеялары (XV-XVI ғғ.)» атты оқу құралы толықтырылып, «Қазақ хандығы тұсындағы тәлімдік ойлардың дамуы» деген атаумен монография болып шықты [5]. Оны кіріспеден, төрт тараудан және қорытындыдан тұратын, бір дәуірдің педагогикалық ой-пікірін қамтитын сүбелі еңбек деуге болады. Бірінші тарауы «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ елі-

нің саяси-экономикалық мәдени-рухани жағдаяттары» деп аталып, онда елдің әлеуметтік-экономикалық жағдаяттары жайлы қысқаша мағлұмат, осы кезеңдердегі елдің рухани дамуы, «Кейінгі ортағасырлық қазақ ойшылдарының тәлім-тәрбиелік және психологиялық көзқарастары (XV-XVIII ғғ.)» атты екінші тарауында Ө.Тілеуқабылұлы, М.Х.Дулати және Қ.Қ.Жалайырдың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері, үшінші «Жыраулардың тәлім-тәрбиелік тағылымдары» атты тарауында жыраулардың философиялық көзқарастары туралы бірер сөз, Асан Қайғы жырау мен Бұқар жыраудың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері, ал төртінші «Қазақ билерінің тәлім-тәрбиелік көзқарастары» атты тарауында Төле би, Қазыбек би және Әйтеке бидің тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері анықталған.

Р.Б.Молдақасовтың «Қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлер» атты оқу құралында қазақ хандардың, ғұламалардың, ақын-жыраулардың тәрбие туралы ой-пікірлері, билердің сөз орамдарындағы тәрбиелік тағылымдар, студенттерге ұсынылатын тапсырмалар мен кейбір дерекнамалар берілген [6].

А.К.Игибаева мен Н.Б.Игисинованың «Из истории педагогической мысли и образования в Казахстане» атты әдістемелік нұсқауында Қазақстанда XV-XVII ғасырлардағы қазақ жырауларының шығармаларындағы білім беру мен тәрбиенің проблемалары баяндалған [7].

С.Иманбаеваның «Ұлттық патриотизм негіздері» оқу құралында XVIII ғасырдағы ұлттық ерлік мұралары болып саналатын Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Қанкелді, Еспенбет, Қасабай, Гауһар, Жәнібек, Қойкелді, Райымбек, Олжабай, Байғозы, Көкжал, Баян, Жантай, Өтеген, Жауғаш қазақ батырларының ерліктері арқылы жас ұрпақ бойында елге, жерге, Отанға деген ұлтжанды азамат тәрбиелеу көзделген [8].

Р.А.Джанабаеваның «Халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің негіздері» атты оқу құралының «Патриоттық-ерлік тәрбиесінің теориялық-әдіс-

намалық негіздері» атты бірінші бөлімінде Асанқайғы, Ақтамберді, Бұқар жыры-жырауларының патриоттық тәрбие туралы педагогикалық ой-пікірлері олардың жыр-ларына талдау жасалып, мазмұндалған [9].

А.Қ.Дүйсенбаевтың «Ерлік дәстүрлері арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық негіздері» оқу құралында орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде хандық дәуірдегі қазақ батырлардың ерлік дәстүрлері арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттері тәрбиесін қалыптастыруды негіздеген [10].

Бірінші бөлім «Оқушыларды қазақ батырларының ерлік дәстүрі арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық негіздері» деп аталып, онда «патриоттық тәрбие» ұғымының даму генезисі – оқушылардың отансүйгіштік тәрбиесін жетілдірудің тарихи-педагогикалық кезеңдері екендігі, қазақ этнопедагогикасындағы ерлік дәстүрінің педагогикалық негіздері, қазақтың көркем әдебиеті мен тарихында сомдалған батырлардың ерлік өнегесі оқу-тәрбие үрдісіндегі тәрбие құралы ретінде екендігі және қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру үрдісінің теориялық моделі жасалынған.

Екінші «Қазақ батырларының ерлік дәстүрі арқылы оқушылардың отансүйгіштік тәрбиесін қалыптастырудағы әдістемелік жұмыстар» атты тарауда оқу үрдісінде қазақ батырларының ерлік дәстүрлері арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырудың педагогикалық құралы ретінде және мектептің тәрбие үрдісінде қазақ батырларының ерлік дәстүрі арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Г.И.Чемоданованың «Воспитание, школа и педагогическая мысль в истории Казахстана» атты оқу құралының екінші тарауы «Қазақстанда XV ғасыр - XIX ғасырдың бірінші жартысындағы педагогикалық ой-пікір» деп аталып, онда қазақ жыраулары (Асақайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Бұхар) поэзиясының тәрбиелік-қолданбалы және саяси-эстетикалық маңызы, қазақ халқының ағарту саласындағы патшалық Ресейдің саясаты сипатталған [11].

Б.Иманбекованың «Қазақстандағы педагогикалық ойлар мен білім беру тарихы» оқу құралының үшінші тарауы «XIV-XVIII ғасырлардағы қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ойлар» деп аталып, онда көрсетілген кезеңдегі ақын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлердің дамуы баяндалған [12].

М.С.Елубаеваның «Қазақ ақын-жырауларының тәлім-тәрбиелік мұралары» оқу құралында XV-XVIII ғғ. өмір сүрген ел өміріндегі күрделі тарихи оқиғаларға үн қосып, өз заманының көкейкесті мәселелерін суреттеп, үнемі халық жанынан табылып, ел болашағы үшін замана салмағын өз жырларына арқау еткен ақын-жыраулар поэзиясындағы тәлім-тәрбие көріністеріне, оның ұлттық тұлға тәрбиелеудегі орнына тоқталған [13].

Сонымен, қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлер біршама зерттеліп, нәтижесі монография, оқу құралы, оқу-әдістемелік құрал және әдістемелік нұсқаулар болып жарық көргені анықталды. Бұл еңбектер қазақ педагогикасының дамуын көрсетумен қатар, оларды болашақ мұғалімдерді дайындауда оқытылатын «Педагогика тарихы» және «Қазақстандағы педагогика ғылымы» атты пәндерде кеңінен пайдаланып, студенттердің патриоттық сезімін оятып, оларға ұлттық тәрбие берудің құрамдас бөлігі отансүйгіштікке тәрбиелеуге ықпал етері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жарықбаев К. Из истории развития педагогической мысли в дореволюционном Казахстане. Монография. – Алматы: РУМК, 1978. - 82 с.
- 2 Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. Монография. – Алматы: Қазақстан, 1980.

- 120 б.

3 Қалиев С. XV-XIX ғасырлар ақын-жырауларының поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Рауан, 1990. - 88 б.

4 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. - 352 б.

5 Әлсатов Т.М. Орта ғасырдағы қазақ ғұламаларының тәлім-тәрбиелік идеялары (XV-XVI ғғ.). Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 75 б.

6 Молдақасов Р. Қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлер. Оқу құралы. – Тараз: ТарМУ, 2000. – 84 б.

7 Игибаева А.К., Игисинова Н.Б. Из истории педагогической мысли и образования в Казахстане. Методические указания. – Усть-Каменогорск: ВКТУ, 2003. - 45 с.

8 Иманбаева С. Ұлттық патриотизм негіздері. Оқу құралы. – Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2004. - 205 б.

9 Джанабаева Р.А. Халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2010. - 263 бет.

10 Дүйсенбаев А.Қ. Ерлік дәстүрлері арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық негіздері. Оқу құралы. – Ақтөбе, 2008. - 155 б.

11 Чемоданова Г.И. Воспитание, школа и педагогическая мысль в истории Казахстана. Учебное пособие. – Петропавловск, СКГУ им.М.Козыбаева, 2009. - 83 с.

12 Иманбекова Б. Қазақстандағы педагогикалық ойлар мен білім беру тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. - 158 б.

13 Елубаева М.С. Қазақ ақын-жырауларының тәлім-тәрбиелік мұралары (XV-XVIII ғғ.). Оқу құралы. – Тараз: ТарМПИ, 2011. - 82 б.



ОӘЖ 37.018.1

Ә. Табылды

ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор.

ҰЛТТЫҚ ӘДЕП ДӘСТҮРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Бұл мақалада ұлттық әдеп дәстүрінің тәрбиелік мәні кеңінен ашылған. Ата-бабаларымыздың өмір тәжірибелерінен, халықтық әдет-ғұрып болып қалыптасқан дәстүрлерінен үлгі-нұсқаларды өне бойы өнеге ету, ұрпақтарына үйретіп, тілек тілеп, жастарды жақсы жолға бастау керектігі жазылған.

Түйін сөздер: *Ұлттық тәрбие, әдеп, ұлттық дүние-таным, ата-дәстүр, өнер.*

В данной статье широко раскрыта тема роль этики в национальном воспитание. А также истоки возрождения культуры в осознании народных традиций и народной этики, в соблюдении общечеловеческих ценностей, в возрождении чувства собственного достоинства, ведь у всех народов почиталось уважительность и честность, порядочность и тактичность, соблюдение норм поведения и общения.

Ключевые слова: *Национальное воспитание, этика, национальные мировоззрение, обычай, искусство.*

In this article is wide open topic of ethics in national education. And the origins of cultural revival in the awareness of folk traditions and folk ethics, compliance with universal human values, in the revival of self-esteem, because all peoples revered respectfulness and honesty, integrity and tact, compliance behavior and communication.

Keywords: *National education, ethics, national worldview, custom, art.*

Әрбір адамның әдептілігі оның сөзінен, көзінен, өзінен байқалады. Яғни иманжүзді, әдепті адам күндей күлімдеп, жарық дүниедей жадырап сөйлейді, сөзі де, ақылы да, өзі арқылы тыңдаушының есту сезімін сүйсіндіріп, көңіліне нәр шашады, әдемі әсер беріп, әңгімеге тартады.

Халық әдебі (ұлттық әдеп) «Сіз» деген сөзден басталады. Бұл сөз – сыйласымды, құрметтеуді, ардақтауды білдіретін қасиетті сөз. Жеке адамның іс-қимылына тәуелденіп айтылғанда, бұл сөз «ыңыз», «іңіз» қосымшалары арқылы сыпайылық мәнін арттырады. Мысалы, дастарқан мәзірінде «астан алыңыз», құрметтеу ниетін айтқанда «төрге шығыңыз», т.т. Қазақ халқында өзінен біраз жас үлкен болсын, кіші болсын, бейтаныс адамға «Сіз» деп сөйлеу салтқа айналған.

Өмірінде қателеспейтін адам жоқ, аңғалдық жасап, байқамай қалатын кемшіліктер әркімде бар. Мұндай кемшіліктер екінші бір

адамның көңіліне қаяу салып, кейітуі мүмкін, жеке адамның әдептен озып, опықтануы басқаға да әсерін тигізеді. Осындай жағдайда «кешіріңіз», «ғапу етіңіз» деген сөздерді айттып, өз кемшілігін мойындаған адам әдептілік көрсетеді. Ол әдепті сөздерге «окасы жоқ» деп, жауап беру де әдептілік болып табылады.

Әдептілікті білдіретін, мәдениеттілікті көрсететін сөздер – құрметтеу, ардақтау, бағалау сөздер: «Аса құрметті атамыз, біз, Сізден тараған ұрпақтарыңыз Сіздің тоқсан жылдық торқалы тойыңызды зор құрметпен тойлағалы отырмыз!», «Ардақты анамыз, аялап өсірген балаларыңыз сіздің ақ сүтіңізді ақтау үшін, өзіңізге өмір бақи ризашылықпен қызмет етеді!». Міне, осындай ардақтау, құрметтеу сөздерден соң аға-ана, үлкен адамдар жақсы тілекті бағасын береді. Бата – мәнді, оның түрі көп.

Әдептілікті көрсететін сөздерге теңеу, балау сөздер де жатады. Ағасы інісіне, не қарындасына «жаным», «күнім», «айым»,

«алтыным» десе, әкесі, не шешесі, ағасы жас балаға «ботам», «құлыным» дейді, бала атасына «аташым», апасына «апатайым», ағасына «ағатайым» деп сөйлейді. Сол сияқты «көке», «апа», «әпкетайым» деген сөздер де сыйласымды, әдептілікті білдіреді. Егер бір інінің бірнеше ағасы болса, «Ардақ көке», «Ғалым көке», «Бақберген көке», «Бақытжан көке» деп, әрқайсысының атын айтумен қатар, «көке» деген сөзді қатар қойып, көкелерінің атын құрметпен атайды.

Басқа адамнан көрген қызмет пен жақсылық үшін «рахмет» айту да әдептілікке жатады. Бұл сөзге «денсаулығыңызға бұйырсын», «көңіліңіз қош болсын», т.б. жауап айтылады. Жақсылыққа жақсы сөз айтып, ризашылық білдірмеу әдепсіздік болады.

Үлкен адамға қызмет ету үшін немесе оның тарапына қарай бір іс-әрекет жасау үшін, «рұқсат етіңіз», «мүмкін бе?», «мархабат етіңіз», «мүмкін болса», «ренжімесеңіз» деген сияқты уәж сөздер айту әрі мәдениеттілікті, әрі әдептілікті көрсетеді. Үлкен адамның алдында дөрекі қимыл жасап, сөкет сөздер айту әдептілік емес. Әдепсіздік деген сөздің бір баламасы «ақымақтық», екінші бір баламасы «нақұрыстық». Әдепсіз адам – бақытсыз. Ол өз бақытын өзі тебеді, өзіне-өзі бақытты өмір жасай алмайды.

Кіші адамның үлкен адамға тіл алғыштығы, яғни «мақұл», «құп болады», «қалауыңыз білсін» деген сөздері – әдептіліктің белгісі. Әдепсіз бала «мақұл» деудің орнына, «сыныққа сылтау» айтып, дөрекіленіп, тілазарлыққа, мізбақпастыққа салынады. Ол әдет өмірге зиян, адамдыққа кесел, тұрмысқа қырсық.

Әдепті сөздерге неше алуан жанашыр сөздер мен аяныш сөздер де жатады. Ондай сөздерді әдепті адам шын ниетімен адал жүрегінен айтып, басқаға әсерлендіре жеткізуі қажет.

Әдепті сөздер – ақылдан шыққан аялы сөздер. Әдепке үйреніп, әдепті сөздерді айтуға жаттыққан адам – мәдениетті болады.

Қазақ халқының сыйласым дәстүрлері және тәрбие. Отан отбасынан басталады» дейді халық. Отбасының екі тірегі – әлпештеген әке мен аялаған ана. Әке-ше-

ше арқылы өрбіген тұқымның туыстық-адамгершілік қатынастары жүйеленіп, әлеуметтік, қоғамдық құрылысқа байланысты қалыптасқан.

Әрбір отбасында әкеге байланысты: баба, кейуана, ата, әже, әке, аға, әпке, іні, қарындас; ал шешеге байланысты: түп нағашы, нағашы ата, нағашы әже, нағашы аға, нағашы әпке, нағашы іні, нағашы қарындас деген туыстық ұғымдар бар.

Отбасындағы туыстық қатынастар әкенің жақындығына байланысты қалыптасқан. Отбасындағы әрбір адамның туыстық қатынасқа байланысты міндеттері, парыздары, борыштары бар. **Міндет** – күнделікті іс-әрекет арқылы имандылық пен қайырымдылық рәсімдерін орындау әрекетін іске асыру жолы. **Парыз** – міндетті іске асырудың қалыптасқан рәсімдері. Борыш – ата-анаға, үлкен адамдарға қызмет етіп, әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін өтеу үшін жүргізілетін салтқа айналған қайырым іс-әрекеттер және ол – «қарыз» деген сөздің де баламасы. Яғни бала өзін әлпештеп өсірген ата-ана алдында олардың жан аямай жасаған еңбектерін өтеуге қарыздар. Егер ол нағыз адам болса, ең әуелі ата-ана алдындағы **борышын** өтеуді өмір жолына мақсат етіп қойып, сол мақсаттарды орындауға жан-тәнімен әрекет жасап, еңбек етеді.

Отбасының қос шынары – ала таудай атасы және аналардың анасы – **әже**. **Ата** – береке, мейірім, өнеге даналықтың қайнар көзі, ата салтын алға апарушыларға үлгі беретін, қасиетті ісімен сый-құрметке бөленген қадірлі қария. Атаны сыйлау – ата-бабаны, елді сыйлау, ал әжені құрметтеу өмірді құрметтеу болып табылады.

Әкенің негізгі мақсаты – баланы өмірге баулу, тәлім беріп тәрбиелеу. «Мен балам үшін өмір сүремін» дейді әзіз әке. Әкенің үлгі-өнегесі, ақылы, нұсқауы, талап етуі – бала үшін бұлжытпай орындайтын заң іспетті.

Ақ сүт берген ана баласы үшін жанын да аямайды. Қазақта «әкемді алсаң, ал, құдай, шешемді қой, шекпен тоқып берсе де, өлмеймін ғой» деген мақал бар. «Түн ұйқысын

төрт бөліп, суық бесік таянған, түнде шошып оянған» ананың ақ мейірімі, оның қызметі, ересен еңбегі бағаланбаса, ол – қорлық. Бірақ ана бәрін де кешіреді, аналық міндеттерін айнытпай орындай береді. «Әпке» деген сөз «апа» деген түбірге «еке» деген сыйласым қосымшаның жалғануымен қалыптасқан. Әпке – екінші ана. Ол – әрі анаға көмекші, әрі өзінен кіші ұрпақты тәрбиелеуші. «Ағасы бардың жағасы бар» дейді халық. Аға – әкеден кейінгі отбасының иесі. Ол – әрі әкеге көмекші, әрі отбасындағы барлық тірлікті басқарушы, тәрбиеші, тәлімгер. Аға ініге, қарындасқа үлгі-өнеге көрсетіп, оларға қамқоршы болуға міндетті.

«Інісі бардың тынысы бар» деп, халық інінің ағаға көмек көрсетіп, оған сүйеніш болатынын уағыздайды. «Аға – бордан, іні – зордан» деген мақал ағаның кешірімділігін іні пайдалана бермей, іні одан да зор болып, яғни асып түсуге тиіс деген ұғымды білдіреді. Іні ағаны ардақтап, ақылына тәнті болып, кеңесіп отыруға міндетті. Інісі мен қарындасы ағасын әкесіндей сыйлау керек.

Қазақта «Қарындасын сыйламағанның қары сынсын» деген қатаң мақал бар. Ұлттық дәстүр бойынша қыз баланы, әсіресе, ең кіші қызды әлпештеп аялау – әрбір жақынның жандай міндеті. Қыз баланы сыйлай білу, оның көңіліне қаяу салмау, бар жақсылықты әуелі қызға жасау – ұлттық дәстүрдің салтқа айналған үрдісі. Ал қарындас ағасына қызмет етуді, әпкесіне көмек көрсетуді өзінің негізгі міндетім деп, инабаттылық қарым-қатынаста болуы керек.

Отбасында ағасының жұбайы – жеңгесі болса, ол да ананың міндетін атқарады. «Жеңге» деген – қастерлі де сыйлы ұғым. «Жеңгесі бардың, теңгесі бар», «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» дейді халық. Жеңгені анадай сыйлау қажет.

«Бір үйде қанша болсаң, бір-біріңе меймансын», «Бір-біріңді жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деп, халық отбасындағы сыйласымды жоғары бағалайды. Әке, жәке, көке, ата, әже, апа, апатайым, ағатайым, айым, күнім, панам, алтыным, т.б. Ізетті сөз-

дермен сыйласым рәсімдерін іске асырып отыру – отбасындағы әрбір адамның парызы. ***Отбасындағы сыйласым – қуаныш, бақыт, қызықты өмір!***

Ата тегін ардақтау дәстүрінің тәрбиелік мәні. Қазақта «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген мақал бар. «Жылқы жеті тегіне тартып туады» деп, халық адамның да арғы тегіне тартып туатынын айқындап, «Біреу әкеге тартып туады, біреу әкеден артып туады» дейді де, ұрпағының мейлінше «артып туғанын» тілейді.

Жеті атаға дейін жақсы білудің әдептілікке әсері мол, яғни шөпшек бабасына дейінгі туыстық тегін жақсы біліп, халықтық салт-сана бойынша, туыстық қатынаста қалыптасқан парыздарын орындап, борыштарын өтеуге міндетті.

Ата текті білуде туыстық, жақындыққа байланысты: баба, ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, туажат, жүрежат деген ұғымдар бар. Атаның баба алдындағы зор міндеттері баланың, немеренің, шөберенің, туажаттың, жүрежаттың алдында жалғасады, ол әдептік қарым-қатынас ру, ел, ұлт, ұлтаралық, бүкіладамзаттық мәнде дами қалыптасып, адамгершілік парыздарды өтеуге міндеттейді. Адам баласының адамгершілік қарым-қатынасындағы атаға, руға, ұлтқа бөліп, адамдық асыл сезімдерге жол бермей, күн-дестік, бақталастық, дүние таластықты тудыруға, әдепті бұзып, адамгершілікке қиянат көрсетіп, қылмыс жасау текті сыйламаудан, адамдық қасиеттерді қастерлемеуден туындайды. Тегіміз – адам. Біз адамдық қасиетке иеміз.

«У ішсең руыңмен» дегенде, халық тек руыңды сыйла деп тұрған жоқ, әуелі руыңнан бөлектеніп кетпей, сыйласымды отбасыңнан, жақыныңнан баста деп, отан сүйгіштікке шақырып, отанды сүю отбасынан басталатынын уағыздап тұр. «Өзіңді өзін жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» деп, халық сыйласымның бастауын айқын көрсетеді.

Абай атамыз: «Атаның ғана баласы болма, адамның баласы бол» деп, адамгершілік қарым-қатынас атаға бөлуге байланысты болмау керектігін басып айтқан болатын. Әкеңді

сыйласаң, атанды құрметтей білесің, бабанды қастерлеп, бабаның өнегесін орындайсың да, еліңе елеулі, халқыңа қалаулы, бүкіл адам баласына лайықты әрекеті мен әдептілігі бар жан екендігіңді танытасың.

«Қандасына бармағанның қары сынсын» деп, халық жан бауырына әділетті, адал болып, оған жақындық көрсетпегенді қатаң қарғайды. Өйткені бүкіл адам баласын сыйлау ең әуелі отбасын, аталасты, руласты, ұлтты сыйлаудан басталмақ. Руыңды сыйла, бірақ басқа руға қарсы болу – қылмыс, онымен де жақындас, ұлтыңды ардақта, бүкіл адам баласын құрметтей біл. Міне, біздің халқымыздың имандылық дәстүрлерінің түпкі мақсаты – осы. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп, халық жас ұрпақты бірлікке шақырады. «Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсін» деп, аталарымыз «бөлінуді бәрінен де жек көріп, қатты қарғайды. Өйткені адамгершілік асыл қатынастарды іріту, бірлікті бұзу – ең ауыр қылмыс, ондай қылмыс бүкіл адамзаттық асыл қасиеттерге кесірін тигізеді.

Текті білу дәстүрі ата текке байланысты туыстық қатынастарды әдептілікпен, имандылықпен орындай отырып, одан әрі дамытып, жекжат-жұрағаттармен, отандастармен, жалпы адам баласымен халық қалыптастырған адамгершілік қатынастардың болуын уағыздайды.

Бата беру, өсиет айту дәстүрлерінің тәрбиелік мәні. Ата-бабаларымыз болашақ ұрпақтарының адал жанды, әдепті, иманды, батыл да батыр, инабатты, ізетті болып өсуі үшін, өсиет айтуды, өнеге көрсетуді, бата беруді, тілек айтуды әлеуметтік әдепке, ата-бабалық дәстүрге айналдырған. Ата дәстүрін ардақтау – қазақ халқының ұлттық ұжданы. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, халқымыз атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеген. «Ат таяғын тай басар» деп, кейінгі ұрпақтың ата салтын бұзбауын талап еткен. Осының арқасында әуелі отбасылық, содан кейін әулеттік, ұлттық тағылымдар ата дәс-

түріне айналып, ұрпақтардың санасына сіңіп, әдет-ғұрыпқа, салт-санаға айналған.

Данышпан ата-бабаларымыз кейінгі ұрпаққа өркениетті өсиет айтып, өнеге-нұсқа қалдырған. «Ынтымақ болмай, іс оңбас» деп, бірлікке шақырған. «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, кісі болмас баланың кісіменен несі бар» деп, кісілікті үйренуді өсиет еткен. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деп, білім алуды уағыздаған. «Еңбектің түбі – зейнет», «Жасында бейнет көрсең, қартайғанда зейнет көресің» деп, өмір заңдылықтарын өсиет тұтқан.

Халық: «Қария, қарияның ақыл-ойы дария», «Қарты бардың ескіден қалған хаты бар» деп, ата-бабаның айтқан сөзін ардақтай тыңдап, ерекше құрметпен есте қалдыруды әдетке, әдепке, дәстүрге айналдырған. Қарттарды қадірлеп, оларға сәлем беру, қариялармен ақылдасу, қарт кісіні төрге шығару, қарт адамдарға сыбаға сақтап, сыйлық әзірлеу, сый-сыяпат көрсетіп, олардың батасын алу, қарт адамға қамқоршы болу – салтқа айналған дәстүрлер.

Ата-бабаларымыз өмір тәжірибелерінен, халықтық әдет-ғұрып болып қалыптасқан дәстүрлерінен үлгі-нұсқаларды өне бойы өнеге етіп, ұрпақтарына үйретіп отырған, тілек тілеп, жастарды жақсы жолға бастаған. Бата – адам баласына тек жақсылық тілеу, халық тарихында ертеден қалыптасқан дәстүр. Кейіннен тілек айту, сол тілекке жету «құдіретке байланысты» деген сеніммен батаның нұсқалары қалыптасты. «Үйің құтты болсын», «Сапарың оң болсын», «Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз» деген тілектер – қысқа да нұсқа баталық сөздер. Бата қарт адамның ризалық сезімін, өсиетті ой-тұжырымдарын, жақсы тілектерін білдіреді: «Еліңнің елеулісі, халқыңның қалаулысы бол», «Шырағың сөнбесін», «Отбасыңнан бақыт кетпесін», «Арманыңның асуына жет», «Берекелі тірлік, мерекелі бірлік берсін», деп, бата беруші жастарды халқын сүюге, бірлікке, тірлікке тәрбиелейді. Бата алу, бата сұрау, бата қылудың өз рәсімдері бар. Алдына көп мақсат қойып, қариядан бата алу

үшін, бата алушы бата берушіге сый-сыяпат көрсетеді. Ас қайыру кезінде, біткен ас соңында қариялардан бата сұрайды. «Жауынменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» деп, халық батаны «киелі сөз» деп, жоғары бағалайды, жастар жаттап, жадында сақтайды. Киелі сөз – батаның орындалуы үшін бата алушы арман-мақсаттарының биігіне шырқайды, яғни арманға жету үшін, тірлік-тіршілік жасауға машықтанады.

Арттағы ұрпағына сөзімен де, ісімен де, ақылымен де, парасатымен де үлгі-өнегесін қалдырған ата-бабаларымыздың аруағын ардақтап, мұрасын мақтан тұтамыз!

«Ата сөзі – бата сөз» деп, ата-бабамыздың нақыл сөздері мен ақыл сөздерін – өрнекті өсиеттерін қастерлей қабылдап, жадымызда сақтаймыз. Елге бірлік, тыныштық тілеп, халқының қадірлі қасиетті болуын армандаған данышпан ата-бабаларымыздың жолын қуып, жоралғысын жасау – біз үшін міндет, парыз, ұрпақтық борыш. Бұл қасиет ұлттық әдептілік деп аталады. Ата-баба дәстүрлері ұлттық мәдениеттің бір негізі болып табылады.

Төрт құдіретті әулие тұту дәстүрінің тәрбиелік мәні. Бүкіләлемдік тіршіліктің құдіретті төрт негізі бар. Олар: Күн-ана, Жер-ана, ауа мен су. Адамзат күнделікті тіршілігінде осы төрт құдіретке сүйенеді. Егер осы төрт негіздің біреуі болмаса, тіршілік тоқтайды. Сондықтан адамзат Күнді, Жерді анадай ардақтайды, жер мен судың әулиелігін қастерлеп, әрекет жасап, қызығын көреді.

Күн – барлық тіршіліктің құдіретті тірегі. Ертеде адамзат Күнді жаратқанның жаратушысы деп табынып, сиынып, барлық тіршілікте Күннің құдіретіне сүйенген. Шын мәнінде мынау жарық дүниенің өзі күннің сәулесі мен жылылығынан қуат алып тұр. Сондықтан да халқымыз Күн тұрған аспан әлемін қасиеттеп, «аспанға қарап түкірме», «аспанға тас лақтырма» деп, ырым-тыйым жасайды. Күннің нұры – сәулесі, құдіретті күші – от. Әлемдегі барлық тіршілік оттың күшімен қозғалысқа түсіп, адам өмірін өркендетіп тұр. Отты халық қастерлеп, «отты баспа», «отпен ойнама», «отқа түкірме» деп,

ырым-тыйым жасап, кесір-қырсықты отпен «аластап», отқа табынған. Отбасы, отағасы, отау деген сөздер оттың құдіретін қастерлеуден шыққан. Найзағайдың жарқылы, мотордың от алуы, оқтың атылуы – бәрі де оттың әсері. Тек сол оттың әулиелігін қадірлеп, отты дұрыс пайдалана білу адамның ақыл-біліміне байланысты.

Қазіргі заманда Күннің құдіретін бөгеп, аспандағы озон қабатын ыдыратқан техникалық зардаптарға қарсы күрес жүргізілуде. Қазақ «отбасы аман болсын», «шырағың сөнбесін» деп, отбасынан бастап бүкіл адамзаттың барлық тіршіліктің анасы – Күннің амандығын тілейді.

Жер-ана барлық тіршілікке нәр беріп, анамыздай асырап жатыр. Адам баласы ғасырлар бойы жер бетіне таласып, қан төгіп, қырғынға ұшырады. Бірақ жер-ананы аялау, оны бүлдірмеу үшін, әр қилы әрекет жасауды соңғы ғасырда ғана қолға ала бастады. Қазақ халқы жер-ананы әулие тұтады. «Баптағанға – жер жомарт», «Жері байдың – елі бай», «Туған жердің топырағы да ыстық», «Жеміс – жерде, жеңіс – ерде», «Туған жер – алтын бесік» деп, халық жер-ананы аялайды, баптайды, құдірет тұтады. Халық «жерді теппе», «топырақ шашып ойнама», «жерді жамандама» деп, ырым жасап, жер-ананы қастерлеуді уағыздайды. Жер тоздыру, өрісті тарылту, бар жерді пайдаланбау, оны баптамау – әрі айып, әрі қылмыс.

Жер-жаһандағы тіршіліктің нәрін сіңіріп, өмір сүрудің тірегі болып тұрған **құдірет – су**. Өсімдік, жан-жануар, құрт-құмырсқа, адамзат сусыз өмір сүре алмайды. Өмірге ең қымбат, ең қажетті нәрсе болғандықтан, халық суды да әулие тұтып, судың шығып жатқан жерін «әулие бұлақ», «әулие көл» дейді. «Судың да сұрауы бар» деп, суды ысырап жасамау керек екенін халық өз ұрпақтарына ескертіп отырған. «Сулы жер – нулы жер», «Өзен бар жерде өмір бар», «Бұлақ көрсен, көзін аш», «Судай таза, сүттей ақ бол» деп, халық өмір-тұрмыстың жақсы болуы суға байланысты екенін, сондықтан арна жасай білуді уағыздайды, «суды улама» деп, судың

тазалығын сақтауды талап етеді. Суды дұрыс пайдалана білмегендіктен, Арал теңізінің тартылуы, өзен-көлдердің улануы халықты қатты күйзелтті. Өзен-көлдерден құстар мен аңдардың кете бастауы – қасірет. Ел еңбектеніп, ұрпақтарын табиғат апатына қарсы күреске тәрбиелейді.

Жанды дүниенің (өсімдікте де тіршілік бар) өмір ырғағын жасап тұрған құдіретті нәрсе – ауа. «**Ауа – өмір тынысы**» дейді халық. Тыныс алу тоқтаса, өмір де тоқтайды. «Асқар таудың ауасы – аурудың дауасы», «ауаны былғама, алланың демі» деп, халық кең ауаны, таза самалды қасиет тұтқан. Ауаны былғау қылмыс деп есептеген. Ең қымбатты, қажетті нәрсені «ауадай қажет» деп, халық ауаны қымбаттың қымбаты деп бағалайды. «Желдеткішті жаппа», «Ауаны қылышпен кеспе» деп, ырым жасап, әулиенің әулиесіндей көреді. Жерді өртеп, бомбы тастап, ауаны бүлдіру – ауыр қылмыс. Халық ондай қылмысты ауыр жазалауды талап етеді. Тіршіліктің төрт тірегін қастерлеу – халық салты, өмір заңы.

Бірлік салты – тәрбие негізі. «Күш – бірлікте» деп, халқымыз бірлік дәстүрін ұлттық салтқа айналдырып қалыптастырған. Бірлік салты ұйымдасу (ұжым), қауымдасу (қауым), бірлесу (бірлестік), одақтасу (одақ), достасу (достық), отандасу (отан) дәстүрлерімен қалыптасқан.

Ертеден-ақ ұйымдасу рәсімдерімен халқымыз жеке адамдарға, топтарға көмек көрсету, ұйымдасып жаудан қорғану, ұйымдасқан түрде маусымдық, науқандық еңбекпен айналысып, тіршілік еткен. Ұйымға көнбеген адам шеттеп қалған.

Қауымдасу дәстүрінде халық атаға, руға, ұлтқа бөлінбеген. Ұйымдасқан қауым егін орағын, шөп шабу науқанын, белгілі бір құрылыс жұмыстарын абыроймен атқарып отырған.

Бірлесу әуелі екі адамның бір тірлікке, бір мақсатқа бірігуінен басталады. Бірлестік – достасу, ниет қосу, күш біріктіру арқылы жеке адамдарды алға қойған мақсаттарына жеткізеді. Әрбір тірлік бірлікпен бітеді. «Бірлік

болмай, тірлік болмайды» деген мақал содан қалған. Бірліктен қашқан адамға халықтың қарғысы тиеді. Яғни бірлесіп тірлік етпеген адам бақытсыздыққа ұшырайды.

Одақтасу – халқымыздың ежелден қалыптасқан, салтқа айналған дәстүрі. Ойынға одақтасудан бастап халықаралық, мемлекеттік одақтастыққа дейін одақтасудың рәсімдері мен шарттары көп. Жеке адамдар, топтар, халықтар одақтасу арқылы жауынан қорғанып, күрестің жеңісін, еңбектің жемісін көреді.

Екі адамның, екі рудың, екі халықтың достасуы – үлкен бақыт. Достасудың серті достық дәстүрлерін іске асыру болып табылады. Халқымыз халықаралық достыққа, туыстыққа ерекше мән берген. «Қырғыз-қазақ – бір туған», «Өзбек – өз ағам», «Түбі бірге түрікмен», т.б. халық мақалдары – достасу мен туыстардың мақсаттарын айқындайтын дуалы сөздер. Достасудың ерекше серттері мен шарттары бар.

Отан – біріккен елдердің біртұтас, бірегей, мерейлі мекені. Өз отанын сүймеген сілімтікті халық «отансыз» деп, жек көреді. «Опасызда отан жоқ, отанда оған орын жоқ» деп, оны ел шеттетеді. «Отан үшін отқа түс - күймейсің» дейді батыр ағамыз Бауыржан. Нағыз азамат Отанын қорғайды, ол үшін жанын аямай еңбек етеді. Отан – әркімнің ары, орданы. Отанға қызмет етпеген, Отанын сатқан сатқынға өлім жазасы беріледі. «Отан отбасынан басталады», «Отбасы – шағын Отан» дейді халық. Отанды сүю. Отанға қызмет ету отбасынан басталып, дамиды. Отан – қасиетті ұғым, киелі сөз! Кең-байтақ Отаны бар, кемелді елі бар қазақ бақытты!!!

Халқымыздың берік бірлігі, ұйымшылдығы, басқа халықтармен одақтасып, достаса білуі жеңістен жеңіске жеткізіп, жеріміздің кеңдігін, еліміздің елдігін сақтап қалуға үлкен тірек болды. Еліміздің бірлік салтын сақтауға басшылық жасаған ұлы данышпандар, әділетті билер, көреген хандар болды. Олар: «Қарға тамырлы қазақпыз», «Адамның күні адаммен», «Түбі бірге түтпейді», – деп, елді бірлікке бастап, ұйымдастырып, қауымдастырып, одақтас-

тырып, ұлы елдің ордасын құрып, Отанын нығайтты. Көрші елдермен достасу амалдарын тауып, абыройға ие болды.

Данышпан, әділетті Төле би бабамыз: «Жүзге бөлінгендердің жүзі қара, Руға бөлінгендердің құруға асыққандары, Атаға бөлінгендер адыра қалады, Көпті қорлаған көмусіз қалады, Хан азса, халқын сатады, Халық азса, хандыққа таласады», - деп, жүйелі, киелі сөзбен халықтың бірлігін сақтаудың мәнін өте жоғары бағалады. Бірлік – халық салты. Салтты бұзған қара ниеттер қансырап, қайғы-қасіретке ұшырайды, құриды, адыра қалады, көмусіз қалады. Бұл – өмір заңы. Ел болу ерлікке, еңбекке, бірлікке байланысты. Атаға, руға, жүзге бөліп, халықты ірітіп, қандастарды бір-біріне қарсы қоюдан зор қылмыс жоқ. Ондай опасыздар халықтың қарғысына ұшырайды. Халқымыздың бірлік салты отбасынан басталып, бүкіл елдің, барлық адам баласының бірлігімен ұласады. Өйткені «бірліксіз тірлік жоқ, тірліксіз бақыт жоқ». Бірлік салтын, яғни ел бақытын сақтау үшін, жан аямай күресу, еңбек ету – әрбір әдепті адамның борышы.

Жекжат-жұратты сыйлау дәстүрлерінің тәрбиелік мәні. Қазақ халқының қонақжайлылығымен қатар, аталас, ауылдас, құда, нағашы, күйеу, жезде, жиен, дос, жолдас, таныс, ұжымдас адамдармен сыйласым дәстүрлері бар.

Аталас ағайындар әрқашан да бір-біріне қамқорлық жасап, қарайласып отыруға міндетті. Соғым басыға шақыру, сыбаға беру, бас қосуды сірне ретінде өткізу, той-томалақты бірге өткізу, қуанышты құттықтау, қайғыға ортақ болу, т.б. ағайындық дәстүрлер салтқа айналған. Бұл – атаға бөліну емес, бірлесу. Халық бірлесуді бірлікке ұштастырған, ұлттық және адамзаттық дәрежеге көтеруді көздейді.

Қазақта «Аталастың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген мәтел бар. Қазақ «көрші қияметтік» деп, «көрші ақысы» деп, көршіні ағайыннан да артық сыйлайды. «Ауылы аралас, қойы қоралас» көршімен тілектес, ниеттес болу, оған көмектесіп,

қайғысына да, қуанышына да ортақ болу – дәстүр. «Жақсы көрші – ата менен енедей, жаман көрші – басқа қонған пәледей» деп, халық көрші сыйлаудың көп мәні бар екенін уағыздайды.

«Құданы құдайдай сыйла», «Күйеу – жүз жылдық, құда – мың жылдық», «Құда дескен, құйрық-бауыр жескен» деп, халық құда, құдағи, құдашаларды ерекше құрметтеуге ұрпақтарын баулып отырған. Құда сыйлау рәсімдері: құда түсу, жастарды үйлендіру, бесік тойы, мүшелтой, мерейтой, т.б. тойларда өз жүйесімен, тәртібімен, кәде-жорасымен іске асырылады.

Ұрпаққа ата-анадан кейінгі ең жақын жанашыр адам – нағашы. Халықта «Өз жұртың – күншіл, қайын жұртың – міншіл, нағыз жұртың – нағашың» деген мақал бар. Әрбір ұрпақ анасының шыққан тегі – нағашы атасын, әжесін, апасын, ағасын, әпкесін, інісін, қарындасын өзінің туған жақындарынан да артық көріп, айрықша сыйлауға міндетті. Өйткені нағашының жақындық жан сезімінің көңіл ашар көріністері, елжірегіншілдігі мен қайырымы жиеннің жанына күн сәулесіндей әсер етіп, жақсылыққа баурайды. Әрбір жиен, жиеншар нағашының бұл қасиеттерін тебірене сезініп, тектілікпен қайырым жасауға борышты. «Желке ас болады жалы болса, жиен ел болады малы болса» деп, халық жиеннің жиендік міндетін ерекше ескертеді.

«Жақсы жезде – әкендей» деп, халық жездені әкемен қатар қояды. Өйткені жезде анадан кейінгі екінші ана – әпкенің жұбайы. Сондықтан ол балдыздарына барынша қамқорлық жасауға міндетті. Балдыздары жездесін әкесіндей сыйлап, құрметтейді. Балдыз бен жезде арасында ешқандай кикілжің, реніш болмау керек. Өзіл-қалжың, көңілді сөз, қуанышты құптау, ақ жарқын ақылдасу сияқты арақатынастық рәсімдерін жезде де, оның балдыздары да орнымен, қисынды жүйесімен орындауы тиіс. Сол сияқты күйеу бала қайын атасын, енесін, қайын ағасын өзінің туыстарынан да артық сыйлай білу керек.

Қазақ халқында серттесіп достасу салты ертеден қалыптасқан. «Қанды көйлек киісіп,

жүректері түйісіп» дос болған адамдар бірінен-бірі жанын да аямайды. Олар – бір-біріне қамқор, көмекші, тілектес, мақсаты ортақ, жаны бір адамдар. «Досыңа достық – қарыз іс» деп, Абай атамыз дос болған соң, достық жасаудың жолдарын жақсы білуді уағыздайды. Шын дос болу – бақыт; жалған достық – жауыздық. Досқа атылатын оққа өз кеудесін тосып, досы үшін жанын құрбан еткен нағыз достар тарихта көп болған. Досқа сыйлық тарту, достың қалағанын беру, досқа сауға (араша) болу, достың көңілін сұрау, оған көңіл айту, т.б. халықтық жөн-жоралғылар салты болып қалыптасқан.

Халықта «Жігітті жолдасына қарап таны» деген мақал бар, ол әркімнің жақсы болуы көбінесе жолдасына байланысты екенін аңғартады. Жолдастың көрші жолдас, ұжымдық жолдас, сыныптық жолдас, жолсерік жолдас, т.б. түрлері көп. «Жақсы жолдас жеткізеді мұратқа, жаман жолдас қалдырады ұятқа» деп, халық жақсы жолдастықты адамның адамгершілік қасиеттеріне байланыстырған. Нағыз жолдас кішіпейіл, қамқор, тілектес, ниеттес болуға тиіс.

Халық «Бір көрген – біліс, екі көрген – таныс, үшінші көргенде жабыс» деп, танысты сыйлау рәсімдерін де ерекше бағалайды. «Жүздің жүзін көргенше, бірдің атын біл» деп, атын білген танысқа сыйласым рәсімдерін көрсете білуді халық талап етеді. Тіпті таныс болмаса да, жат жұртты адамгершілікпен сыйлай білу халықтық салтқа айналған.

Ел белгілері мен рәміздерін қастерлеу дәстүрінің мәні. Әрбір отбасының, әулетінің, рудың, ұлттың дәстүрлік, салт-саналық белгілері – әдепті сыйласым мен ар-намыстық, парыздық, борыштық іс-әрекеттің құжаттары іспеттес қастерлі, қасиетті нәрсе. Халқымыздың сол қасиетті белгілері: ен, таңба, Елтаңба, Әнұран, Ту, жалау және әскерлік, сарбаздық ұрандар мен айырым белгілер.

Ертеден қалыптасқан белгі дәстүрлері – малға ен салу, таңба басу. Әрбір отбасының жеке иелігіндегі малына салынатын өз ені болады. Таңба белгісі көбінесе рулық белгіні көрсетеді. Ертеде әрбір рудың өз таңбасы

болған. Ен-таңба отбасының, әулеттің, рудың меншігіндегі мал-мүліктерді қадірлеп, қорғай білу үшін жасалынған салттық көріністер еді.

Егеменді еліміз жер әлемдегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде өзінің Елтаңбасы мен Әнұранын, Туы мен жалауын белгілеп, осы бір қасиетті белгілердің мәнін әрбір ұрпақтың терең түсініп, оны қастерлей білуін талап етеді, әдептілік рәсімдерін орындауын көздейді.

Қазақстанның Елтаңбасында жарқын күн сәулесі, ел белгісінде көк аспан, шаңырақ, жарық жұлдыз, қанатты тұлпар, бидай сабақтары бейнеленген. Аспанкөк – кеңшілік, тыныштық, биіктік белгісі. Кең пейілді еліміздің аспаны ашық, тыныштық сәулеті биік. Ашық аспанға тараған күн сәулелері сәулетті өмір санатын көрсетіп тұрғандай, биіктегі жарық жұлдыз Отанымыздың жұлдызы биіктеп, бақыт жұлдызынан нұр шашылып тұрғанын бейнелейді. Елтаңбасындағы алтын шаңырақ, қазақ халқының қасиетті шаңырағы биіктеп, отбасына күн-ананың жарығын шашып, бақыт жұлдызының нұрын төгіп тұр. Қазақта «қара шаңырақ» деген қасиетті сөз бар. Ұрпақтары өсіп, өркендеген үлкен үйдің шаңырағын халық «қара шаңырақ» дейді. Сол «қара шаңырақтың» Елтаңбасындағы көрінісі шаңырақ астындағы халықтар бірлігін талап етіп тұр. Ондағы қанатты тұлпардың баламалық мәні халықтың аңыз-ертегісінен алынған. Аңыз бойынша, қанатты тұлпарға мінген алып батыр алты қат аспанға ұшып, жеті қат жер астына түсіп, халықты қасіреттерден азат еткен. Сол азаттық тұлпарының бейнесі – еліміздің азаттығының, ерлеріміздің жеңімпаздығының белгісі. Елтаңбадағы бидай сабақтары – молшылықтың нышаны. Аспаны ашық, жұлдызы жарқыраған, шаңырағы биік, жеңімпаз, молшылық елінің перзенті болу – бақыт!

Көк байрақ – Туымыз – халқымыздың қасиетті, киелі белгісі. Ертеден-ақ халқымыз көк байрағы көтерілгенде, «уа, аруақ, қолда!» деп, туды елдің, аруақтың киелі белгісі

деп таныған. Сол көк байрақ астында батырлар сан рет жеңістерге жетіп, кең даласын, кемелді елін басқыншылардан қорғап қалды. Көк байрақтың жетілдірілген соңғы бейнесінің мәні зор: Туымыздың көк теңбіл-аспан көк болуы шексіз кеңдікті көрсетеді. Ту ортасындағы алтын күні - халқымыздың азаттық күні. Ол бүкіл әлемге нұрын шашып тұр. Алтын күнді қанатымен жебеп, өрге көтеріп, ұшып бара жатқан ақиық қыран құс - ерлік белгісі. Кең пейілді, кеңістігі таза, жері кең еліміздің азат күні жарқырап тұр! Азат күнді, кең дүниені ерлікпен қорғайтын ақ иық қырандай түлегі болу - зор бақыт! Көк байрақтымыз көкке көтерілгенде, әрбір әдепті адамның Туға қарап, жеңімпаздық сезімі үдеп, ұлттық мақтанышы құлшындырып, қарқынды қажырының толқынды толғанысы пайда болады. Арайлы Ту көтерілгенде, ата-бабаларымыздың аруағы аялап, шалқыған шаттығымыз ет жүрегімізді елжіретеді. «Менің мынау қасиетті Отаным – жанымнан да қымбат!» деп, орайлы ой биігіне көтерілеміз. Төбеміз көкке жеткендей болады. Туымызды ұлы жиындарда, шеру-салтанаттарда алып шығып, көкке көтеріміз! Көк байрақ – Туымыз еліміздің ең биік тұғырларында көкке көтеріліп, желбіреп тұр. Біз Ту қасынан басып өтеміз, серт айтып, қаһармандық іске кірісерде, халқымызға ант беріп, Туымызды сүйіп, оған табынамыз. Туымызды қорғау, Ту астында құрметтеліп, суретке түсу, Ту көтеруші болу – қандай бақыт! Өйткені, Туымыз – біздің еліміздің бейнесі, халқымыздың қасиеті, адамдарымыздың ар-ожданы! Туымызды қастерлеу – халқымызды қастерлеу: оның ерлерінің азаттығын, ерлігін құрметтеу! Ұлттық әдептілік қасиеттердің бір үрдісі – ел Туын елжірей сүйіп, құдірет тұтып, құрметтей білу болып табылады. Әрқашан да әспеттеп, төбемізге көтеріп, тәлім алып, тәжім етеміз саған, қасиетті көк байрақ – Туымыз!

Жыл қайыру, күн айыру рәсімдері және тәрбие. Ата бабамыз жыл қайыруды, күн айыруды ұрпақтарына үйретіп, әрбір жылдың, айдың, күннің ерекшеліктерін айқын біліп, айтып отырған. Жыл қайыруда мүшел

жылын ерекше атап, мүмкіндігінше мүшел тойы әрбір он үшінші жылы (13-25-37...) аталып өтіледі, мүшел жасы қасиетті жас ретінде тойланып, ол жасқа дейін ерекше, елеулі өзгерістер болғаны айтылады.

Жыл қайырудағы жыл реттері: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз. Халық хайуанаттарды «еті адал», «еті арам» деп, екі топқа бөледі. Жыл реттеріндегі 12 жыл атауында бірі арам, бірі адал – 6 жұп атаулары бар. Он екі жыл өткен соң, он үшінші мүшел жылы болып, алғашқы атау қайталанып отырады. Әрбір адамның «Мүшел жылы» – өзінің туған жылы (егер барыс жылында тусаңыз, барыс жылы қайталанған сайын) мүшел тойы аталады. Ғасырлар бойы табиғат сырын, хайуанаттардың таңғажайып ерекшеліктерін зерлеп, зерттей білген ата-бабаларымыз, бүкіл өркениетті адамзат қауымы әрбір жылдың өз айырымдарына байланысты атау қойған. Тышқан жылы ел тірлігі мол болады, бірлігі жақсы ел берекелі, мерекелі өмір сүреді. Сиыр жылында еңбек еткен адамның бақыты мол болады. Барыс жылы – сәтті жыл, әркім алдына қойған мақсаттарына жетеді, іс-әрекет құтты болады. Қоян жылы да құтты жыл, бірақ кейде бұл жылда жұт болуы мүмкін. Ұлу жылында әрекет берекетке жетеді. Жылан жылында табиғат құбылысы құрғақшылыққа ұшырауы мүмкін. Жылқы жылы – мархабатты жыл. Бұл жылда отау тігуді (үйленуді) арман еткен жастар мақсатын орындайды. Қой жылы төлдің басы көп болады, молшылық халықты мерейлендіреді. Мешін жылында тыныштық, жарасым, келісім, татулық халықты қуанышқа бөлейді. Тауық жылы – арманды жыл. Әркім іс ретін тауып, шаруаны білсе, арманына жетеді. Ит жылында қиыншылық көп болады, қиындыққа қымсынбай, оны жеңе білу керек. Доңыз жылында тыныштық пен достық үстем болып, жақсы мінезді жайсаң адамдар өмір қызығын көбірек көреді. Тарихта халықтың осы тұжырымдары негізінен нақты келіп, өмір тәжірибесінің айқын көріністерін байқатты.

Әрбір жылда 12 ай бар: Наурыз, Сәуір, Мамыр, Маусым, Шілде, Тамыз, Қыркүйек, Қазан, Қараша, Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан. Он екі ай төрт маусымға (мезгілге) бөлінеді. Көктем айлары: Наурыз, Сәуір, Мамыр; жаз айлары: Маусым, Шілде, Тамыз; күз айлары: Қыркүйек, Қазан, Қараша; қыс айлары: Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан. Әрбір айдың өз ерекшелігі бар, соған байланысты ауа райы болжанады.

Наурыз айы – көктем басы, жыл құстары келеді, күн мен түн теңеледі, мал төлдейді, егін салынады, наурыз тойы болады. Сәуір айында жер гүлдене түседі. Көкек келеді. Сондықтан да, бұл айды көкек айы деп те атайды. Қазақта «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген мақал бар. Бұл айда көктем толысып, тіршілік түгел жанданады. Мамыр айында қызғалдақтар бүр жарып, жеміс ағаштары толық гүлдеп, бұлбұл сайрап, өзен-көлде құс тойы болады. Маусым айында арпа пісіп, шалғын шабылып, даладағы еңбек ерекше қыза түседі. Шілде айында «қырық күн шілде» басталып, егін орағы қызады. Тамыз айында егін орағы аяқталып, сабантой өтеді. Қыркүйек айында құстар қайта бастайды, мектепте алғашқы қоңырау соғылып, оқу басталады. Қазан айында толық жиын-терін болады. Алғашқы суық түсіп, «қазан ұрып», көкөністерді жию аяқталады. Қарашада жерге алғашқы қар түсіп, мал қыстату ісі басталады. Желтоқсанда күннің қысқаруы шегіне жетіп, қызыл аяз тұрып, үскірік боран соғады. Қаңтар айында күн өзгере бастайды, дүние жүзі бойынша көптеген елдерде Жаңа жыл мерекесі өтеді. Ақпан айында ақ боран соғып, соңында «түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз» құбылмалы күн райын көреміз.

Әр айда 4 апта, әрбір аптада 7 күн бар. Күн атаулары: жексенбі, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі. Күн атауының жексенбіден басталатыны: бұл күні аңыз бойынша алла тағала жер жүзін жаратқан. Дүйсенбі – дүниенің алғашқы күні, сейсенбі – істі күн, сәрсенбі – сәтті күн, бейсенбі – берекелі күн, жұма – аллаға сиыну күні, сенбі – сенімді күн. Дені сау, жаны жарқын адамға әрбір күн – сәтті. Сәтті бола берсін!

Өнерпаздық дәстүрлерінің тәрбиелік мәні. Қазақ халқы - өнерпаз халық. Ойын-сауық, той-томалақта қалыптасқан дәстүр бойынша жиылған қауымнан өнер көрсетпеген адам қалмайды. Әнші, биші, күйші, жыршы, ақын адамдармен қатар, олардың өнерлерін үйреніп, топ алдында өз қызығын көрсетушілер көп болады. Кәде жасап, алты ауыз өлең айта алмаған адамды халық «аузын бұған өгіз» деп, масқаралайды. Сондықтан әрі өнерпаздық нышанын дамытып, әрі намысын оятып, өлең жаттауға, ән айтуға әркім-ақ ынталы, ықыласты болады.

Айтыс өнері халықта ертеден дамыған. Әсіресе, қайым айтысқа әркім дайын тұрады. Ақындар айтысы, қыз бен жігіт айтысы, жұмбақ айтыс, хайуанаттар айтысы сияқты әрбір айтыстың өзгешеліктері бар. Ал қайым айтыста ақындығы болмаса да, кез келген айтысушы бұрыннан жаттап алған өлеңдеріне мүмкіндігінше өз тарапынан өлең өрнектерін қосып, бір ауыз, екі ауыз қайымдап, жарыса айтыса береді.

Қонақ кәде рәсімін жасап, әуелі үй иесі «ауылдың алты ауызын» айтады да, содан кейін қонақ кәдені қонақтан талап етеді. Яғни үйге келген қонақ шама-шарқынша өнер көрсетуге міндетті. Ешбір өнері жоқ, дарыннан мақұрым қалған кісіден «құмғанға теке бол», «мал болып маңыра» деп, әзілкеш қауым әрбір адамды өнерпаз болуға бейімдеп, ойын-оспақ үстінде оның өнерпаздық сезімін оятады.

Қыз ұзату, үйлену тойларында айтылатын сыңсу, қоштасу, жар-жар, т.б. өлеңдерді жастар жатқа біліп, жанынан қосып айтып, дағдыланған. Қыз абыройы, жігіт намысы дәстүрінде кәметке жеткен қыз әр түрлі қол-өнермен қатар, айтыс өнерін де біліп, өзінің әншілік, бишілік, күйшілік қабілеті болса, сол өнерпаздығымен елді қуанышқа бөлеуге тиіс.

Өнерпаздық дәстүр көбінесе әулеттік дәстүр болып қалыптасады. Бір отбасындағы барлық адамдар өнерпаз болып, ол дәстүр ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады. Әулеттік дәстүрде әркім әуелі өнерінің бір қырынан көрінуге ынталанады. Мысалы, күй-

шілер әулеті тек күй тартушы ғана емес, ол әулеттен күй тартумен қатар, биші, әнші, көркем сөз оқушы, т.б. өнерпаздар да шығады. Ал негізінен оларда күйшілік дарын басым болады.

«Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны» сияқты **сымбат пен өнер жарысында** өнерпаздық дәстүрдің ұлттық мәйектері сараланып, мәнді өрнектер, өнер үшін баға беріледі. Қазақ қызы әрі сымбатты, әрі нұрлы, әрі еңбекқор, әрі өнерпаз болу керек. Қазақ жігіті, жігіттің сұлтаны ретінде өнерден де, ептілік пен күштіліктен де, сымбаты мен сәні жағынан да елді елең еткізетін ерекше жан болуы қажет. Халық ұлдары мен қыздарын өнерпаздыққа баулу үшін, түрлі ойындарды ойлап шығарған.

«Алтыбақан» ойыны кезінде жастар жиналып, **өнер көрсету** жарысын өткізеді, өнерпаздық жарыстан озық шыққандарды қастерлеп, сый-жоралғы беріп, әткеншекте тербетіп, құрметтейді. Мұндайда жұмбақ айтып, оны шеше білу, жаңылтпаштарды жаңылмай айту, қызықты ойындарда сергек болып, әріптестерін әдеппен жеңе білу де ескеріледі. Ойынның төрешісі, биі, әділ қазысы өнерпаздарға әділ баға беріп, сый-сыяпат көрсетіп, ынталандырады.

Халқымыз өнерпаздық дәстүрін қыз балаларға іс үйрету, өнер үйрету, ер балаларды ерлік пен еңбекке, өнерге баулу әрекетімен жалғастырып, дара дарындарды дамытып отырды. Отбасындағы көңілді кештерде тақпақ айту, жыр жырлау, ән салу, күй тарту – үлкен қуаныш. Өнерпаздық нышандарын айқындап, дарынын дамыту – әрбір перзенттің міндеті. Баланың өнерпаздығы – ата-ананың бақыты, елінің мақтанышы.

Қазақ халқының **айтыс өнері** дүние жүзіне белгілі. Қазақ – ақын халық. Ақындық дарыны бар халықтың айтыс өнері арқылы жастарды шыншылдыққа, әділеттілікке тәрбиелеу мақсаттары орындалады.

Өнерпаздық дәстүрі бойынша әркім бір ғана өнермен шектеліп қалмауға тиіс, «Жігітке жетпіс өнер де аз», «Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы болу керек» дейді халқымыз. Өнер нышаны әркімде бар, оны дамыта білу – әулеттік, ұлттық парыз.

Студенттердің ұжымдық дәстүрлері және тәрбие. Студенттер ұжымы – мақсаты бір, бірімен-бірі тең құқықты, сыйлы, сыйласымды қатынас жасаушы, болашақ мамандар мен ғылым иелерінің бірлестігі. Яғни мүдделес, әрекеттес адамдардың тіршіліктегі бірлігі – ұжым. Ұжым мен жеке тұлғаның мақсат-мүддесі үйлесіп отырады. Жеке студенттің адамгершілік қасиеттері айналасындағы студенттермен игі қатынас жасай білуі арқылы қалыптасады. Жоғары мектепте жеке адамды **ұжым арқылы тәрбиелеу дәстүрлері** қалыптасқан. Ондағы қоғамдық дәстүрлер, салтанатты жиындар мен кештерді өткізу дәстүрлері, іс-әрекет дәстүрлері, қоғамдық мүдде дәстүрлері – жеке орындаушыларды жан-жақты тәрбиелеудің қуатты құралы.

Қоғамдық дәстүрлер ұжым бойынша, студенттердің жалпыуниверситеттік, мемлекеттік, бүкіл дүниежүзілік мерекелерді, түрлі кештер мен жарыстарды, байқауларды ұйымдастырып, өткізу әрекеті кезінде қалыптасады. Қоғамдық дәстүр негізінде ұжымдық іске ұжым мүшелерінің бәрі аса зор жауапкершілікпен қатысуға міндетті. Мұндайда ұжымдық намыс пен абырой үшін күресе білмеген жеке тұлға өзінің жігерсіздігін, олақтығын көрсетеді. Мысалы, «Наурыз» тойына дайындық ісіне, оны өткізуге курс студенттері түгел қатысып, әркім өз үлесін қосуға міндетті. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Жеке жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас», «Көп түкірсе, көл», т.б. мақалдар арқылы халық қоғамдық іс-әрекеттің жемісті болуы бірлікке байланысты екенін дәлелдеп, қоғамдасу дәстүрін ертеден қалыптастырған. «Жылу», «асар», «қауымдастық» рәсімдері содан шыққан.

Салтанатты жиындар мен кештерді өткізу дәстүрі, әрбір жоғары оқу орнында сол оқу орнының ішкі жағдайына және ұстаздар мен студенттердің ұйымдастыру қабілетіне байланысты қалыптасады. Мысалы, «Ана тілің – арың бұл», «Өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді» сияқты тақырыптар төңірегінде кеш өткізу үшін, ең

әуелі ұжым мүшелері мәжілісте ақылдасып, істі жоспарлайды, содан кейін әркім өз ықыласын білдіріп, дайындық жұмыстарына жауапкершілікпен қатысады. Ана тілін ардақтау, өткен ұлы адамдардың еңбектерін қастерлеу рәсімдерін дәстүрге айналдырған студенттер ұжымы мұндай іс-әрекетті ұйымдастырып, өткізу кезінде ұлттық, ұлағатты тәлім-тәрбие алады. **Іс-әрекет дәстүрлері** студенттердің дәлдік дағдылары, инабаттылығын, ілтипаттығын, әдептілігін, ізеттілігін қалыптастырады. Келісу, уағдаласу, ықылас көрсету әрекетімен белгілі істі бір мезгілде орындауға дағдылану ұжым мүшелерінің іске ұқыптылығы мен дәлдік дағдыларын дамытады да, ол дағды дәстүрге айналады.

Қазақ халқы «Үлкенге – ізет, кішіге – ілтипат» деп, жастарды іс-әрекет кезінде үлкенге ізет көрсетіп, оның ақлын тыңдап, айтқанын орындауға, кішіге қамқорлық жасап, көмек көрсетуге тәрбиелеп келеді. **Іс-әрекет дәстүрі** жеке адамның адалдығы мен кісілігін де дамытып, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Бір ұжымдағы іс-әрекетке қатысушы әрбір адам сол ұжымның абыройын, намысын қорғауға міндетті.

Ұжым болып, жеке мүшелеріне қандай міндеттер жүктесе, оны бұлжытпай орындауға ұжым мүшесі міндетті. Егер олай етпесе, ол ұжымның іс-әрекет дәстүрлерін бұзған болып кінәланады.

Қоғамдық мүдде дәстүрі ұжым мүшелерінің өз ықыластарымен ұжымның абыройын арттыру үшін жасалатын іс-әрекеттері арқылы қалыптасады. Мысалы, жақсы сурет сала білетін, мақала жаза білетін студенттің ұжым атынан шығатын газетке редакторлықты қалауы қоғамдық мүдде дәстүрінің қалыптасуына негіз болатын іс-әрекет болып табылады. Қоғам (ұжым) мүддесі үшін өз қабілетін орнымен жұмсай білу – әрбір ұжым мүшесінің міндеті. Қоғамдық мүдде дәстүрі «біреуі бәрі үшін, бәрі біреуі үшін» мүддесін іске асырады.

Студенттердің ұжымдық дәстүрлері **ұлттық дәстүрлермен** ұштасып отырады. Мысалы, әулеттік өнерпаздық дәстүрі бойынша отбасында өнерін өркендеткен студент қоғамдық мүдде дәстүрі бойынша өнерпаздар үйірмесіне қатысып, не сол үйірмені ұйымдастыра білуге тиіс. Әдеттен әдепке, әдептен рәсімге, дәстүрге, салтқа ұштасып отыратын іс-әрекеттерді дамыта, игілікке асырып отыру – баршаның міндеті.



Алтын ұяң — отаның қымбат,
Құт береке — атаң қымбат,
Мейірімді анаң қымбат,
Асқар тауың, — әкең қымбат,
Туып өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Ұят пен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат

Қазыбек би.

ОӘЖ 8.80.808

М.А. Нуриев

т.ғ.к., профессор,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры,

ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,

Абай атындағы ҚазҰПУ

Б.Ж. Сағиева

«Ұлттық тәрбие» журналының жауапты хатшысы

СӨЗ ҚҮДІРЕТІ – СӨЗГЕ ТОҚТАУ

Мақалада тіліміздің күші мен құдіреті, қадірі мен қасиеті, сөз өнері жайлы жазылған. «Ел болам десен, сөзіңді түзе!» деген дана халқымыз. Бұл дегеніңіз, сөзіңіз түзу болса келер ұрпақ тәрбиесіне алаңдау болмағаны, жастарымыздың тәрбиелі болғаны еліміздің мәртебесінің асқаны деп білеміз. Сонымен қатар, қазақтың «Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні бар» деген нақыл сөзінің тақырыбы кеңінен ашылып жазылған. Сөздің қадірін білу, сөзге тоқтау, жақсы сөз арнау, жақсы тілек тілеу – қазақтың табиғи болмысы екеніндігі айтылған.

Түйін сөздер: *Сөз, тіл, тәрбие, халық, қадір, қасиет, тарих.*

В данной статье рассматривается роль Языка не только как средство для общения, но и как историческая память каждого народа Язык — зеркало культуры, в нем отражается не только реальный мир, окружающий человека, не только реальные условия его жизни, но и общественное самосознание народа, его менталитет, национальный характер, образ жизни, традиции, обычаи, мораль, система ценностей, мироощущение, видение мира.. В каждом языке находит свое отображение духовная культура, многовековая история каждой нации.

Ключевые слова: *Слово, язык, воспитание, народ, ценность, дар, история.*

In the article written about the strength and power, respect and sanctity of our language - about verbal skills. Our wise people said «To correct the word, if you want to become a nation». This means, there will be concern about the bringing up of the next generation if the word will be true, if it is brought up young people will raise the status of the country. And as broadly described saying «Ninety-words can be short essence». In addition, it is written that the word respect, obey, destiny good words to wish good wishes - nature of the Kazakh people.

Keywords: *word, language, bringing up, nation, respect, reverence, history.*

Ұлан-ғайыр даламызда қазақ халқы пайда болғаннан бері төл тіліміз – қазақ тілі болып, тарихи кезеңге аяқ басты. Тіліміз бай тіл. Шындығына терең үңілсек бір халықтың тағдыры жатыр. Халқымыз небір қиын-қыстау ғасырларды басынан өткерді. Тіліміз де осы қауіпті кезеңдерден сүрінбей аман өтті. Тілі, діні мықты ұлттың өзі де – мықты.

Тарихымызға көз жүгіртсек аталарымыз, шешен, билеріміз келеңсіз мәселелерді екі-

ақ ауыз сөзбен шешкен. Бұл дегеніміз тіліміздің көркемдігі мен мағыналылығының бірден бір көрнісі. Біз сөзге тоқтаған халықтықпыз. Тіліміздің күші мен құдіретін, қадірі мен қасиетін, сөз өнерін бабаларымыз әуелден-ақ бағалы деп санаған. Қазақта «Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні бар», «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» деген нақыл сөздеріміз бар. Сөзіміз құрғақ болмас үшін ұлы ақынымыз Абайдың «Құн төлету» кезіндегі берген билігінен мысал келтіре кетсек.

«1902 жылы күзде Мамайдың бір баласы Сарыбас руынан 20 шақты, Мамайдың ең жуан ауылы 150 үйдей шаңырақ, Жиен Шора деген руының Тоқсанбай баласы дегендер жер бөлігіне таласып Нұрлыбай дегенді ұрып өлтірген.

Мырза Мамай бір болыс Қызыл адыр болып екі ортасына түсіп құн кесіп, билік айтып, бітістірмек болған екен, Нұрлыбайдың ағасы Жақып көнбейді.

Ол:

- «Маған теңдік беретін болса, мен Абай алдына барып жүгінемін» - деп отырып алады. Сөйтіп олар Жидебайдағы Абайдың аулына келіп, сәлем беріп, үйге кіріп отырысады.

Амандық сұрасқаннан кейін сол жігіт сөз бастады:

- Абай аға естіп жатырсыз ғой мына екі ағайын болымсыз жер бөлігіне таласып, Тоқсанбай балалары Нұрлыбайды ұрып өлтіріп тастады. Оған бір болыс мырза Мамай жиналып, құн кесіп, билік айтып бітірмек едік, оған мына отырған Жақып ақсақал көнбеді. «Сендердің айтқан биліктеріңді, әперген құндарыңызды өздері ашуланған күні Жиен Шора баласы тартып алып қояды. Алсам да, қалсам да Абайдың әділетіне барамын. Мен Абайдың қарсы, жауы жағында жүруім де рас, бірақ Абайдың әділет адамшылығына не айтса да көнемін» деп келді. Ендігісін өзіңіз айта беріңіз - деп сөзін аяқтады.

Сонда Абай:

-Ей, Жампейіс! Осы Нұрлыбайды Тоқсанбай балалары далада төбелесіп өлтірді ме? Жоқ, қашқан жерінде қуып өлтірді ме? Соның анығын айтшы - дейді.

Жампейіс: ...Бұлар артынан қуып, тап есігінің алдындағы күлге барған жерде жетіп, екі сойыл қатар тиіп, Нұрлыбайдың қарақұсы ойылып, өліп кеткен. Бар расы осы, - деді.

Сонда Абай:

- Ер құны елу түйе болады... Сені өлтірмей қоймаймын деп қасарысып, қашқанды қуып, әдейілеп өлтірген адамның құны жүз түйе болады. Мына Нұрлыбайды өлтіру, әдейі өлтіргендік. Сондықтан бұның құнын мен жүз түйеге кестім... Соны сендер алып беріп бітіріңдер, - деді.

Сонда Жақып орнынан ұшып тұрды:

- Абай әділетіңе, атаңның аруағына құлдық. Барлық Мырза Мамайға жалғыз өзім көнбей алдыңа келіп едім. Әділетке, теңдікке қолым жетті, бүгін өлсем де ризамын, - деп жылап жіберді. Жиен Шора жағы бір ауыз сөз айтпады. Сонда Жампейіс тұрып:

- Ой, Жиен Шора атам баласы мына Жақып Абайдың билігіне риза болып, құлдық айтып жатыр. Сендер үндемей отырсыңдар. Ертең елге барған соң пәлен демей риза, наразылықтарыңызды Абайдың өзінің алдында айтып кетіңіздер дегенде,... Мұсабай деген кісі:

- Біз Абайдың билігінен асып қайда барамыз. Бірақ малдан бір айырылып, бастан бір айырылып жүрмелік, артына Абайдың өзі ие болса, - деді»[1]. Міне осы жерде Абайдың көрегендігі, білімі, шешендігі көрініп тұр. Менің ойымша қазірде де сөзге тоқтау бар, егер білімді, сауатты болсаң ел саған сенеді. Ал өзің, екі ауыз сөздің басын құрай алмай тұрсаң, кімді сөзге тоқтатпақсың?

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» дегендей бабаларымыз жүйелі сөзге бас иіп, сөзге тоқтаған. Қазақ билері негізінен ақыл мен парасаттың кемеңгері болып қана қоймай, қара сөзбен қазан қайнатар қасиет иеленген данагөйлер еді. Е, айтты екен деп жүре бермеген, ойланған, сөздің түп - төркініне мән берген. Оған мысал Қазыбек бидің екі елді бітістірген сөзінен көреміз:

Қоңтажының ордасына таяп келгенде, өткелде тұрған бір жастау қыз Қазыбектің қайда бара жатқан жөнін сұрапты. Қазыбек қызға Қоңтажы ханға елшілікпен бара жатқанын айтыпты. Қыз оған:

- Елші болсаң, қазақтың Қазыбегі боларсың, есебің бітсе мені де еске аларсың, - депті.

Қазыбек Қоңтажының ордасына түсіп:

- О хан, сен ел шабуды қоймадың, мен елшілікке келуден танбадым, - дейді. Қоңтажы бұған:

- Қазыбек би, дұрыс айтасың, сенің қаршадай 14 жасар күнінде айтқан сөздеріңді есітіп: «Шіркін-ай, мынадан бір тұқым алар ма еді», - деп ойлады. Содан барып

Қазымбеттей ұлынды алдырдым. Бірақ сен келіп «ерімнің өзі қайтпай тұрып, бітім етпеймін» дедің. Не бізге тіліңді кесіп тастап кетпедің. Содан кейін менен іргенді аулақ салып әрі көштің. Сені қайта бір келтіру үшін мен артта қалған еліңді шаптырып алдым. Ендігі сөздің турасы сенімен достасуға құмармын. «Даудың артын қыз бітейді, судың артын шым бітейді», - деуші еді. Сонда Қазыбек:

- Саған беретін қызым жоқ, қыз берсең алайын, - дейді. Хан Қазыбектен «ұлың нешеу еді» деп сұрайды.

- Қазыбек: Бір жарым ұлым бар, - деп жауап береді. Хан бұған таңданып:

- Бір жарымы қалай? Сенде дығырдай бес ұл бар деп еститін едім, - дейді.

- Қазыбек би оған:

- Менің елге ие болатын ұлым біреу-ақ, аты Бекболат, соны бүтінге есептедім. Ал мал мен қатынға ғана ие болатын үшеуін есепке алып жүргенім жоқ, - деп Қоңтажыға қарапты.

- Қоңтажа өз қызын беріп, оны Бекболатқа қосуды өтініпті. Сонымен қазақпен қалмақтың шапқыншылығы тоқталған екен деседі. Қазыбек осы сапарында хан ордасына бара жатқанда жолыққан жас қызды ала келіп: «Осыны тәрбиеле», - деп оны да Бекболаттың қолына тапсырыпты [2]. Бұдан Қоңтажы ханның Қазыбек бидің шешендігі мен ақылдылығын көріп өз қызын Бекболатқа қосып берген.

Осы сөзге тоқтауды, бір сөзбен сөз түйінін шешуді түркі ой әлеміндегі белгілі ойшыл Ж.Баласағұн өзінің «Құтты білік» еңбегінде «Тіл өнерінің қасиет-сипаты мен пайда-зияны» бөлімінде жақсы айтып берген. Мысалы:

«Көп сөйлеуден артық пайда көрмедім,
Және сөйлеп және ештеңе өнбеді!

Көп сөйлем, аз айт бірер түйірін,

Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін» [3].

Көп сөйлеп сөздің қадірін, қасиетін кетіргенше аз алтын сөздің қадірін бағалай білуіміз керек.

«Сөзіне қарап кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма», -

дейді. Кісіге емес, сөзіне қара – сөзінің әуеліне қара. Айтары ақиқат болса оған қарсы қаруласпа деген сөз тағы бар. «Распенен таласпа, мұмин болсаң», - дейді. Яғни сөзге тоқта дейді. Рас сөзге. Өздері білмей, сөзге де тоқтамай, распенен таласатындарға:

«Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,

Аузымен орақ орған өңкей қыртың», яғни, «Өздеріңнің қырт сөздеріңнен басқа еш сөзге тоқтамайсыңдар! Өздерің білмейсіңдер, хаққа тоқтаған білгеннің тілін алмайсыңдар», - деп кейіді. Осы орайда бір ұлы ғұламаның «талай білімділермен сөз таластырып жеңіп едім, бірақ бір де бір наданды жеңе алмадым» дегені еріксіз еске түседі. Аталарымыздан «сөз емес сөзді сөз қылмай, тыныш отыр!» дегенді естуші едік. Сонда, сөз емес сөз де болады екен ғой деп ойлайтынмын. Ол қандай сөз сонда? Онысы адамы адастыратын өгірік, жалған сөз – сөз емес дегені. Бұл індеттің елге тарап кетпеуін қатты қадағалап отырған аталарымыз» деп «Намыс kz» сайтының тілшісі Мұсылманбек Жұманбай ғаламтор бетінде жазыпты [4].

Бос, көп сөздің артында не жатқанын, оның салдары не болатынын баққан үлкендерді енді ғана түсініп отырған жайымыз бар.

Иә, сөз емес сөзді тыйып, сөзге тоқтай білген аманатшыл бабаларымыздан кейінгілерге осыншама бай мұра қалды.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» – бұл әншейін сөз үшін айтыла салған сөз емес. Аталарымыз жесір-жетімдерді жылатудан, көрші қақысын бермеуден, ағайыннан безуден, кісінің ала жібін аттаудан, шектен шыққан арсыздыққа барудан, елді бүлдіруден аулақ болған. Бүгіміз ше? Құдай алдында қорықпайды. Оның сөзіне тоқтамай ойына келгенін айтады. Сөйтіп жарым ырысқа баланған жақсы сөзден безіп азғындамақ. Бүгінгідей...

Сөз қадірін білгенің – өз қадіріңді білгенің. Ендеше, бір-бірімізбен сыпайы қарым-қатынас жасап, сөйлесе білгенге не жетсін! Ал бізге керегі бір ауыз жылы сөз ғана. Оны ақын Жеңіс Төлеубайұлының мына өлеңінен көруге болады.

«Адамдарға керек әр кез жылылық,
Жылылықта жатыр көркем сұлулық.
Жылы-жылы сөйлеу керек адамға,
Соның өзі қарапайым ұлылық.
Жылы-жылы сөйлеген жөн адамға,
Жылы тәлім жарасады адамға.
Жылы лебіз білдіре алсаң біреуге,
Жылы жауап қайтарады сағанда» [5].

Ел арасында жақсы сөз көп айтылған сайын, әлемде тыныштық орнайды деген сөз бар. Жалпы өмірде көңілге медет, жаныңа шипа болар, бір ауыз жылы сөзді сағынып жатамыз. Осыны ақын өз өлеңінде жазып, біздерге ұсынып отыр.

«Жылы-жылы сөйлеу керек адамға,

Соның өзі қарапайым ұлылық», - дейді ақын Жеңіс Төлеубайұлы. «Ұлылық» деген сөздің өзінде канша мағына бар. Келешекті жақсартуды, жақындатуды ұлы адамдардан үйрену керек. Ұлы адамдар жүрегі сәби жүрегіндей таза. Осы ұлы адамдардың ісінің өзі ұлылық. Бірде оқу орнынан ұстазды іздеп есіктерді ашып, сұраған едім. «Жап-жас қыздар жабыңыз есікті, білмейміз ешкімді», - деп дауыс көтеріп жатқанда, екінші есіктен «Бері келе ғой, кімді іздеп жүр едің?» - деген дауыс естілді. Кіріп едім «Отыра ғой, айта ғой», - деп сұрап жатты. Есіктің сыртында профессор, академик деген жазуға көзім түсті. Айтып отырғаным профессор Тұрсынбек Кәкішов болатын. Бұл жерде айтпағым адам қаншалықты ұлы болса, соншалықты кіші болады екен. Жылы сөз естігенде өзінде ашылып жылы сөйлейсің. Өлеңде ақынның да айтпағы осы еді.

Ал сөздің қадірін білу, сөзге тоқтау, жақсы сөз арнау, жақсы тілек тілеу – қазақтың табиғи болмысы. Бұл өзгеге ұқсамайтын етіп Алланың біздің ұлтқа берген сыйы деп білеміз. Бір-біріне сыйлық жасап, үйіне келген құдайы қонаққа астындағы атын мінгізіп, жақсы бата-тілек айтып жіберген халықпыз.

Мысалы:

«Әуелі, құдай оңдай көр,
Оң жолына бастай көр,
Адасса жолға сала көр,
Сүрінсе қолдан ала көр!

Кездессе шайтан қаға көр!

Жұлдыздармен жалғастыр,
Жақсылармен жанастыр,
Жамандардан адастыр!»

ал, жаңа туған балаға:

«Берік болсын баулары балаңыздың

Баспай өтсін біреудің ала жібін» - деп бата берген. Бір-бірімізге жақсы сөздер айтсақ көңіліміз көтеріліп, жанымыз жадырап, жүрегіміз жібіп салары хақ.

Сөзге тоқтау – атадан қалған аманат екенін бірі білсе бірі білмей жатады. Аманатқа қиянат жүрмейді. Ал біз аманатқа қиянат жасамай жүрміз бе? Соны ойландық па? Жоқ! Сөзге тоқтау былай тұрсын, қазір қайран қазақ тілін былғауға келгенде алдымызға жан салмайтын болдық, қазақ тіліндегі жарнамаларда кетіп жатқан қателер, келсін-келмесін аударылып жатқан терминдер, оңды – солды қолданып жүрген сөздер. Сөз сөйлеу туралы айтқанда тіл тазалығын еске ала кетпесе тағы болмас. «Өткірдің жүзі, кестенің бізі, өрнегін сендей сала алмас», деп Абай атамыз айтқандай, кез келген әңгіменің мәйегі тілдің дұрыстығында, сөздің жүйелілігінде. Шіркін, туған тіліміз әлі де әр жерде шұбарланып жүр-ау. Бұл жайында тіл білгірлері мен жанашырлары айтып та, жазып та жатыр. Мысалы: «велосипед» сөзін «шайтанарба» - деп аударған, – «У него не все дома» - «Оның үйінде бәрі түгел емес». тәжірибесіз жас аудармашылардың жазып жүргендері. Қарапайым ғана «Ты куда?» деген сөз «Сен қайда?» болып кетіпті. Өзге тілдердің ауыз-екі сөйлеу тіліндегі кейбір сөздерді қазақшаға аударғанда сөйлемді толық аяқтау міндетті болып саналады. Әйтпесе мағынасы түсініксіз болып қалады. Тағы бір мысал: «Я сейчас» - «Мен қазір» -деп аударған. Дұрысы «Қазір келемін» деп толық аяқталу керек.

«Ты о чем?» - «Сен не жөнінде?», «Только ни это» - «Тек бұл емес». «(Бір адамға жартас-тан дәу тас құлап келе жатыр екен. Сол кезде ол «только ни это» деп айқайлайды. Қазақшасында - «Тек бұл емес». Яғни «бұл тас емес, басқа біреуі құласыншы» деп тұрған

сияқты» [6]. Міне мұндай қателіктерді айта-тын болсақ толып жатыр. Алматыдағы жерлерді алсақ «жетім бұрыш», «шайтан базар» тағыда сол сияқты атаулар бар. Атының жаманынай! Қалай қойған десеңізші!? Бұл нағыз сөз парқын білмейтін, әйтеуір естіп қалған сөзді пайдалануға асыққан нағыз біліксіздердің сөзі. Өкінішке орай, «Жақсының сөзі – шақпақ, жаманның сөзі – тоқпақ» дегендей, арамызда сөз қадірін жете түсінбейтін, андамай сөйлеп, адам жанына сызат түсіретін бейпіл ауыз, берекесіз сөз иелері кездесе береді. Бұл сөзге тоқтау жоқ деген сөз.

«Ел болам десең, сөзіңді түзе!» деген дана халқымыз. Бұл дегеніңіз, сөзіңіз түзу болса келер ұрпақ тәрбиесіне алаңдау болмағаны, жастарымыздың тәрбиелі

болғаны еліміздің мәртебесінің асқаны деп білеміз.

Сонымен қатар, халқымызда «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді», «Жақсы сөз – жанның ырысы» деген мәтелдері бар. «Жақсы адамның өзі де жақсы, сөзі де жақсы» деген нақыл сөз терең ойға жетелейді. Адамдармен қарым-қатынаста парасаттылық пайымы ел билеген ағалармен қатар өзіңмен тізе қоса жұмыс істеп, тіршілік етіп жүрген қарапайым жандардан да көрінеді.

Қорыта келе айтарымыз, отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елді бүлдіреді. Бүлдіріп те жатқанын көзіміз көріп жүр. Сондықтан, есті аталарымыз айтқан екі ауыз сөздің мәніне үңіліп, түйгенімізді ортаға салдық. Сол себепті де, сөзге тоқтау – атадан қалған аманат екендігі әрдайым есте болып, бір ауыз сөздің қадір-қасиетіне жете білейік.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әуезов М. Абай жолы. – Алматы, 1961, 2-т., - 803 б.
- 2 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы, 1997.
- 3 Баласағұн Ж. «Құтты білік» дастаны III тарау, 7-бап /Көне түркі тілінен аударған А.Егеубаев. 616 б.
- 4 www.namys.kz/
- 5 www.kokozen.com/
- 6 massaget.kz/blog/1006/



«Көп сөйлеуден артық пайда көрмедім,
Және сөйлеп және ештеңе өнбеді!
Көп сөйлеме, аз айт бірер түйірін,
Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін»

Ж.Баласағұн.

ОӘЖ 373.013

D.M. Sovetkanova
Master of Education,
A.E. Sadykova
Master of Education

PSYCHO-PEDAGOGICAL BASIS OF THE INTELLECTUAL DEVELOPMENT OF STUDENTS IN PROBLEM-BASED LEARNING

In this article we consider the theme of problem-based learning. Research in this field has shown that problem-based learning arouses and generates interest in teaching students in the initiative develops knowledge, promotes understanding of the inner essence of phenomena and processes that shapes the ability to see the problem, etc.

The essence of problem-based learning is to create a master circuit problem situations and management of pupils on the independent decision of educational problems. Therefore the most important concepts in problem-based learning are problematic situation and educational problem.

The essence of the problem is that the contradiction between the information known to students and new facts, phenomena, for understanding and explaining that previous knowledge is not enough.

Actions of students when creating teacher problematic situation are the following logical sequence:

- analysis of the problem situation;
- formulation (formulation) problems or awareness and acceptance of the wording of the teacher;
- solution: extension assumptions; justification hypothesis, evidence of hypothesis (theoretical or experimental);
- check on the correctness of decision.

Keywords: *problem-based learning, knowledge, logic, thinking, search, and education.*

Бұл мақалада, проблемалық оқытудың ерекшеліктері мен бүгінгі білім берудегі маңыздылығы ашып көрсетілген. Проблемалық оқытудың негізі ерекшелігі – оқушының білетіні мен білмейтінінің арасында қайшылықтар пайда болады және проблемалары міндетті шешуге дайын тәсіл болмағандықтан, проблемалық ситуация пайда болады, осыған орай оқушының ізденушілік әрекетімен ынтасы күшейе түседі. Проблемалық оқытудың мақсаты - ғылыми таным нәтижелерін, білімдер жүйесін ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге бұл нәтижелерге жету жолының өзін де, процессін де меңгеру, оқушының таным дербестігін қалыптастырып, оның шығармашылық қабілеттерін дамыту. Проблемалық оқыту-ойлау операциялары логикасы (талдау, қорытындылау және тағы басқа) мен оқушылардың ізденіс әрекетінің заңдылықтарын (проблемалық ситуация, танымдық қызығушылығының, қажетсінуінің және тағы басқа) ескере отырып жасалған оқу мен оқытудың бұрыннан мәлім тілдерін қолдану ережелерінің жаңа жүйесі. Сондықтан да, көбінесе білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамытады және сенімдерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: *проблемалық оқыту, таным, білім, ойлау логикасы, ізденіс.*

В данной статье мы рассматриваем тему проблемного обучения. Исследования в этой области показали, что проблемное обучение будит и формирует интерес к учению, развивает инициативу учащихся в познании, способствует пониманию внутренней сущности явлений и процессов, формирует умение видеть проблему и т.д.

Сущность проблемного обучения состоит в создании учителем цепи проблемных ситуаций и управлении деятельностью учащихся по самостоятельному решению учебных проблем. Следовательно важнейшими понятиями в проблемном обучении являются проблемная ситуация и учебная проблема.

Сущность проблемной ситуации заключается в противоречии между известными учащимся сведениями и новыми фактами, явлениями, для понимания и объяснения которых прежних знаний недостаточно.

Действия учащихся при создании учителем проблемной ситуации проходят в следующей логической последовательности:

- анализ проблемной ситуации;
- формулировка (постановка) проблемы или осознание и принятие формулировки учителя;
- решение проблемы: выдвижение предположений; обоснование гипотезы; доказательство гипотезы (теоретическое или экспериментальное);
- проверка правильности решения.

Ключевые слова: *проблемное обучение, познание, логика мышления, поиск, образование.*

One of the factors the research of the intellectual sphere is the phenomenon of students problem-based learning. Problem-based learning - is an organization of training sessions, which involves the creation of teacher-led problem situations and active and independent activity of students to solve them, with the result that occurs creative mastery of professional knowledge, skills and abilities and the development of thinking skills.

Depending on the purpose of the task training school can be problematic and non problematic. If the before school seeks to develop students' thinking, their creative abilities, the pedagogically well-organized learning can not be problematic.

Problem- development teaching - a modern level of development of didactics and pedagogical practices. It is effective way overall development of students. «Problem» it is not called because the entire course material, students learn only through self-help and the «discovery» of new concepts. There is also the teacher's explanation, and reproductive activities of students, and setting goals and doing the exercises. But the organization of the learning process based on the principle of problematical and systematic solution of educational problems - a characteristic feature of this type of training. Because the whole system with methods aimed at the overall development of the student, his

individual skills, problem-based learning is a truly developmental education [1, 105].

Problem training includes in itself the following principles:

- logic of the educational process and the educational-cognitive activity of pupils;
 - methods of organization and management;
 - recovery of teacher the content of the studied material;
 - Teacher control over the process and results of operations of students;
- The main conditions for successful application problem-based learning as follows:
- problematic situations should be consistent formation of knowledge systems;
 - be accessible to students and meet their cognitive abilities;
 - should call their own cognitive activity and activity;

What is the essence of the problem-based learning? The learning process is that in a problem-based learning - the job should be for an independent analysis of the problem and finding the unknown. And this in turn leads to the intellectual development of students .

Because intellectual development - the most important aspect of training the younger generations. Proved that intellectual development - continuous process, commit to teaching, work, games, life situations, and that it occurs most intensively during the active

learning and creative application of knowledge, ie in acts that contain particularly valuable for the development of intelligence.

You can highlight the typical features of a developed intellect, knowledge of which is important for understanding the intellectual upbringing.

Developed intelligence differs systematically, providing internal communication between the task and the means necessary for its most efficient solutions, which leads to action sequences and searches.

Due to the above question of substantive criteria (signs, indicators) mental development. List of the most common criteria gives N.D. Levitov. According to him, mental development is characterized by the following indicators:

- 1) independence of thinking,
- 2) the speed and strength of Learning,
- 3) the speed of mental orientation (resourcefulness) for solving non-standard problems,
- 4) deep penetration into the essence of a phenomenon (the ability to distinguish the essential from the nonessential)
- 5) criticality of mind, lack of inclination to biased, unfounded judgments [2, 89].

DB Elkonin main criterion for mental development is the presence of well-organized structure of learning activities (training activities formed) with its components - the problem statement, a choice of funds, self-control and self-examination, as well as the right balance of substantive and symbolic plans training activities [3].

NA Menchinskaya consider in this connection mental activity such features as:

- 1) fast (or, respectively, slowness) assimilation;
- 2) Flexibility of thought process (ie the ease or respectively, the difficulty of restructuring work, adaptation to changing conditions tasks);
- 3) a close relationship (or, respectively, fragmentation) of visual and abstract components of thinking;
- 4) different levels of analytic-synthetic activity [4, 65].

According aforecited criteria mental development school should come to basic methods of problem-learning .

There are various options for formulating and solving problems in the classroom:

1. Teacher solves the problem

The teacher poses the problem or problems and he solves them, presenting lecture material. In this form of activity, students outwardly passive, but within each of them pass processes of understanding, acceptance and memorization.

This approach can be used when teaching students to language creativity. Teacher sets the task to compose a tale (story, history, and the like) and write it in the moment of the lesson. Students learn by the example of the teacher language creativity. The teacher sets the task to compose a tale (story, history, and so on) and writes it in the moment of the lesson. Students learn by the example of the teacher in this process.

2. Lecture - talk

Teacher confronts students problems and offers to solve them together. Asking new questions, clarifying and supplementing the answers (but not with bad criticism), teacher structures, organizes and leads to expressions general conclusions on individual sections of the lecture. It is like leading the conversation, and the classical notion of lecturer here disappears.

Conducting problem lecture - talk requires the teacher in-depth knowledge of the topic. He should be able to put questions clear and understandable, quickly orientate the statements of students and develop them and guide additional precise questions to solve the problem [5, 78].

3. «Brainstorm»

Majority vote, students choose nine members of the group. They are located at the first tables. Participants, «assault». The teacher introduces students with the problem. for representatives of the group handing out cards on which they are within five minutes they write your opinion. After it the cards are passed to each other and get acquainted with all the views of others. After that, for three minutes, participants

«brainstorming» are filling new cards. Better to put in the corner of the name of the card to the teacher could compare the change in the views [5, 96].

4. The method of «CASE STUDY»

The method is specific situations simulation: using this method in training precedes the development or use of a specific example of finished materials describing the real situation. This may be a statement of any events, a description of a conflict or problem, emotional-behavioral aspects of interaction - modeled corresponding to the content of learning process in real conditions. Key questions of the teacher in analyzing the situation: «What have you done?», «What aspects of the action you think is right?», «What could have been done better?», «How can you solve this problem?». These questions help the student develop the ability to take a new look at the world: for a particular job, for organization, own activities and views. It is oriented to the future, aimed at re-evaluating its activities, to development of new approaches, «What could we do?», «What is the problem?», «What are the possible ways to approach the problem?», «What can happen and what can result if...?» [6].

Problem-based learning is the problem of teaching and teaching problem. Problem - based teaching learning activities in the design, systems cognitive situations, as well as psycho - pedagogical management of their resolution by the students. Problem teaching can be considered as a complete structure of training activities on the assimilation of knowledge and modes of action, which presents the analysis of the problem - situation from the perspective of information, objectives and modalities for addressing ending wording problems, hypotheses and justification, «decision-making and working action programs, performances and analysis of the results. Characteristic of the problem situation YN Kulyutkin said: objectively mismatch occurs (contradiction) between the target corresponding to a currently valid practical needs and the means to achieve it, the emergence of the cognitive relation

to the actual situation, the emergence of the subject orienting reaction occurrence needs to understand the situation, the formation position of the subject [7].

Thus, the student's subjective position, located before the problem situation, comprises of the two conditions, which undoubtedly plays a fundamental role in the decision:

1) a subjective understanding of the objectives, the relationship to the object of study;

2) vision uncertainty prevailing explicitly or covertly, in the situation existing gap between what is known and what is unknown. Only under these conditions can act aimed at the elimination of contradictions solution. Consequently, the problem situation must be entity the subject.

According to this logic, any problematic situation is considered from the perspective of the subject. This applies to both teacher and student. Psychological nature of the perception of the problem situation for them is tantamount. The difference lies in the content side and the extent of uncertainty. For a student with a problem situation has training function. The level of uncertainty included in it, constituting a didactic sense who knowingly laid teacher, and limited to a certain extent defined, calculated on the possibility of the student, so its estimate pupil visible and predictable. For student is perceived as problematic situation arises naturally in the learning process.

Key aspects of the implementation of problem-based learning as an educational technology in the classroom, we can draw the following conclusions:

1. Problem learning - this training, in which the teacher poses the problem to students and organizes the process of solving it.

2. Problem-based learning is one of the most effective means to enhance students' thinking.

3. Problem situation and learning problem are the basic concepts of problem-based learning .

4. Educational problem - it is a form of the problematical principle in learning.

5. Decision educational problem is the result of active thinking process.

6. Problematic is the first lessons in any subject.

7. Problem-based learning available almost for all students.

The ultimate goal of the teacher - the formation of intellectual personality. Means is a learning activity, content - information about the person, about nature, substance, noosphere. Its structure and composition dictate learning activities, during what constitutes student conduct system, develop its cognitive action, activity, motivation, is forming goals and values are. Problematic situation is didactic condition for nomination and formulation of

educational issues and is the result of a certain stage of professional educator structuring of educational material. Pedagogical modeling is the educational problems in the learning process associated with a number of preliminary actions.

Modern studies in the field of pedagogy, convinced of the necessity and the possibility of using problem-based learning methods in order to ensure the overall development of students, forming a theoretical way of thinking, based on specific. Through knowledge of students of special structures content of educational material, reflecting the determinism of the phenomena studied, events, facts, we can show their interrelationship and interdependence.

REFERENCES

- 1 Kudryavtsev T.V. Problem-based learning: the origins, nature, and prospects. – M: Знание, 1991.
- 2 Levites N.D. Essays on educational psychology. – Moscow, 1946.
- 3 El'konin D.B. Formation of mental action of sound analysis of words in preschool children // Reports APN RSFSR. 1957. Number 1.
- 4 Menchinskaya N.A. Problems of teaching and development / / Problems of general, developmental and educational psychology. – M., 1978.
- 5 Mahmutov M.I. Problem-based learning . The main problems in the theory. - M: Education, 1975.
- 6 www.mental-skills.ru/dict/detail.php?ID=8239
- 7 Kulyutkin Y.N. Psychological knowledge and the teacher / / Questions of psychology. 1983, № 3, p. 45-57.
- 8 Sadykova A.E, Kurmangali A.K. The role of family education in the formation of student potential. // «National Education». Number 3, 2012.



ӘОЖ 37.018.11-055.25

Г.М. Әбжан

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану кафедрасының магистр-оқытушысы*

ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ ҮДЕРІСІНДЕ ЕР-АЗАМАТТЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Отбасы – болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықты сіңіретін тәрбие ошағы. Жеке адамның бойындағы ар-ұяты, ой-өрісі, әдептілігі мен мәдениеттілігі отбасынан бастау алады. Бала тәрбиесі – отбасының жүйелі түрде жүргізген жұмысының нәтижесі. Өйткені, баланың уақытын дұрыс ұйымдастыра білу, оның мектепте алған тәлім-тәрбиесінің қалыптасып, отбасында жалғасын табуы бәрі де ата-ананың басшылығы арқылы жүзеге асырылады. Ата-ананың бала тәрбиесіне ықпал ете білу шартының бірі - олардың баламен әділ сөйлесіп, ашық пікірлес болуы. Осылай өзара қарым-қатынас баланы еріксіз ата-анаға жақындатып, олардың айтқандарын шын ықыласпен қабылдауға мәжбүр етеді. Балаларды ізеттілікке, адамгершілікке, еңбекқорлыққа және т.б. қасиеттерге тәрбиелеуде отбасының мүмкіндіктері ерекше. Бұл мақалада ұрпақ тәрбиелеуде ер азаматты тәрбиелеудің орны ерекше екендігін атап көрсеткен.

Түйін сөздер: *отбасы, отбасылық қатынастар, отбасы институты, ата-ана, отбасы мүшелері, ұл бала тәрбиесі.*

Семья является одним из главных институтов воспитания. Это объясняется тем, что в ней ребенок находится в течение значительной части своей жизни, и по длительности своего воздействия на личность ни один из других институтов воспитания не может сравниться с семьей. В семье закладываются основы личности ребенка, и к моменту поступления в школу он в значительной степени сформирован как личность. Проблема воспитания и обучения ребенка в соответствии с его полом является актуальной задачей педагогической работы с детьми дошкольного возраста. В этой статье рассматриваются вопросы особенности воспитания мальчиков. Большое значение в воспитании детей традиционно играло старшее поколение – бабушка и дедушка со стороны отца. Именно старики являлись хранителями традиций семьи, они старались передать их молодому поколению.

Ключевые слова: *семья, семейные отношения, институт семьи, родители, члены семьи, воспитание мальчика.*

Family is one of the main institutes of education. This is explained by the fact that it is a child for much of his life, and the duration of its impact on the individual, none of the other institutes of education can not be compared with the family. The family foundations child's personality, and by the time they start school, he formed largely as a person. The problem of education and training of the child in accordance with its floor is a challenge pedagogical work with children of preschool age. This article discusses the issues especially education of boys. Great importance in the education of children has traditionally played the older generation - the grandparents from his father. It is the custodian of old family traditions, they tried to pass them to the younger generation.

Keywords: *family, family relationships, family institution, parents, family members, the boy's upbringing.*

Отбасында ішкі отбасылық қатынастарға байланысты, әке мен ананың тәрбиелік ықпалы анықталады, балаларға жақсы ықпал етуге жағдай жасалады. Тәрбиенің біртұтас өзіндік жүйесінің қазақ отбасында қалыптасуына ықпал етуші түрткі-қазақ халқының балажандығы, балаға деген ерекше махаббаты, ілтипаты болса керек. Бабам қазақ бала тәрбиесіне қашан да бей-жай қарамаған. Баланы ертеңгі ел қорғайтын ер, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кеңдікке тәрбиелейтін болған. Бір ғана «баланы жастан» деген сөздің астарынан қазақтың бала тәрбиесіне қаншалықты көңіл бөлгенін аңғаруға болады. Баласы есейіп 14-15 жасқа келгенде атқа мінгізіп алыстағы аузы дуалы ақсақал қарттарға сәлем беріп кел деп жіберетін болған, ондағы мақсат: көпті көрген көне көз қазыналы қарттардан тарихта болған жайларды, бабалар ерлігін тыңдап, кең байтақ жерімізді батыр бабаларымыз ерлікпен қорғағанын, дархан даламыздың бүгінгі және кейінгі ұрпаққа аманат екенін саналы түрде санасына сіңіріп отырған. Міне, бұл ер тәрбиесі.

Отбасы және отбасылық қатынастар өте күрделі үдеріс. Ол халықтық махаббат, отбасы, ата-аналар туралы түсінігі негізінде сан ғасырлық өмір тәжірибесі негізінде қалыптасты. Қазақ отбасында ұлды тәрбиелеуші институттар қалыптасқан. Олар:

Аға – бір әке-шешеден туған (немесе бір рудағы ағайын-туыстың) жасы үлкен жігіт. Ағаның жөні де, жолы да үлкен деп есептеледі. Жасы кішілер аға алдында әдеп сақтап отырғаны жөн. Олар жұмыс істеп жатса, жастар: «Мен істейін», – деп қол ұшын беруі керек. Аға – жасы кішілер үшін айбар, қорған, сүйеніш әрі мақтаныш.

Іні – бірге туған ағайынды адамдардың ер жынысты жасы кішісі. Оның жасы кіші болғандықтан жолы да кіші болады. Ол аға, апа алдында кішілік міндетін түсінуге, мойындауға тиіс. Ағайындылар бас қосқанда жеңіл-желпі жұмысты іні атқаруға тиіс. Іні – аға мен апаның ізбасары, сүйеніші, қоланаты, сенімі, үміті. Ескере жүретін бір жай – інінің

баласы ағаға бала болады, ал сол балалар інінің апасына іні болып қала береді.

Әке – ұрпақ иесі, панасы, айбары, үй басшысы және асыраушысы және тәрбиешісі. Жеті атадан санағанда екінші ұрпақ. Ол тек бір отбасы ғана емес, ауыл, ру қамқоршысы, үлкен-кішіге бірдей азамат, ел ағасы ретінде көрінеді.

Әр отбасы – жеке мемлекет. Бұл мемлекеттің іргетасын қалаушы, оны басқарушы, отағасы – әке. Отбасының рухани, материалдық жағынан құлдырамай, мықты болуы әкеге байланысты. Ұлы күш пен сабырлықтың иесі болып табылатын – әке. Әке өсиеті мен тәлім-тәрбиесінің маңызы ерекше. Қанша дегенмен, жүрегі жұмсақ аналарымыз кейде тым еркелетіп жібергенде, әкенің салмақты сөзі ауадай қажет болып жатады. Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Отбасындағы бала тәрбиесінде әкенің орны ерекше. Әке үйі барлық балалары үшін «үлкен үй», «қара шаңырақ» деген киелі ұғымдармен сыйлы да құрметті. Әке тәрбиесі арқылы, ұл мен қыз балалардың өздеріне тән мінез-құлықтарын ерекше сергектікпен қалыптастыратындығы да анық. Әсіресе, ұл бала үйдегі де, сырттағы да ер адамға қажет тағылымдарды, көбінесе әкесінен үйренуге ұмтылады. Сондықтан да, әке тәрбиесі дұрыс та, мейірімді болу керек. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», – деп бекер айтпаса керек.

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», – деп мадақтайды. Отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударылған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. «Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оны жақсы

тәрбиелеуі» дей отырып, баласын оқытып, күнін көре алатындай мамандық иесі етіп қалдыру, балаларды жақсы көріп, оларға көңіл бөлу, үйленер жасқа келгенде баласын үйлендіру, баласына ат қою, баласын сау етіп өсіру – бұлар әкенің басты міндеттерінің бірі.

Баланың өмірінде болып жатқан әр түрлі жағдайлардың бәрі баланың ақыл-ой, санасына байланысты. Дегенмен, дұрыс бағытқа бағдарлау көп жағдайда әкеге байланысты. Ары қарай өмір теңізінде кез болар қиындыққа төтеп беру де, суға кету де осы бағыттың нәтижесін бермек.

Бала тәрбиесі жөніндегі түсініктер жинақталып, педагогикалық тұрғыда практикадан тексерілген, халықтың педагогикалық мәдениетінің байлығын көрсететін ереже, ақыл кеңес, ұсыныстарда көрініс тапты. Халықтың тәрбиесіне ерекше тамсанып, таңданған этнограф, фольклорист, зерттеушілер де белгілі. Мәселен, Шиле: «Қазақтың өз әйеліне немесе балаларына қол жұмсағанын біреу-міреу көрді ме екен?! Олар, әсіресе балаларға мейірімді» деген пікір білдірген екен [1,315].

Ер-азамат – отбасы атты институттың тірегі һәм қорғаушысы. Задында, Табиғат-Ана ер-азаматтың мойнына осындай міндетті жүктеген. Әйтсе де, соңғы жылдары отбасы, ошақ қасындағы ер адамның рөлі һәм қызметі жайында әрқилы пікір айтылып жүр. Біреулер «ер-азаматтар тым ұсақталып барады» десе, енді біреулер «бөріктілер жауапкершілікті сезінбейді» деп кінә артады. Зерттеулерге сүйенсек, ер адамның бала тәрбиесінде рөлі маңызды. Мәселен, 3 жасқа дейін бала әкені қажетсінбейді. Ал 3-8 жас аралығында әке баланың досы атануы тиіс, 7-18 жас аралығындағы балаға бағыт көрсетіп, ақыл айтқаны дұрыс. Осы орайда, педагог Нәзира Жұманазарова өтпелі кезеңде ер балаларға қатал тәрбие ауадай қажет екенін айтады. «Соңғы кездері ер-азаматтар ұсақталып барады» дегенді жиі естиміз. Мұның бірден-бір себебі тәрбиеде. Байқап қарасаңыз, тал бесіктен бастап, баланың тәрбиесі тікелей әйелдерге, аналарға, әжелерге ғана байланысты. Балабақшада, мектепте ер-

азаматты әйел тәрбиелейді. Әйел затының тәрбиесін көрген ер адам сол ортаға бейім келеді де, өзінің табиғи ерекшеліктерінен ажырайды. Сол себепті бала тәрбиесіне ер-азаматтарды көптеп тарту керек» дейді ол. Саяси шешімдер институты жуырда «отбасындағы ер-азаматтың рөлі қандай болу керек?» деген сауалдың аясында зерттеу жүргізген. Сұралғандардың 53,6 пайызы «ер адам – отбасының асыраушысы» деп жауап қатса, 36,3 пайызы ер-азаматты қорғаушы һәм көшбасшы деп атаған. Ең қызығы, сұралғандардың 3,6 пайызы ер-азамат үй шаруасымен және бала тәрбиесімен айналысу керек деп жауап беріпті. Жуырда «өзіңізді ересек ер адам сезінесіз бе?» деген сұраққа 7 пайыз «ия, сезінем» депті, 33-пайыз «көбіне солай» депті, 40 пайызы «уақыттың басым бөлігінде олай сезінбеймін» депті, қалған 20 пайызы «ересек ер адам болып сезіну қиынға түсетінін» мойындапты. Неге олай? Неге ерлер өздеріне бақытты, өздеріне сенімді болып ер жетпейді? Жауабы қарапайым. Соңғы кезде оларды ешкім ер болуды әдейі үйретпейді... Балаға ер идеалы қалай көрінеді?

Отбасыңызда өсіп келе жатқан азаматтың тәрбиесі мен дамуына ерекше көңіл бөліңіз, неге үйрету керек, нені білуі керек, мұның бәрін білу **МАҢЫЗДЫ!**

Көпшілік жағдайда ата-аналар балаға жалпы «бала» ретінде қарайды. Ұл қыз деп бөле бермейді. Отбасында тәрбие дұрыс болу керек. Ал, қазір көп айтылып жүрген гендерлік саясат, ұл мен қыздың арасындағы психикалық, қылықтық айырмашылықтар есейгенде емес, өте ерте балалық шақтың өзінде басталады. Шығар қорытынды ұл мен қызға бірдей тәрбие беруге болмайды.

Жиырмасыншы ғасырдың басында біздің аталарымыз ұл мен қызды тәрбиелеу ұстанымдарының әртүрлі екенін білді. 7-8 жастан кейін ұлдар ер азаматтардың ортасынан табылды (Абай жолында). Ұлдар оқу үшін ауыл молдасына (қыз бен ұл бөлек-бөлек дәріс алады) кәсіп үйрену үшін ұстаханаларға барды. Мал баққанның өзінде ерлер қауымының ортасына түсті. Өз нанын

өзі табуға қазіргі уақытпен салыстырғанда мектеп табалдырығын аттайтын жастан-ақ әрекеттенді. Осыдан небәрі 100 жыл бұрын ұлдар үйдің еркекке қатысты шаруасын дөңгелетіп әкетпесе де меңгере бастады. Ал, ол кездің осы жастағы ұлдары аға буынның, ағаларының, әкелерінің ортасында жүріп, олардан өмір сүрудің сабақтарын «ер азаматша» меңгере бастайды. Ал, ер азаматтар атқаратын міндеттер өзгерді. Аң аулау, балық аулау бұрын күнкөріс қамы болса, бүгінде хоббиге айналды. Ауылдық жерлерде болмаса ағаш та жармайды, жер де аудармайды. Ер-азаматқа тән мінездер, жылдам шешім қабылдау, батылдық, төзімділік сияқты қасиеттерді шыңдайтын ауыр жұмысты бүгінде ерлердің белгілі бөлігі ғана атқарады. Ал, ұлдарымызда әкесін жұмыс орнында көретіндей мүмкіндік жоқ (Бүгінгінің ер азаматтары төзімділігін, іскерлігін бәрін-бәрін жұмыс орнында көрсетеді). Өмір солай, амал жоқ отағаларын (әкелерін) ұлдары үйде анасының берген тапсырмасын орындап жүргенде көреді. Отағасы үйде теледидар көреді, газет оқиды. Өсіп келе жатқан ұлдың көретіні осы. Мұнан не тәрбие алуға, не үйренуге болады? Сонан кейін бүгінгінің азаматы әлсіз деген қорытындыда жүреміз. Ер балаға қоғамда өзіне тән ролді ойнау үшін, өзін ерлер қауымының мүшесі ретінде сезінгені маңызды (өз құндылығы, ережесі, шектеулері мен еркіндігі бар үлкендер одағы). Бұл балаға ерлердің мінез-құлығы қандай болу керек, содан хабар береді және еліктейтін адамын табуына көмектеседі. Мәселен, мұндай одақтар қатарына кіретін әскери мектептер, мінезді бапкері бар спорт секцияларына барып жүрген ұлдар ерте есейеді, 12-14 жасында-ақ өздерін үлкендер сияқты сезінеді, өзінше шешім қабылдайды. Ал, егер мұндай орта болмаса, ұлдар оны ойдан шығарып алады. Футбол фанаттары, рокер клубтарының пайда болуы ер азаматтар одағына деген осындай қажеттіліктен туған. 12-15 жасар жасөспірімдер үлкендердің әлеміне жетелейтін ағаларының ықпалына оңай түсіп қалады. Сондықтан да, олардың дұрыс

жолға жетелейтініне көз жеткізгеніңіз абзал! Қыздан гөрі ұлды өсіру қиынырақ. Олардың тәрбиесінде маңызды көрінбейтін бір ерекшелік бар. Ер баладан кішкентай кезінде көргіміз келетін жақсы әдеттерді, үлкейгеннен соң да көргіміз келетіні бар. Бірақ бұл дұрыс емес. Жақсы бала – мейірімді, тілалғыш. Егер қыз бала үлкейгенде де осылай болса керемет, өйткені бұл қасиеттер әйел үшін аса қажет. Ал ұл үшін өзгеруге тура келеді.

1. Табандылық, Еркіндік күші. Өз дегенінде тұра алмаған бала, үлкен болғанда өз мақсатына жетуде табандылық таныта алмайды. Мұндай мінезді тәрбиелеуге қолайлы сәт 3 жас. Бала бізді осы жасында өзінің қайтпайтындығымен, не ойласа соны істетуге әрекеттерімен әбден әбіржітеді. Оның солай істегенін көтеруіміз керек. Бұл еркіндік күшін тәрбиелейді. Бала өзіне-өзі сенімді бола бастайды. Сіз нәтижені бірден күтпеңіз, ұлыңыздың бұл қасиеті күрес пен жеңіске жетуде көрініс табады. Балаға айтқанын істеуге 60 пайыз жағдайда мүмкіндік беріңіз.

2. Өзіне деген сенімділік. Бұл жерде абай болу керек. Баланы бар уақытта мақтау, мақтаншақтыққа әкеледі. Қанағаттанбаушылық, сынмен қарау сияқты аса маңызды қасиеттер жоғалады. Егер «Әрине мұны істеу оңай емес, бірақ сені оны істей аласың, сенің қолыңнан келеді», «Адамның бәрінде келеңсіздіктер кездеседі, соған қарамастан жетістікке жетуге болады» деген сөздер бала кезінде айтылса, онда ол өмір бойына қалады.

3. Батылдық. Кішкентай бала төбелесу керек (Кейбір аналар мен әжелер мұнысы несі деуі мүмкін). Егер оның әрекеті қорғану, өзін қорғау мақсатында болса. Бұл ер бала өмірінің ажырамас бір бөлігі және ол осылай есейеді.

4. Қамқорлық. Сенімділік. Егер анасы оның баласы қамқор әке, жолдас болатынына сенсе, ол шын мәнінде солай болады. Ол үшін анасы ерлер қауымы туралы жақсы ойлар ойлауы, жақсы сөздер айтуы керек. Ер-азаматтың балаңыз үшін өте жағымды бейнесін жасаңыз.

5. Қайырымдылық пен мәрттік. Ұлдар мәжбүрлегенге көндікпейді. Ұлыңыздан шынайы қайырымдылық көру үшін, ерлерге тән мынадай ерекшелікті кәдеге жаратыңыз. Ер-азаматтар жастарына қарамастан мақтау сүйеді, өздерін мақтағанды тәуір көреді. Мақтау қыздармен салыстырғанда ер бала үшін маңызды. Сондықтанда, ұлыңыздың жағымды қылықтары туралы міндетті түрде айтып, қолдауыңыз керек.

6. Ашық-жарқындық. «Ұлдар жыламау керек» деген үйреншікті сөзді мейлінше аз айтыңыз. Ой, сезім дүниелерін талқылауға, ортаға салуға шектеу қоймаңыз. Барлық мәселені ортаға салып шешуге болады. **Тәрбиеленген ұлыңыз болашақта күшті де батыл, епті де енселі азамат болсын десеніз, қазірден бастап солай ержетуіне жағдай жасаңыз.**

- Отбасыңызда өсіп келе жатқан азаматтың тәрбиесі мен дамуына ерекше көңіл бөліңіз.

- Оны неге үйрету керек, нені білуі керек екенін жоспарлаңыз.

- Оған «бала» ретінде қарауға болмайды.

- Ұл мен қыздың арасындағы психикалық, қылықтық айырмашылықтар балалық шақтан басталады. Сондықтан ұлға қыздың тәрбиесімен бірдей тәрбие беруге болмайды. Қаталдау қараудың да зияны жоқ.

- Әкенің көңілінен шығатын іс жасауға дағдыландырған абзал.

- Ер баланың қолы қашанда жұмыстан босамауы тиіс. Кішкентайынан айналысатын нәрсе тауып беріп отыру керек. Қыз баламен салыстырғанда ұл баланы аз еркелеткен ләзім.

- Ер балаға еш уақытта: «Бұл сенің әлің келетін нәрсе емес», - деп айта көрмеңіз.

- Ер азаматтардың ортасында көбірек болуын қарастырыңыз.

- Үйдегі шегеге дейін арнайы шебер алдырып қақтырмай, мұндай істерді ұлыңызға сеніп тапсырыңыз.

- Баланы ерлерше тәрбиелеуді 3 жастан бастау керек. Бұл жаста баланың бойында бетінен қайтпайтын қайсарлық, ойлаған нәрсесін істеуге әрекеттену, еркіндікті сезіну байқалады.

Бала – ол өте нәзік те сезімтал адам. Оның жанын жаралап алу өте оңай, алайда осы бір жара өмір бойы сыздап жүруі ғажап емес. Бала кезінде шешілмей қалған мәселелердің салдары ер жеткен кезде кейбір психикалық ауытқуларға негіз болатынын ұмытпаңыз.

Көптеген ата-аналарды: бір мезгілде қатал да мейірімді бола білу, өз баласының алдындағы ата-аналық биігінен түспей тұрып, оған қалайда ең жақын дос бола білу жайы көп ойлантады. Төмендегі өте маңызды ақыл-кеңестер бала тәрбиесі барысында ерекше орын алуы тиіс деп ойлаймыз:

1. Көңіл күйіңіз болмай тұрған кезде ешқашан да бала тәрбиесімен айналыспаңыз. Өз балаңызбен тығыз қарым-қатынас орнатуға тек қана Сіздің көтеріңкі көңіл күйіңіз, оң көзқарасыңыз ғана әсер етеді. Тәрбие сатылы деңгейде жүргізілгені дұрыс. Әр биікке өз уақытында, біртіндеп көтеріліп отырған дұрыс.

2. Бала – біздің айнамыз. Олар ең алдымен ата-анасынан үлгі алатынын және көп жағдайда біз өмірде қандай қадамдар жасасак, олар да сондай қадамға баратыны есте жүрсін. Балаңызбен әңгімелесу нәтижелі болуы үшін, ең алдымен ашық жарқын сенімге құрылған риясыз әдісті таңдаңыз. Сіздің сөздеріңіз қатал естілуі мүмкін, бірақ ешқашан да ауыр әрі өрескел болмауы керек. Ақырын әрі сенімді айтылған әңгіме ғана ата-ананың талаптары мен ойларын балаға жеткізе алады. Балаңыз үшін керек уақытта қажетті ақыл қосатын, оның қадамдарын айыптамайтын ең жақын досына айналыңыз.

3. Өзін және оны қоршаған адамдарды жақсы көруге үйретіңіз. Бұл оны өзіне өте сенімді адам ретінде қалыптастырып, қоршаған ортамен байланысын жолға қоюға көмек береді.

4. Бір мезетте қатал да мейірімді бола біліңіз. Егер сіз балаңызға деген ыстық ықыласыңызды үнемі білдіре отырып, тек керек уақытында ғана ұрсатын болсаңыз, онда бұл сіздің тәрбиеніз барысында міндетті түрде жемісін береді.

5. Оған өмірдегі өз ұстанымына тұрақты болуды үйретіңіз.

6. Баланы әр кезде оның көзіне қарап тұрып, мұқият тыңдаңыз, өйткені тек сол сәтте ғана оның ішкі жан дүниесі мен алаңдатқан мәселеге сіздің бей-жай қарамайтыныңызға сенімі болады. Өзіңіздің бос уақытыңызды үнемі балаңызбен өткізуге тырысыңыз. Ондай сәттер баланың өзіндік орнын сезініп өсуге мүмкіндік береді.

7. Жанжалдасқан күйі екі жаққа бөлініп жүре беруге болмайтынын ұмытпаңыз, ең алдымен балаңызбен татуласып алыңыз, содан кейін ғана өз жұмыстарыңызбен жүре берсеңіз болады.

8. Әр уақытта оған қажет болғанда үйде болғаны қандай жақсы екенін жадына салып, мақтап отырыңыз, себебі ол өзінің қажеттігін түсініп, үнемі үйге асығатын болады.

9. Өзінің жақсы адам екенін ескертіп отыру керек, алайда, басқалардан артық емес екенін естен шығармай, айтып отырған жөн, себебі оның тым тәкәппар және екіжүзді болып өспегені жақсы.

10. Оның таңдауы мен пікіріне құлақ түріңіз. Тіпті сіз онымен келіспейтін болсаңыз да, оны ешуақытта сынамаңыз. Оны өз қадамдары үшін жауап беруге үйретіңіз. Оның өзін емес, әруақытта жақсы қадамын бағалап, егер ол дұрыс емес жасаған болса, қателігін көрсетіңіз, оның орнында өзіңіз болғанда былай істер едім деп, таңдау және шешім қабылдау құқығын оның өзіне қалдырыңыз. Ешуақытта оның осыған дейін жасаған қателіктерін еске алмаңыз. Болған нәрсенің барлығын өткен күнге қалдырыңыз.

11. Оған тым қатты талап қойып, ұзын-сонар ақыл-кеңес айтудан аулақ болыңыз, оның жанын жаралайтын немесе намысына тиетін ащы әзіл не тенеулер, әжуа айту ешуақытта дұрыс болмайды. Егер сізді оның мінез-құлығы ренжітсе, бұл жайлы өзіне айтыңыз. Бұндай кезде оның тәртібін талқыламаңыз, тек өзіңіздің көңіл-күйіңіз туралы айтыңыз.

12. Шектен тыс бақылауды азайтыңыз, бұл көп жағдайда табыс әкелмейді.

13. Ол ақтай алмайтын үмітті, көтере алмайтын жүкті оған артпаңыз. Бастапқыда өзіңіз одан не талап ететінізді анықтап алған

жөн. Содан соң барып, міндетті түрде оның не қалайтынын біліңіз, ұстаным жасауға тиіс аса маңызды жағдайлар бойынша міндетті түрде келісімге келуге ұмтылған дұрыс.

14. Әңгіме барысында оның маңызын жоғалтпау үшін көпсөзділіктен арылу керек.

15. Сіздің баланы мәжбүрлеуіңіз тым нәзік, жан-жақты әрі жалғаспалы сипатта әсер ететіндей болуы керек. Әр уақытта баламен үлкен адамдарша, оны кішірейтіп, еркелетер сөздерді барынша аз қолдана отырып сөйлескен абзал.

16. Даулы мәселелер орын алған жағдайда бала өзін үнемі қателесуші ретінде сезінбес үшін оған жол беріңіз. Бұл арқылы сіз балаңызға біреуді кешіруді, өз қателігін түсінуді, жеңілістер мен қателіктерді мойындай білуді үйреткен болар едіңіз. Оны ақылы, таланты, сұлулығы немесе тума дарыны үшін емес, қарапайым ғана оның осылай бар болғаны үшін ғана жақсы көріңіз.

17. Есіңізде болса, балаға үш негізгі қасиетті дарытуға міндеттісіз: шешім шығару, құрмет, жауапкершілік. Қандай жағдай болса да, еңсесін тік ұстайтын, жан-жағындағыларға құрметпен қарайтын және өз қадамдары үшін жауап бере алатын адамдар көп жағдайда табысқа жететіні белгілі [2,4].

«Тәрбие» деген сөз араб тілінен аударғанда, «көктету, өсіру, жетілдіру» деген ұғымды береді. Яғни, сәбидің болашағы осы алған тәрбиесіне тікелей қатысты болары хақ. Осы жөнінде ақын әрі педагог Мағжан Жұмабаев: «Тәрбиеден мақсұт – адамды хәм сол адамның ұлтын, асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиеден мақсұт – адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару» - дейді. Демек, баланы тәрбиелеудегі мақсат – оны жан-жақты кемелдендіріп, қоғамға пайдасы тиетін азамат етіп қалыптастыру. Дана қазақ ұрпаққа тәрбие беру жолында еш аянып қалған емес.

Қорытындылай келе, Сізге шын мәніндегі жақсы, жауапкершілігі жоғары, бәріне сыйлы, табысты азаматты тәрбиелеп шығару керек болса, ешқашан өзіңізді кінәлап,

өкінішке ұрынбас үшін, бар мүмкіндікті қолдануға тырысыңыз, бәлкім сонда ғана сіз өз перзентіңізбен мақтана алатын боласыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұқанова Б., Ильясова Р. Этнопедагогика. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2008.
- 2 Базарбаева Н.А. Педагогикалық кеңес. – Алматы, 2009. №1
- 3 Шадриков.В.Д. О содержании понятий «способности» и «одаренность». // «Психологический журнал», Т.4. №5, 1983.
- 4 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. Т.1-4. – М., 1989.



«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер»

Халық даналығы.

ОӘЖ 00.4.9

А.О. Тымболова

Филол. ғыл. докторы. Абай ат. ҚазҰПУ

Магистратура және PhD докторантура институты

БІЛІМ БЕРУДЕГІ МОБИЛЬДІ БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Мақалада шетелдік білім беру үдерісіндегі жаңа мобильдік технологиялар мен құрылғылардың қолданылу тәжірибесі, Қазақстандық білім беру жүйесіне қолдану мүмкіндігі мен перспективалары қарастырылады. Осы мәселелерге орай, мақаламызда мобильді оқыту, мобильді технологиялар, мобильді оқыту жүйесінің ерекшеліктеріне тоқталдық.

Түйін сөздер: *ақпараттық ғасыр, мобильді оқыту, мобильді технологиялар, мобильді оқыту жүйесі.*

В статье описывается опыт использования новых мобильных технологий в иноязычном образовании, о возможных путях и перспективах их внедрения в систему образования РК. В связи с этим в статье подробно рассматриваются такие понятия, как «мобильное обучение», «мобильные технологии» и «мобильное обучение».

Ключевые слова: *мобильное обучение, мобильные технологии, система мобильного обучения.*

Article describes the experience of using the training methods of new mobile techniques and equipments in the process of foreign education system and the possibilities of using them in the education system of Kazakhstan and their perspectives. According to these problems the author has spoken about mobile teaching, mobile technologies, the peculiarities of mobile teaching system.

Keywords: *mobile education system, mobile techniques, mobile equipments, information century.*

Қазіргі ақпараттық ғасырда білім алудың жолдары түбегейлі өзгерді. Өмір бойы білім алуға, оқи беруге мүмкіндік туды. Сондықтан бүгінде оқимын деген адамның мобильдік құрылғылар арқылы күні-түні өз бетінше ақпарат табуына, оның жолдары мен шешімдерін айқындауына, сыни ойлау әлеуетін дамытуына, оны іс жүзінде қолдануына мүмкіндігі зор. Осы мәселелерге орай, мақаламызда мобильді оқыту, мобильді технологиялар, мобильді оқыту жүйесінің ерекшеліктеріне тоқталмақпыз.

«Мобильді оқыту» термині ағылшындардың оқыту жүйесінде осыдан он шақты жыл бұрын қолданысқа енді. Біздің елімізде де оқытудың бұл түрі білім беру жүйесіне біртіндеп ене бастады. Зерттеушілер де бі-

лімді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы беру осы мобильдік байланыс құралдарынсыз мүмкін еместігін дәлелдеп отыр. Себебі, смартфондар мен айфондардың тіршілігімізге дендеп енуі, оқулықтар мен бағдарламалардың басым бөлігінің электронды нұсқаға көшірілуі, жес-тикуляциялық интерфейс түріндегі жаңа технологиялардың көптігі білім беру сапасын арттырып, мобильді байланыс қызметтерінің ақысын төмендетуге әсерін тигізуде.

Білім саласындағы осы мобильді байланыс құралдарының рөлін саралаған Еуропа мен АҚШ-та 2002 жылдан бастап болып келе жатқан каншама халықаралық конференциялар мен симпозиумдардың, жобалардың легін санап шығу мүмкін емес.

Солардың ішіндегі шетелдік ең ірі жобаларды атап өтейік. «Мобильді оқыту жүйесі» (Mole Net) (Ұлыбритания), «Мобильді оқыту ортасы» (The Mole) (АҚШ), «Өмір бойы үйренудегі мобильді технологиялар» (мобильные технологии в обучении через всю жизнь) (Motill) (Еуропалық одақ), «Мобильді оқыту консорциумы» (Канада) (Mlearning Consortiums). Бұлар мобильді құрылғылар арқылы оқытудың тәжірибесі мен теориясында нәтижесін көрсетіп келе жатқан жобалар.

Мысалы, АҚШ-тың федералды үкіметі қаржыландырып отырған «Мобильді оқыту ортасы» атты халықаралық жоба 22 елдің басын біріктіріп отыр. Жоба орындаушылары түрлі пәндер бойынша мобильді құрылғылар ендіріп, платформалар құрады. Сөйтіп, мобильді оқыту ресурстарын қамтып, оның әдістемелік негізін жасауға күш салады.

Сондай-ақ, (Motill) Еуропа жобасы мобильді қондырғылардың дидактикалық мүмкіндіктерін қарастырып, оның үйретуші топтарға әлеуетті әсерін тексереді. Бұл жоба Еуроодақ елдерінде мобильді технологияның саясатқа тигізетін әсерін бақылып, жобаға барлық жастағы адамдардың әлеуметтік тартылуын кеңінен қамтуға тырысады. Ал Канадада 2002 жылы құрылған «Мобильді оқыту консорциумы» жобасының мақсаты – уақыт пен орынға тәуелсіз жаңа оқыту ортасын құру болып табылады.

Біздің елімізде жекелеген жобалар болмаса, педагогикалық үдерісте мобильді оқыту технологиясы толығымен ене қойған жоқ. Ресейде А.Н.Барковтың бастама-сымен «Мобильді оқыту мектебі» сайты ашылған. Онда мектеп оқушыларына арналған түрлі модуль-тесттер, «мобильді Автор – оқытушы» бағдарламасы енгізілген. Бәрінен бұрын «Мобильді оқыту» ұғымының аясында шет тілдерін оқытудың педагогикалық жүйесінің барлық құрылымдық бөліктеріндегі өзгерістерін айқындау мақсаты жатуы тиіс. Мысалы, оқытушының өзіндік тұжырымдамасы, оқытудың мақсаты, мазмұны, құралдары, түрлері мен формасы, мобильді байланыс

құралдарының ерекшеліктері мен дидактикалық функцияларының, оқу үдерісі интеграциясындағы белгіленген шарттары, осының барлығы бұл әдістің білім берудегі тиімділігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда мобильді оқытудың педагогикалық білім берудегі тиімділігін көрсететін, мобильдік құрылғылардың техникалық ерекшеліктеріне немесе осы технологиялар арқылы ұсынылатын дидактикалық мүмкіндіктеріне негізделген бірнеше анықтамалар мен пайымдаулар бар.

Технологиялық көзқарас тұрғысынан мобильді оқыту – бұл оқу ақпараттарын кез келген портативті мобильді құрылғылардағы WAP және GPRS технологиялары арқылы беру және алу болып табылады.

Дж. Тракслер мобильді оқыту оқу үдерісін толығымен өзгерте алады, өйткені мобильді қондырғылар материалды беру, алу формаларын модификациялап қана қоймай, менталитет пен танымның жаңа формаларын құруға септігін тигізеді дейді. Бұл жеке жұмыстың өз уақытында, жеткілікті деңгейде орындалу үдерісінде іске асырылады. Мобильді оқытудың мұндай сипаттамасы мультимедиялылық, құрылымдаушылық, модульділік, интербелсенділік, қолжетімділік сияқты дидактикалық үдерістерге негізделген электронды оқыту табиғатымен үндеседі. Мобильді оқыту оқу үдерісі мен оқушы арасындағы балансты реттеуші жүйе қызметіне бағытталған. Сондықтан, мобильді оқыту – бұл дистанционды немесе аралас оқытудан бөлек, адамзат қоғамының ақпараттандырылуындағы дамудың жаңа белесін көрсететін, білім берудің тың формасы деуге болады. Бұл зерттеудің негізі оқытуды екі түрге – мобильді және аралас – индивидуалды (қашан, қайда, қандай жылдамдықпен) және міндетті емес (тұсаукесерлер, түрлі деректер, қарым-қатынас, т.б.) түрлерге бөліп қарастыруымен сипатталады.

М.Бренсфорд пен Дж.Дуглас та мобильді оқыту бірегейлігіне оның белгілі бір уақыт пен орынға тәуелді емес, оқу мате-

риалдарының кез келген уақытта ала алатындай қолжетімділігін жатқызады [1, 67]. Демек, мобильді оқыту – білім мен дағдыны мобильді технологиялар арқылы кез келген уақытта, кез келген орында алуға, оқушының аналитикалық ойлау дағдыларын қалыптастыруға, оқушының ақпарат тасқынының ішіндегі дайын модульдерді ала салуға емес, оның ішінен оқу контентін өздері іріктеуге мүмкіндік береді.

Д.Келли мобильді оқыту – дәстүрлі дистанционды оқытудың инновациялық тұрғыдан жетілдірілген түрі деп есептейді [2, 90]. Бұған оқу микроблоктарын, Twitter жаңалықтар топтамасын, курскастар сияқты оқу материалдарының берілуіндегі мүлде жаңа формаларды жатқызуға болады. Мұндай жағдайда, мобильділік ұғымын педагогикалық үдерісте оқыту құралдарына қол жеткізу мүмкіндігі және оқу интеракциясын іске асыру формасы ретінде айқындауға болады. Мобильді қондырғылар қарым-қатынастың дыбыстық, SMS, электронды пошта, видеобайланыс, әлеуметтік желілер (Twitter, Facebook, т.б.) түрлері арқылы айту, көрсету, жазу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Мобильді оқытуға мынадай мобильдік құралдар жатады:

- ұялы телефондар, смартфондар (Bleackbery), коммуникаторлар (iPone).
- MP 3\4 плеерлер, нетбук кітаптар, электронды ойындарға арналған құрылғылар (Nintendo DS), касткассеталарды тыңдау құрылғылары (iPod), GRS – навигаторлары;
- портативті компьютерлер – портативті қалта компоненттері (ПКК), планшетті компьютерлер (iPad).

Зерттеушілердің пікірінше, осылардың ішінен смартфондар мен айфондар, нетбук кітаптар, PDAS, Нинтендо, плеерлер, iPods-тар жиі қолданылады.

Оқу үдерісінде материалдар түрлі мақсатта қолданылады. Атап айтқанда:

- веб-ресурстарды мультимедиялық оқытуда пайдалану (аудиофайлдар, видеофайлдар, лекциялар жазылған касттар, сызбалар, карталар, суреттер, т.б.);

- сайттарды, анықтамалықтар мен сөздіктерді жылдам қарауды қамтамасыз ету,

- оқырмандардың оқу материалдарын, мобильді байланыс құралдарына негізделген платформаларды (SMS-тестер, оқу құралдары мен мобильді қосымшалар негізінде нұсқаулықтар) құруға атсалысуы.

- оқыту коммуникациясында (SMS-хабарламалар, Twitter, вебинарлар, Skype, т.б.) қолданылады.

Бүгінде мобильді оқыту әдісінің дәстүрлі және дистанционды оқытудағы табысты интеграциясына, оның оқу үдерісін оңтайландырған тиімді әрекеті жатады. Демек, мобильді құрылғылар мен технологияларды пайдаланудың артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады:

- кез келген уақыт пен орында аутентикалық оқулықтарға, анықтамалық ресурстар мен бағдарламаларға жылдам қол жеткізу;

- оқытушы мен оқушы арасындағы үздіксіз кері байланыс;

- студенттің жеке басының ерекшеліктерін ескеру (көтеріліп отырған мәселенің диагностикасы, оқытудағы жеке қарқын, т.б.);

- оқушылардың мотивациясын таныс техникалық құралдар мен виртуалды орта арқылы арттыру;

- автономды оқытуды ұйымдастыру;
- өмір бойы үздіксіз білім алуға дағды мен ерекшеліктерін дамыту;
- оқытушылардың біліктіліктерін жұмыстан қол үздірмей арттырып отыру.

Сонымен қатар, мобильді оқытудың негативті аспектілеріне ең алдымен, техникалық және қаржылық, әдістемелік, әкімшілік – ұйымдастырушылық кедергілерді жатқызуға болады. Оның себептері, біріншіден, оқытушылар мен оқу орнының әкімшілігін мобильді оқытуға көшіруге көндіру қиынға түседі. Бұл әдісте оқу барысы телефон арқылы жүзеге асырылатындықтан, тапсырмалар оңай орындалады. Ал барлық мобильді құрылғыларды электронды шпаргалканың рөлін атқарады деп есептейтін ұстаздар қауымы бұған келіспейді. Үшіншіден, мобильді оқытуға негізделген түрлі мамандықтар-

ға арналған дайын ресурстар мен бағдарламалардың жеткіліксіздігі. Бұл ретте ағылшын тілі мамандарының қол жеткізген табыстары біршама. Оларда ағылшын тілінде ойын тапсырмалары, ізденушілік, грамматикалық тесттер жасауға қажетті көптеген қосымша материалдар қоры бар. Төртіншіден, көптеген педагогтар жақсы дайындалған әдістемелік базаның жоқтығы мобильді оқытуға кедергі деп есептейді. Алайда, дәстүрлі және аралас (интегративті) оқытудағы бай теориялық базаны пайдалансақ, ондағы педагогтардың ақпараттық коммуникациялық технологиялық

күзіндеттілігін арттыру, оқулықтарға арналған әдістемелік қосымшалар әзірлеу, ЖОО-дағы ақпараттық ресурстар мен ақпараттық оқыту ортасын құру, педагогтардың мотивациясы, оқу үдерісінің компьютермен қамтамасыз етілуі, қолжетімді интернет көздеріне шығу, яғни техникамен толық жабдықталу уақыт талабына сай мобильді оқытуды ендіруге әкелетіндігі сөзсіз.

Сондықтан, бүгінгі оқытушы мобильді жаңа технологиялармен оқытуға күш салып, оны білім беру үдерісіне ендіруге мүдделі болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Bransford M., Douglas J. How people learn: brain, mind, experience and school. – Washington (D.C.), 2000.
- 2 Kelly D. Lessons learned from the Mlearn Conf. – Backchannel, 2011.



«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады»

А.Құнанбаев

ӘОЖ 7.08

А.Қ. Утепова

*М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
«Мәдениет және өнер» кафедрасының оқытушысы*

ТЕАТРДЫҢ БҮГІНГІ ТАҚЫРЫПТАРЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мақала киелі сахна құдіретінің сан қилы әлеміне жетелейді, драматургияның спектакльдегі негізгі орын алтынына тоқтала келе, Шекспир театрындағы шығармашылық қайшылықтарға толы заманнан, бүгінгі әлем театрындағы, сонымен қатар, қазақ театрындағы кемшіліктерді баяндайды.

Түйінді сөздер: *Театр әлемі, драматургия, қазақ жастары, қойылым.*

Научная статья посвящена сценическому искусству актерского мастерства начиная от истоков становления Шекспирского театра, заканчивая сегодняшним днем нашего казахского театра. В статье четко изложена суть проблематичного будущего казахского молодого поколения.

Ключевые слова: *Мир театра, драматургия, казахская молодежь, спектакль.*

Scientific article devoted for theatrics of acting form behind of formation Shakespeare theater until today our Kazakh theatre. In the article distinctly stated gist of the problematic future of the young generation of Kazakh.

Keywords: *World Theatre, drama, Kazakh youth performance.*

Театр. Театр – әлемді драмалық әрекет арқылы көркемдік тұрғыда игеретін, оны актерлар көрерменнің көз алдында іске асыратын өнер түрі. Театрдың негізі – драматургия. Сонымен қатар, ол өз құрамына живописьті, мүсін өнерін, кейдесәулет өнерін (декорация), кейде кино, музыка, би өнерлерін де енгізеді. Театр өнерінің синтетикалылығы оның ұжымдық сипатымен анықталады: спектакльде драматургтың, суретшінің, сазгердің, актердің шығармашылық күш-жігерлері біріктіріледі. Театрдағы көркемдік бейненің «құрылыс материалы» – тірі адам, актер. Драматург пен режиссердің ойы актер арқылы іске асады. Ол сахнадағы барлық нәрсеге театралдылық береді. Сахнада бөлменің интерьерін, пейзажды, қала көшесінің кейпін дәл беруге болады, алайда, егер актер өзінің сахналық әрекетімен шындықты тірілтпесе, бұл декорацияның бәрі өлі бутафория болып қала береді. Және, керісінше, актер пьесаның іс-әрекетіне сай жағдай мен ортадағы адамның бейнесін дәл, толық бере

алса, қоршаған ортаның ең жалпы деген белгілерінің өзі (мысалы, Шекспир театрындағы сияқты, «бак», «дала» немесе «сарай» жазулары бар тақтайшаларға дейін) театралдық өмірмен біте қайнасып кетеді. Театрдың маңыздылығының ерекшелігі, мұнда шығармашылық акт (бейнені сомдау) көрерменнің көз алдында жүзеге асады. Осыған байланысты театр аудиторияға әсер етудің орасан зор мүмкіншілігіне ие болады. Кинода көрермен шығармашылықтың нәтижесін көрсе, ал театрда процестің өзін көрсетеді. Спектакльдің ең басты ерекшелігінің кілті осында. Өйткені театр – бұл ең алдымен актердің көрерменмен тірі байланысы, аудиторияның көз алдындағы шығармашылық. Эстетикалық мәдениеттің маңызы мен әлеуметтік рөлін қарастырғанда оның жетістіктерін өнер, фольклор, сәулет өнері және т.б. шығармаларының деңгейі мен көлеміне әкеліп тіреу жеткіліксіз болар еді. Бұл жерде мәдениеттің, оның ішінде эстетикалық мәдениеттің маңызды функциялар атқара-

тындығын естен шығармау керек. Бұл түсінік бізге эстетикалық мәдениетті бүтіндей қабылдаудың бағдарын береді. Мұндай қабылдаудың негізін эстетикалық мәдениет құбылыстары мен айғақтарын «заттандыру мен затсыздандыру» процесінің тұтастығы концепциясы құрайды. Бұл концепцияның қарапайым мәнін эстетикалық сала құбылыстарының деңгейі, саласы ретінде ғана емес, эстетикалық мәдениет дамуының өлшемі болып табылатын берілген қоғамдағы оның сұраныс деңгейі ретінде де көрінеді [1].

Театр, театр, театр осы сөзде қанша сыр бар, қанша құпия жатыр. Иә, иә біз үшін әлі толық ашылмаған, жетілмеген көп сыр бар. Мен өнер академиясының бітіріп кеткеніме біршама уақыт болып қалыпты, сол кеткен уақыт үй шаруасына арнаған мезгілді санамағанда, сахнаға ұмтылған жан дүниемде шіркін ай, дейтін ешбір қойылым таппадым. Сол баяғы қару ұстаған батырлар, мүлдем ескі шапан киген бұрымды қыздар. Бұл жаналық емес, шаң басқан мұра болған тарихымыз. Әрине, оны мұражайға қою емес айтпағым, құрметтейміз, ұлттық театрымызда көрсетеміз. Ал, жастарға дамып келе жатқан халқыма тамаша таза, инновациялық шығармалар ауадай қажет. Еліміздің барлық аймақтарындағы театр сахналарының бәрінде бір ұқсастық. Әрине, ұлттық құндылықтар ешқашан жоғалмауы тиіс. Қазақтың қилы тарихын, өткенін, мәдени-әдеби жәдігерлерін, фольклорын көрсететін этнографиялық театрлары міндеті түрде болуы шарт. Кино мен теледидар дамыған заманда театр өнері дамымау керек пе?! Маған Қыз Жібек пен Баян эпостық жыр арқылы онсыз да аян. Мен үшін маңыздысы бүгінгі Жібек пен Баян. Қазір дәл осы уақытта олар не істеп жүр? Әрине, киім киісі, сөйлеу мәнері, сөз саптауы, қимылы бәрі-бәрі бөлек. Театрға бет алған жас көрермен шындықты, бүгінгі шындықты естігісі, көргісі келеді. Ал біз оларға өзіміз көрмеген, тек оқыған этнографиялық бағыттағы, бет-бейнесін шаң басқан, жаны өлген Қозы-Баяндарды көрсетеміз. Ұлттық рухымыз осы ма? Жас көрермен

олардың бойынан өздеріндегідей жастық жалынды, аяулы арманды, үкілі үмітті көре алмаса не пайда?

Шығармашылық жаңа идея, тосын ұсыныстар, штамптар мен қатып қалған сендерді бұзудан тұрады. Режиссердің мақсаты қатып қалған стереотиптерді бұзып, өнерде жаңа имидж қалыптастыру. Театр мен үшін, тек ұлттың салт-дәстүрін көрсететін мәдени ошақ емес. Театр бұл саналардың қақтығысы, шындықтың сахналық нұсқасын айтатын таным мен эстетика әлемі. Көрермен деңгейін өсіру біздің әртістік парызымыз [2].

Қалай десек те бізде халықаралық деңгейдегі театр тарландарымен иық теңестіре алатын кәсіби өнер тұлғалары бар. Авторлық режиссура туралы сөз қозғасақ, менің ойыма белгілі сахнагер Болат Атабаев келеді. Қазіргі заманғы театр режиссурасы бойынша «халықаралық режиссерлер лабораториясын» ашып, режиссер Б.Атабаевқа қолдау білдіруге жоғары жақтағыларға кім кедергі болып отыр? Себебі, шет тілінде еркін сөйлейтін режиссер дәріс беріп қана қоймай, Қазақстанға, қазақ өнеріне шет елдегі жас мамандар назарын бұрар еді.

Тағы бір айта кететін жайт, біздің еліміздегі өнер институттары мен академиялардағы болашақ театр әртістері мен режиссерлерін дайындау К.Станиславский әдісіне негізделген. Орыс топтарында оқитын студенттерге қиындық болмас, алайда қазақ бөліміндегі студенттерге қиынның қиыны. Себебі, қазақ тіліндегі оқулықтар жоқтың қасы. Елуінші жылдары қазақ тіліне аударылған К.Станиславскийдің өмірбаяндық «Менің өнердегі өмірім» кітабының тілі тіпті сын көтермейді. Актер шеберлігі бағытында тек профессор М.Байсеркеұлының «Сахна және актер» кітабы ғана кәсіби деңгейдегі оқулық болатын жалғыз дүние. Осы ретте оқулықтарды аудару жүйесін реттеу де күн тәртібінде тұрған мәселе.

Токсан сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, менің ойымша театрға қажет бірнеше тармақтардың орындалуы керек секілді:

Біріншіден, Қазақ елінің өнері мен мәдениетін модернизациялай алатын мықты концепция қажет.

Екіншіден, Үкімет тарапынан қазақ театр өнерін дамытуға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданып, «Театр өнері туралы» арнайы заң қабылдайтын болса.

Үшіншіден, еуропалық білім стандарттарына жауап беретін театр педагогикасын ретке келтіруіміз керек. Ең бастысы, методологиядан бастап, оқу бағдарламасын, әдіс тәсілдерін жүйелеп алуымыз шарт.

Төртіншіден, режиссерлер, актерлер, сценографтар, театртанушылар, менеджерлер секілді театр мамандарын Еуропа елдерінде

оқытып, кәсіби біліктілігін дамытудың маңызы зор. Біліктілік көтерілмей, өз қазанымызда өзіміз қайнасақ, талғам мен тағылым көкжиегінің биікке көтерілуі өте қиын [3].

Міне, актерлерді, режиссура, театр өнеріне жалпы тоқталдық. Бұл менің ғана ойым емес, көптеген әріптестерімді мазалап жүрген түйткіл ойлар, жаңадан аяқ басып сахнаға қойылып жатқан жаңаша туындылар. Өлі талай-талай талантты, дарынды қазақ жастары менмұңдалап, өзіндік қолтаңбасы бар қойылымдар дүниеге әкелері сөзсіз. Мен бұған кәміл сенімдімін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ энциклопедиясы <http://internettv.kz/>
- 2 Маемиров А. «Қалың қалай қазақ театры» <http://inform.kz/kaz/article/2236149>
- 3 Байсеркенұлы М. Сахна және актер. – Алматы: Ана тілі, 1993. - 336 с.



Адам бүгін, театрға, ертең адам болып қалу үшін барады

Робер Лепаж.

ӘОЖ 9.91.910.1

А.С. Нұрғазина

Туризм магистрі.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, география кафедрасы. Ақтөбе қ.

К.А. Молдашева

*№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің география пәнінің мұғалімі
Ақтөбе қ.*

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ

Ұлттық тәрбие мен құндылықтарды ұрпақтың бойына сіңірту. Жастарымызды жан-жақты дамыған тұлға етіп тәрбиелеу міндеті қарастырылған. Ұлттық тәрбие алған ұрпақтан дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл, мәдениетті тұлға қалыптасуындығы, мәдениеттің адамның қалыптасуының және шығармашылығының жетілу шыңы екені қарастырылған. Ұлттық тәрбиені білім беру үрдісіне ендірудің маңызы және ұлттық тәрбиенің – ел болашағы екені айтылған. Ертеңгі ұлтымыз дамысын десек, оның мәдениеті мен тарихын жүйелі оқытып, сол арқылы отбасы мен барлық білім ошақтарында қазақ халқының ұлттық тәрбиесін енгізудің қаншалықты маңызды екенін айыру қиын еместігіне тоқталған. Бүгінгі басты міндет студент-жастарымызға сапалы білім беру болса, шәкірттердің университет қабырғасында терең білімді игеруі олардың тәрбиесіне тікелей байланыстылығында екендігі айтылған.

Түйін сөздер: *ұлттық тәрбие, әулие ағаш, әулие бұлақ, әдет-ғұрып, Қорқыт Ата, жаратылыстану, мәдениет, табиғат.*

Рассматриваются задачи формирования разносторонне развитой личности учащегося, прививания молодежи национальных ценностей и национального воспитания. В статье анализируется, что из поколения, получившего национальное воспитание, формируется здоровая, образованная, умная, патриотичная, трудолюбивая, учтивая, культурная молодежь, что является вершиной формирования человеческой культуры и творческого совершенства. Говорится о значимости введения национального воспитания в процесс образования, о том, что национальное воспитание – это будущее страны. И если мы думаем о завтрашнем процветании нашей нации, то мы должны осознавать значимость систематического преподавания культуры и истории нации, введения национального воспитания казахского народа во всех учебных заведениях страны и во всех семьях. Если сегодняшняя главная задача – это дать качественное образование молодежи, то, в статье доказывается, что усвоение знаний студентами в стенах университета напрямую зависит от их воспитания.

Ключевые слова: *национальное воспитание, священное дерево, священный ключ, обычай и традиции, Коркыт Ата, естествознание, культура, природа.*

We consider the problem of forming multiple personality of student, youth instilling national values and national education. This article analyzes that from generation, received national education, forms a healthy, educated, intelligent, patriotic, hardworking, courteous, cultural youth that is the pinnacle of the formation of human culture and creative excellence. It is referred about the importance of the introduction of national education in the education process, that national education - the future of the country. And if we think about tomorrow's prosperity of our nation,

we must be aware of the importance of systematic teaching of culture and history of the nation, the introduction of national education of the Kazakh people in all educational institutions of the country and in all families. If today's main goal - to give quality education for young people, then, in my opinion, in this article we prove that the adoption of knowledge by students in the university depends on their upbringing.

Keywords: *national education, the sacred tree, the sacred key, custom and traditions, Korkyt Ata, natural history, culture, nature.*

Бүгін де жастарға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңірту үлкен проблемаға айналып отыр десек қателеспейміз. Біз өмір сүріп отырған қоғамның талабы, адам тәрбиесіне мазмұнмен қарауды талап етеді. Яғни, балабақшада да, мектепте де, колледжде де, жоғарғы оқу орындарында да оқушыны, студентті жан-жақты дамыған тұлға етіп тәрбиелеу міндеті тұр. Жастарымызға бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіне де түсіндіре де білу. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Ұлттық тәрбие алған ұрпақтан дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл, мәдениетті тұлға қалыптасады. Мәдениет – адамның қалыптасуының және шығармашылығының жетілушыңы. Мәдениеті жоғары болмаса адамның адамзат құндылығын иеленуіне мүмкіндігі жоқ десекте болады.

Ал ұлттық тәрбие мәселелерін жүзеге асыруда бала-бақшалар, мектептен тыс мекемелер, ұйымдар, мектептер мен жоғары оқу орындарындағы сабақтастық дәстүріне төмендегі жіктемелердің мәні зор;

- адамның өмір бойы өзін-өзі тәрбиелеу үрдісі;

- адамның әлеуметтік, өзара іс-әрекеттік, техникалық, табиғаттық және әлемдік қарым-қатынастағы тәжірибесін ұдайы байыту арқылы қажеттіліктерін өтеу.

Тәрбиенің мұндай түрі әрбір адамның планетарлық ойлауын дамытып, азаматтық қауымдастықтың өткеніне, бүгінгісіне және болашағына қатысты болатынын сезіндіреді.

Ұлттық тәрбиені білім беру үрдісіне ендіру бүгінгі таңда өзіндік ерекшеліктерімен айшықталары анық. Бұл жолда біз ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, тарих, дәстүрімізді бүгінгі күнмен сабақтастыра өзге халықтарға таныту ол пәннің ғылыми мағынасын тереңдете түседі. Жастарға оқыту процесінде ұлттық тәрбие негізінде құрылған білім мен икемділік жүйесінен нәр алып, ұлтқа тән іс-әрекет түрлерін меңгерту және ұлттық тұрпаттық қадір-қасиетті таныту өз еліне деген сүйіспеншілігін оята отырып, өзге ұлт өкілдерінің тұрып жатқан жері мен елінің ұлттық қасиеттеріне деген қызығушылығын тудырап бірден бір жол. «Кешегі бабамызбен ғана емес, бүгінгі бағамызбен, ертеңгі шамамызбен де мақтана алатын ұлт болуды ойлауымыз керек», - деген, Елбасының сөзін тереңінен қарасақ ұлттық болмысымызды болашаққа ұлттық тәрбиенің аясында мақтана жеткізеріміз хақ. Тәрбие жүйесі – белгілі бір әлеуметтік құрылым шеңберінде өзара байланыстық мақсаттың және тәрбие үдерістерін ұйымдастыру ұстанымдары мен оларды қабылдау кезеңдерін жүзеге асырудың (отбасы, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекет) және әлеуметтік тапсырысты орындау логикасының жиынтығы. Сондықтан да, ұлттық тәрбие – ел болашағы. Ұлттық тәрбие ата-бабаларымыздың табиғатты тануы, жіті пайымдауы негізінде қалыптасқандығын өмір тәжірибесі көрсетіп отыр. Табиғат – адам мәдениетін жетілдірудің қайнар бұлағы. Табиғатты сезінудің, онымен

қауышудың нәтижесінде мәдениеттің нақты нышандары айқындалады.

Осы мәдениеттің нақты нышандары мен жеке тұлғаның ақыл-ойын ширататын халықтық педагогиканың негізгі нысандарын заманауи оқыту-тәрбиелеу қызметіне енгізудің нәтижесінде, оқу мен тәрбие жұмысының күнделікті аса маңызды міндеттерін қамтитын: ақыл-ой, адамгершілік, қоршаған ортаны қамқорлыққа алу (жерді, суды, ауаны ластандырудан қорғау, аумақтың экологиялық ахуалын тұрақтандыру), физиологиялық және еңбек сүйгіштік сияқты әртүрлі аспектілердің адамдар санасына орнығу процестері жүзеге асырылады. Жас ұрпақтың көруі, тануы және оның ойлау-түйіндеуі дүниетанымдық қабілетін жетілдіреді.

Бүгінгі басты міндет студент-жастарымызға сапалы білім беру болса, меніңше, шәкірттердің университет қабырғасында терең білімді игеруі олардың тәрбиесіне тікелей байланысты. «Адамға ең бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекке оның барлық өміріне апат әкеледі», – депті Әл-Фараби бабамыз айтып кеткен. Айталық, студент тәрбиесіз, көргенсіз, тәртіпсіз болса, қаншалықты жағдай жасасаң да, ата-бабаларымыздың сөзімен айтқанда, басына алтын құйсаң да, ол ешқашан тиянақты білім ала алмайды. Меніңше, білім беру үрдісінде ең әуелі тәрбие ісін алдыға шығару керек деп ойлаймын.

Жастарымыздың шын мәнінде зияткерлік мәдениетті адам болып қалыптасуы үшін планеталық, ғаламдық экологиялық саналар деңгейінде самғаумен бірге Отаның, туған өлкесің, кіндік кескен жерің, өз шаңырағын қастерлей біле отырып сүйіспеншілік сезімімен қатар тыныстауы парыз.

Жұмыр жердегі елінің, ел ортасындағы туған жерінің орнын, қасиетін, шежіресін білу – географиялық сана ұғымының негізі болмақ. Географиялық сана этнография, елтану, экология пәндері арқылы дариды. Әрбір жастарымыз туған жерді ортақ үй, Қазақ елін ортақ Отан ретінде сезіну, атамекен мен

ел табиғатын аялап, қорғау қасиетін дарыту мақсатында жаратылыстану ғылымдарын оқыту мәселелеріне көп көңіл бөлу керек.

Табиғаттың сұлу көріністері арқылы жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерін табиғатты қорғау, сүю сезімдерін тәрбиелеу туралы қазақ халқының ағартушылары мен зиялы қоғам қайраткерлері Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев еңбектерінде көп көңіл бөлінген. Ұлы Абай өз өлеңінде табиғат пен адам өмірін, тіршілігін, ажырамайтын, бөліп қарастыруға келмейтін біртұтас дүние ретінде қарастырған. Белгілі педагог-психолог Жүсіпбек Аймауытов балаға ең қымбат, ең жақын туған жері, туған жерінің табиғаты, оның құбылыстарын білу өте қызық. Мұндай оқыту жүйесі өмірге, табиғатқа теңеу мазмұнының берік, баланың санасын жандандырып, төңіректегі әлемге терең көзбен қарауға үйретеді.

Табиғат – сұлулықтың мәңгі бақи таусылмас қайнар көзі, ол эстетикалық тәрбие берудің ең маңызды құралдарының бірі саналады.

Бар өмір тіршілігі табиғатпен араласып өтетін, оның аясында өскен халқымыздың туған жерге қатынасы туралы халықтық педагогикада, ақын-жырауларымыздың, ағартушыларымыздың даналық сөздеріне қанып өскен Ш. Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың еңбектерінде табиғатқа көзқарастарының ғылыми әрі тәрбиелік мәні мол. Ш.Уәлиханов туған халқының табиғатпен қатынасындағы әдет-ғұрыпын, дәстүрін, этикасын зерттей отырып, қазақтар арасындағы сенім олардың табиғатты шексіз қадірлеуінен туған», – табиғаттың сұлулығын тану адамдарға рухани күш беретіндігін айтқан болатын. А.Құнанбаевтың қара сөздеріндегі философиялық ой-пікірлері, оның табиғат заңдылықтарын терең пайымдай алумен бірге оған байланысты ғылыми көзқарастарын танытады. Ол табиғаттың бір байлығын адам баласының ауызына тосып, таусылмас азық болып отырғандығын көрсете келіп, «Кім өзіңе махаббат қылса, сен де

оған махаббат қылмағың парыз», - деп өсіп келе жатқан ұрпақты табиғат ананы аялап сүйе білуге үндейді.

Халқымыз табиғаттың кейбір туындыларын «киелі», «қасиетті» деп ұғып, оларды жоюға болмайтынын уағыздаған. Сонымен бірге, табиғат пен адамды біртұтас, бірінен-бірін бөлуге болмайды деп қараған. Сондықтан, адам табиғаттан өз керегін ғана алып, қалғанына еш уақытта зиянын тигізбеген Ш.Уәлиханов: «табиғат пен адам: өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар? - дей келе қазақтар киеге үлкен мән береді. Табиғаттағы кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлейді. Осы аталғандарды құрмет тұту, ырымын жасап тұру, адам баласына байлық пен бақыт, құт әкеледі», - деп атап көрсеткен.

Халық табиғаттағы өздері қастерлеген жерлерді «Әулие бұлақ», «Әулие ағаш» деп атап, оларды көздің қарашығындай қорғап, «Бұлақ көрсең көзін аш», «Аққуды атпа», «Құстың ұясын бұзба», «Көк шөпті жұлма» деп өсиет етіп отырды. Ал қарлығаш, аққу, ұлар т.б. құстар жақсылықтың жаршысы, бақыттың бастауы, игіліктің иесі, сұлулықтың символы деп ұясын бұзуға, балапанын алуға, өлтіруге мүлде рұқсат етпеген.

Ертедегі табиғат жайындағы нақыл сөздер, өнегелі өсиеттер, жырау мен ақындар жырларындағы ойлы пікірлер – экологиялық тәрбие беруде және экологиялық мәдениетін қалыптастыруда өте құнды құрал. Ертеден қалған: «Көзінді қалдыр бұлақ көзін аша жүр, Ізінді қалдыр жақсы істен мұра шаша жүр, Өзінді қалдыр бақша өсіріп, жаса нұр – деген өсиетінде зор мағына жатыр.

Табиғат – ананың сырларын бойға сіңіріп алмайынша онымен тең отырып сөйлесу қиын. Ең бірінші, табиғатты – туған анаңдай түсіну, екінші, табиғатқа – туған бабаңдай табыну, үшінші, табиғатты туған ұлыңдай қорғауың қажет. Түсінбей тұрып табыну, табынбай тұрып қорғаудың қисыны жоқ. Табиғат пен адамзат баласы дүниенің бірінсіз-бірі тұл болатын – ажырамас бөлшектері. Адам

үшін жері мен суы, орманы мен тасы, жануары мен өсімдіктері тіршілік ететін басты көздері болса, табиғат үшін адам оның бағбаны іспеттес.

Бүкіл түркі дүниесінің бабасы Қорқыт Ата «Қаратауларың бұзылмасын, саялы ағаш сынбасын, қанаттарың қыркылмасын», - деген қасиетті сөздері – туған жер табиғатын аялауға шақырған аталы ұғымдар. Мысалы: «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Сұлы жер – нулы жер», «Жері байдың елі бай» - деген сөздер бала санасына сіңіп, адамгершілік өлшем қалыптасады.

Экология, биология, география, физика, химия пәндерінің өзара байланыстарын айқындай отырып, оқып, зерттеу нәтижесінде оқушылар жаратылыстану ғылымдарынан білім мен тәрбиенің ұштастығын аңғаруға мүмкіндік алады.

Биология – адамның денсаулығы және табиғи ортаның көрсеткіштері. Биосфера – тіршілік бар шекарадағы біртұтас деңгейдегі жүйе. Биосферадағы тірі табиғаттың қызметі, биологиялық жүйке, табиғи, антропогендік фактордың әсер етуі табиғи орталық байлығы адам денсаулығының кепілі: практикалық, эстетикалық, танымдық, адамгершіліктің қоршаған табиғи ортаның құндылығы.

Географиялық ортада өмір сүретін орта және адамның қызметі өндірістің территориялық комплекстері – қоғам мен табиғаттың өзара әсерлесуінің саналы жаңа кезеңдері. Адам қызметінің табиғи ортаның өзгеруін бағалау. Адам қоғамының дамуының табиғат жағдайларына ықпалы. Мемлекет табиғи-әлеуметтік жүйе: өндіруші күшпен өндірістік қатынастың даму деңгейі. Табиғи және экономикалық потенциал. Қала экологиясы. Экологиялық мәселелер: глобалды, аймақтық, жергілікті. Табиғатты қорғауда шара қолданудың экономикалық тиімділігі. Табиғи ортаны бағалау және бақылау.

Химия: ортаның химиялық өлшемдерінің нормасы. Олардың адамның химиялық іс-әрекетінің нәтижесін өзгеруінің шегі мен бағасы. Химия өндірістерін экологияландыру: қалдықтарды тазалау және залалсыз-

дандыру, металдарды тотығудан сақтау. Қоршаған ортадағы химиялық заттарды нормаға келтіру. Қоршаған ортаның химиялық жағдайын бақылау.

Физика: адамды қоршаған ортаның физикалық параметрлері, олардың физикалық антропогенді әсерлердің нәтижесінде өзгеруін бағалау: шудың деңгейінің жоғарылығы, радиация, сәулелену, шаңмен ластану және т.б.

Оқушыларға жаратылыстанудан тәрбие беруде мектепте оқытылатын әр пәннің

өзіндік ерекшелігі болатындығы сияқты, пәнаралық байланыс арқылы биология, химия, география, физика т.б. сабақтарында өзіндік ерекшеліктері бар. Оқушыларға пәнаралық байланыс арқылы білім мен тәрбие беру ісін мектеп тәжірибесінде жаратылыстану ғылымдары арқылы іске асырудың нәтижесінде, биология, география, химия, физика т.б. пәндерінде оқушы бойына табиғатты қорғауға баулитын сан түрлі сезімдерді оятады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2011.
- 2 Мектептегі оқушылар ұйымының тәрбиелік моделі // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. – 2005. – №6
- 3 Экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі жөнінде Ә.Е. Бейсенова, Ә. Бірмағамбетов, Х. Жүнісова, Ж.Б. Шілдебаев
- 4 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
- 5 Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңы. //Егеменді Қазақстан. – 1997.
- 6 Нұғыманов И, Орынбеков С. Экологиялық білім берудің педогогикалық негізі. // Қазақстан мектебі. – 1996.



«Ғылымға қанағатсыз болу керек»

Шәкәрім Құдайбердіұлы.

ОӘЖ 8.81-11

Ж. Қабидолданова
2 курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ

КӘСІБИ МЕКТЕПТЕРДЕ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ МЕН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Мақалада кәсіби мектептерде шет тілін оқытудың тиімді жолдары мен оқытудың түрлері, тіл үйретудің маңызы жайлы кеңінен жазылған. Сонымен қатар, ағылшын оқулықтарын пайдалану барысында ағылшын тілі сабақтарының бірнеше үлгілерін бере отырып, нақты мысалдармен түсіндірілген.

Түйін сөздер: *оқу түрлері, классификация, оқу функциялары, оқыту техникасы.*

В статье обширно описываются выгодные методы обучения иностранному языку и виды обученияб значимость обучения языку. Помимо этого, приведены примеры видов урока английского языка с использованием учебников английского языка.

Ключевые слова: *виды обучения, классификация, функции обучения, техника обучения.*

The article extensively describes best methods of teaching a foreign language and types obucheniyaб importance of language learning. In addition, examples of types of English lessons using English textbooks.

Keywords: *types of training, classification, training function, technology training.*

Мектепте белсенді оқу түлері туралы сұрақтар шетел тілін оқыту әдістемесінің бірден-бір жетілдірілгені болып табылады. Сонымен бірге, бұл сұрақ көптеген келісілмеген және аяғына дейін құрылмаған аспектілерден тұрады, авторлар бұл белгілерге әртүрлі атаулар айтады. Кейбір авторлар психологиялық табиғатына қарай оқу түрлерін ажыратады: психологиялық ерекшеліктер процесін ойлау қабілеті: аудармалы-аудармасыз, аналитикалық-синтетикалық; алғашқы кезең басқа авторлар олардың орындалу жағдайына қарай: өз бетімен немесе өзіндік емес, дайындалған-дайындықсыз; оқылғандардан: экстенсивтік-интенсивтік және т.б.

Қазіргі кезеңде мектептерде шет тілін белсенді түрде оқуға үйретуде С.К.Фоломкинаның классификациясы кең таралған [35]. Бұл классификация бойынша дауыстап оқу және іштей оқу түрлері бар. Бұл оқу түрлері өзіндік механизмдері бойынша ажыратылады: дауыстап оқу перцептивтік

дамытуды және тілдің артикуляциялық тобының сыртқы айтылуын ұстанса, іштей оқу – перцептивтік тобын дамыту және ішкі артикуляция бойынша. Оқудың берілген түрлері коммуникативтік тапсырма бойынша әртүрлі және оқыту процесінде әртүрлі мақсатта қызмет етеді. С.К.Фоломкина дауыстап оқуды ақпарат беруде өзіндік коммуникативтік тапсырмасы бар деп белгілесе, іштей оқу – ақпараттың алынуы деп белгілейді [35, 78]. Оқудың бұл түрлері әртүрлі оқу функцияларында орындалады. Бірінші – оқыту құралы болып табылады, екіншісі – оқыту мақсаты болып табылады. Оқуға үйретудегі үлкен табыс үшін барлық мүмкін нұсқаларды сәйкестендіре қолдану керек. Дауыстап оқу. Дауыстап оқу шетел тілін оқытуда үлкен мағынаға ие. Дауыстап оқу тілдің дыбыстық жүйесін меңгеру болып табылады.

Ағылшын тілі сабағында белсенді оқу үшін материалдар бағдарламалы немесе бағдарламасыз болуы мүмкін. Мысалы, оқытудың бастауыш кезеңінде негізінен пайда-

лысы – дауыстап оқытудағы қиындықтарды жеңілдету: дайындалған, жаттықтырылған, сыныптық, өз бетінше және хормен, аудармасыз, синтетикалық. Шетел тілін дауыстап оқуды үйретудің бастауыш кезеңінде – басты құрал оқу техникасын дамыту. Оқытуда дауыстап оқу бақылау рөлінде және мәнерлеп оқуда басты құрал болып табылады. Ал кәсіби мектеп деңгейінде шетел тілін оқытуда да дауыстап оқу тысқары қалмайды, мамандығына сәйкес мәтіндермен жұмыс, дөңгелек үстел, пресс конференциялар т.б. басты құрал болып табылады. Дауыстап оқыту әдісі қай уақытта болсын шеттетіліп қалмайды, ол өте пайдалы әдіс қолданса. Оқытудың тиімділігін танытатын бірден-бір құрал.

Сол уақытта дауыстап оқу тіл дамытуда өз бетімен жұмыс түрінде көрінеді, өзіндік тілдік және ойлау міндеттері қолданылады:

а) оқылған тілдің әріптік – дыбыстық меңгерілуі үшін;

б) сөйлемдердегі синтагма элементін біріктіріп дамытуды білу үшін;

в) оқу темпін шапшаңдату үшін (оны сөйлеудің шапшаңдық мүмкіндігіне жеткізу);

г) болжау мүмкіндігін дамыту үшін;

д) түсініктің дәлдігін оқыту және бақылау үшін [36, 94].

Дауыстап оқу қазіргі кезеңде кәсіби мектептерде материалдарды ауызша өтуде пайдаланылады. Ол сондықтан да ауызша тілге жақын. Осы оқытудың түрлеріне тоқтала кетсек:

Іштей оқу. Іштей оқу – оқушылар меңгеруге тиісті оқу түрі болып табылады. Оқушыларды әртүрлі әдебиеттерді оқуға, газетікк және ғылыми – көпшілік мақаларды оқыту – басты тапсырма, шетел тілі мұғалімінің алдына қойылған басты мәселе.

Қазіргі кездегі әдістемеді оқу сапасын көтеру мақсатында мынадай оқу түрлері бар:

Дұрыс оқу:

- сөз ішінен әріпті, жеке буынды не жеке бір сөзді қалдырмай оқу;

- кейбір буынды не жеке сөзді қайталамай оқу;

- кейбір дыбыстардың, сөздердің орнын ауыстырмай оқу;

- мәтіндегі сөздердің мағынасына қарай лайықты дауыс ырғағын, интонациясын сақтап оқу;

Түсініп оқу:

- сөз мәнін ұғынып оқу;

- сөйлемдегі сөздердің байланысын айырып оқу;

- ауыспалы мағыналы (кекету, күлу, сықақтау) сөздерді дауыс ырғағына сай оқу;

Шапшаң оқу:

- оқу темпін (қарқынын) тездетіп, жылдамырақ оқу;

Мәнерлеп оқу:

- әуенді – сазды ерекшеліктерді сақтап оқу;

- ой-екпінін дұрыс қойып оқу;

- кейіпкердің көңіл – күйін сезіне оқу;

Бұл мәтінмен мынадай жұмыс түрлерін жүргізуді талап етеді:

- түсініксіз жеке сөздер мен сөз тіркестерін,

- жеке сөйлемдерді,

- тұтас мәтінді талдау;

- жоспар жасау;

- мәтіннің негізгі ойын, идеясын;

- мәтіннің кейіпкерін;

- мәтіннің желісін т.с.с. анықтау.

Шетел тілі сабағында белсенді оқыту оқушылардың білім, білік дағдыларына қойылатын бұл талаптар өзара тығыз байланыста болғандықтан, бір – бірімен ұштастыра жүргізіледі.

Оқу мазмұнын ашуда оқытудың барлық әдіс – тәсілдері пайдаланылады:

- балалардың оқу – таным әрекетін ұйымдастыру және оны іске асыру әдістері;

- оқу – таным әрекетіне түрткі (мотивация) жасау, әсер ету әдістері;

- оқу – таным әрекеттерінің тиімділігін тексеру әдістері.

Оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыру мен шығармашылық қабілетін қалыптастыру мақсатында мынандай сабақтар: біріккен сабақ, жаңа сабақ, қайталау, бекіту, жаттығу, сондай-ақ, сахналау (кейіптендіру), саяхат, бәйге, жұмбақ, ойын, пресс конференция, білікті маман т.с. жүргізуге болады.

Сыныптан тыс оқу негізгі оқудан бөлінбейді. Себебі оның мақсатының өзі – сыныптағы

оқуды толықтыру болып табылады. Сабақта өткізілетін әр түрлі жұмыс түрі оқушылардың мотивациясын көтерумен бірге әдістемелік деңгейін жақсартады. Ағылшын оқулықтарын пайдалану барысында ағылшын тілі сабақтарының бірнеше үлгілері берілген.

Мысалы:

1. Фонетикалық дағдыларды қалыптастыруға ағылшын тілі бейне сабағында мұғалім түсіндіру кезеңін оқушыларға алфавитті таныстыру, әр дыбысты айтуға арналған жаттығулар жүйесінен бастайды; оқушылар әуелі тыңдап алады, әуелі дыбысты хормен айтады, сосын жеке-жеке айтады. Одан кейін осы дыбыстарды жаттықтыру, автоматтандыру, дағдыны қалыптастыру басталады. Бұл бастауыш мектептен бастау алады.

2. Грамматикалық материалды ұйымдастыруда нұсқа ережелерді қолдану, сөз үлгілерін қолдануда коммуникативтік әрекеттерді автоматтандыруға, репродуктивтік сөздерде қолдануға арналған грамматикалық материалдарды бекітетін жаттығулар сабақтары;

3. Жаңа сөзбен таныстыру, өз мамандығына байланысты, оның мағынасын түсіндіру және оны алғаш бекіту сабақтарында оқушыларды сөздің дыбыстық бейнесімен таныстырып, оның қалай айтылаты-

нын оқушыларға тыңдату, дұрыс айтуға үйрету мақсаты көзделеді, оны мұғалім белгілі бір контекст құрамында енгізуі керек, бұдан кейін әр түрлі жаттығулармен бекітуі керек.

4. Интернет арқылы сабақта оқушыларға берілген «Voice for the Earth» тақырыбы бойынша әңгімелер құрастырады, халықаралық телекоммуникациялық «Vote» жобасының материалдарымен танысады. Сабақта тілдік қызметтің барлық түрлері, яғни тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу қамтылады. Ұсынылып отырған материалдарды жете зерттеу мұғалімнің ондағы тәсілдерді күнделікті сабақтарда да қолдануына мүмкіндік береді. Мұғалімнің оқушылармен педагогикалық қатынасты ұйымдастыра алу қабілеті бүгінгі таңдағы ағылшын тілін оқыту процесінің тиімділігін арттырады, сондай - ақ ол оқушының жеке тұлға ретінде ерекшеліктерін ашуға және оның ағылшын тілін мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруіне бағытталады. «Ағылшын тілі сабағы» электрондық оқулығының мазмұнды құрамдары болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің сабақты ұйымдастыруға дайын болуына және мектепте оқушыларды тәрбиелеу үрдісінде кәсіптік біліктілік танытуына жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ушинский К.Д. Педагогические соч. в 6-ти т. – Т. 2. – Москва, 1988. – С. 30.
- 2 Аяпова Т.Т., Ұқбаев Д.Б. Ағылшын тілі (жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық) – Алматы: Атамұра, 2001.
- 3 Иванова И.П. Теоретическая грамматика современного английского языка. Учебник. / – Москва: Высш. школа, 1981. – 285 с.
- 4 Бархударов Л.С. Грамматика английского языка. – Москва, 1986г., – 310 с.
- 5 Иманқұлова С. Жаңаша оқыту әдістемесі. // Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2006. – №1 Б. 97-98.

ӘОЖ 378.017.4(574)

Д.А. Садыкова

ж.ғ.м., аға оқытушы

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

С.Ж. Таяуова

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің тәрбие ісінің меңгерушісі

Ақтөбе қ.

ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ – ЕЛЖАНДЫ ҰРПАҚ

Мақалада еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі тәрбие беруде ұлттық құндылықтарымызды пайдалану арқылы ұлттық тәрбие беру бағыттары қарастырылған. Еліміздің болашағы білімді, дарынды, елжанды ұрпақ десек, дарындылық пен білімділікті ұйқастырып, білікті білім мен саналы азаматты қалыптастыратын негізгі бағыт – дұрыс тәрбие беру. Ал білікті, саналы ұрпақтың біздің мемлекетімізді әлемдік деңгейде танытатын дара тұлғалар болары анық. Сондықтан, еліміздің жанашыр, елжанды ұрпағын өсіреміз десек, ұлттық тәрбиемізге ерекше көңіл аударуымыз қажет. Мақалада ұлттық тәрбиенің жас ұрпақ үшін маңыздылығы мен ерекшеліктері нақтыланды. Дүниежүзі дамыған мемлекеттердің тәрбие беру бағыттары қарастырылып оның дұрыс нәтижелерін өзіміздің мемлекетіміз бен ұлттық идеологиямызға сәйкестендіріп пайдалануға болатыны айқындалды.

Түйін сөздер: *экология, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар, халық тәрбиесі, ұлттық сана, елжандылық, өркениет, тарих, шет елдік ұлттық тәрбие.*

В данной статье рассматриваются направления национального воспитания как национальные ценности в воспитании, являющиеся основной задачей нашей страны. Будущее страны в руках образованного, талантливого и патриотичного поколения, поэтому основное направление формирующее профессиональное образование и здравомыслящих граждан, совмещая талантливость и образованность – давать им правильное воспитание. Образованное и здравомыслящее поколение несомненно станет уникальной личностью, способной поднять нашу страну на мировой уровень. Именно поэтому, мы должны уделить особое внимание национальному воспитанию, чтобы воспитать патриотичную и проявляющую заботу к стране поколение. В статье уточнена важность и особенность национального воспитания для молодого поколения. Рассматривая направления воспитания развитых стран мира, определена возможность использования их правильные результаты, соответствующие нашей государственной и национальной идеологии.

Ключевые слова: *экология, национальное воспитание, национальные ценности, национальное сознание, патриотичность, цивилизация, история, национальное воспитание зарубежных стран.*

Abstract: In this article the main task of our country directions of national education as national values in education are distinguished. The country's future is in the hands of educated, talented and patriotic generation, so the direction for formation of professional education and conscious citizens, combining talent and education – giving them proper education. Educated and conscious generation will undoubtedly be a unique individual, capable of raising our country to the world level. That is why we must pay special attention to national education, to foster patriotic generation that will take care of the country. The article clarified the importance and particularities of national education for the younger generation. Considering education destinations of the developed

countries in the world, the opportunity to pick their correct results, corresponding to our state and national ideology was identified.

Keywords: *ecology, national education, national values, national consciousness, patriotism, civilization, history, national education in foreign countries.*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ержетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, жылдам өркендеу үстінде күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады. Егер біз адамгершілігі жоғары ел боламыз, өркениетті қоғам боламыз десек, әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті мемлекеттердің қатарына жетеміз десек, жас ұрпақтың алдындағы жауапкершілікті күшейтуіміз керек» деген болатын.

Осыған орай елімізде жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің жаңа ұлттық моделін жүзеге асыру, жаңа әдіс-тәсілдер мен технология, білім мен тәрбие берудің ғылыми педагогикалық зерттеулерін қарастырып, ұлттық құндылықтарымызды пайдалану арқылы өз ұлтымыздың асыл қасиетін дәріптейтін білім мен тәрбие берілуі қажет екендігі айқындалды.

Ұлы ғұлама ғалым Әл-Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» - деген екен. Еліміз өркениетті елдер қатарына жататын әлемдік деңгейдегі ел болады десек, өз ұлтымызды, елімізді, тілімізді, салт-санамызды ардақтайтын, асыл қасиеттерімізді құрметтейтін, тәрбиелі, саналы ұрпақтардың өсіп жетілуіне басты назар аударуымыз керек.

Ғасырлар тоғысында бүгінгі күнде адам ұрпағы алдында: «Қандай жағдайда адам қалады, адам болып?» деген сұрақтың тұрғаны көп жағдайды аңғартса керек. Тәрбиесіз берілген білімнен нәтиже күтудің қажеті

жоқ екені айтпаса да түсінікті. Өткен тарихымызға көз жіберсек, қаншама білімді адамдар өз білімдерін, ақыл-ойларын қанды соғысқа, халықты жоюға жұмсады емес пе? Сондықтан да, маманнан бұрын адам тәрбиелеу қай елде немесе ұлтта болмасын бірінші шешетін мәселе болуы тиіс.

Еліміздің болашағы білімді, дарынды, елжанды ұрпақ десек, дарындылық пен білімділікті ұйқастырып, білікті білім мен саналы азаматты қалыптастыратын негізгі бағыт-дұрыс тәрбие беру. Ал білікті, саналы ұрпақтың біздің мемлекетімізді әлемдік деңгейде танытатын дара тұлғалар болары анық. Сондықтан, еліміздің жанашыр, елжанды ұрпағын өсіреміз десек, ұлттық тәрбиемізге ерекше көңіл аударуымыз қажет. Ұлттық тәрбие ана құрсағынан, сүтінен, әлдінен басталып, от басы, балабақша, мектеп, жоғарғы оқу орындарында өз жалғасын табуы, яғни бала тәрбиелене отырып білім алуы тиіс. Жаңа ғасырда өз ұлтын сүйген, бірлікте болған халық ғана өз тұтастығын сақтап қалады. Өз елінің ұлтжанды, елжанды азаматы ғана өз елінің ұлықтығы мен теңдігі, елдігі үшін еңбек етеді.

«Тәрбие от басынан басталады» демекші отбасы тәрбиесі ең маңызды тәрбие. Күнделікті өмірдегі әрбір игілігі істерде, жаман әдеттер де от басындағы тәрбиеден басталады. Әрбір ата-ана балаға қандай тәрбие берсе, бала солай қалыптасып өседі. Ата-ананың тәрбиелілігі, білімділігі мен біліктілігі баласының тәрбиесінен көрінеді. Отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі баланың сана сезіміне, ойлау қабілетіне, ішкі жан дүниесіне әсер етеді. Сондықтан, ата-ананың өз бойында жақсы әдет-ғұрыппен ұлттық қасиеттердің қалыптасуы тиіс. Жанұяда, білім беру мекемелерінде өз ана тілінде сөйлеу ұлттық тәрбиені, сананы, рухани жан-дүниенің тазалығын қалыптастырады.

Халқымыздың «Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» деген ұлағатты сөзінде үлкен сыр жатыр.

Қазақтың көрнекті қоғам қайраткері Жүсіпбек Аймауытов: «Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып өзге тілдерді түсіну мүмкін емес. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын мол қазынасы – халықтың тілі», деген болатын.

Ұлттық құндылығымыздың асыл қазынасы ана тілін жастарымыздың мүмкін болғанша жақсы білуі, оларға тәрбие берушілердің қасиетті ана тіліміздің құдіретін ұғындыру, керемет көркемдігін біліп алуға баулу қажет. Сонымен бірге, ана сүтімен, әлдиімен бойына таралған халқымыздың ән-жырлары, өлең, шежіре, тарихы ана тілінде өз жалғасын тауып жатса, ұлттық тіліміздің мәртебесі өсіп басқа ұлттар арасында мәртебесі өсері анық.

Ұлттық тәрбиенің ерекше түрі жастардың бойында ұлттық намысты қалыптастыру. Ұлттық намыс - қара бастың қамы емес, рудың немесе жүздің зары емес, ол еркіндік, тәуелсіздік қолға тигенде өз елің, жерің, халқың үшін аянбай еңбек ету. Өз алдына руға, жүзге бөліну ұлтымыздың түбіне жетсе, ұлтшылдық ұлтыңды бөлектеп әлемдік өркениеттен қалдыратыны анық. Егер осының бәрі өз өлшемінде болса ұтысқа шығар ұлтжандылық осы. Сондықтан, ұлттық тарихи және әдеби құндылықтарымыз арқылы еліміз үшін қайсарлықпен күрескен батыл, ержүрек дара тұлғаларымыздың ерліктерін үлгі тұтып дәріптеу, бүгінгі күннің бақыты мен тыныштығы, тәуелсіздігі бізге оңай жолмен келмегендігін, сан ғасырлар бойы ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен күрескен арыстарымызбен батырларымыздың, аналарымыз бен асылдарымыздың аманаты екендігіне көз жеткізе отырып тәрбие беру жастардың бойында елжандылықты қалыптастырады.

Халқымыздың біртуар асыл азаматтарының өмірі мен еңбегіне арналған кітаптарды оқыту, олардың адамгершілік асыл

қасиеттері мен өз халқын құрмет тұтатын ұлтжандылық дара тұлғасын дәріптеу арқылы ұлттық тәрбие берілуі тиіс.

Қазақтың көрнекті зиялысы Міржақып Дулатов: «Жас өркендерді жерге шырылдап түскен кезден есейіп, есі кіріп болғанға дейінгі аралықта ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аудару қажет» демекші жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде халық тәрбиесінің орны ерекше.

Халық тәрбиесі ұлттық тәжірибелер мен тағылымдардан туған бай қазына. Халық тәрбиесінің мақсаты – жас ұрпақты ата-бабалар тәжірибесінің ең жақсы бағыттарына тәрбиелеу. Халық тәрбиесінің ұрпаққа айтар ақылы мен ұсынар үлгісі, беретін тәлім-тәрбиесі ән, күй, шығармалар, аңыз әңгімелер, шежіре, дастандар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздері арқылы насихатталады. Халық тәрбиесі жас ұрпақты өнер, білім меңгеруге, еңбек пен ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына қалыптастыруға, ойлау қабілетін дамытуға, имандылық, әдептілікке тәрбиелеуге баулиды. Сонымен бірге, ұлттық сананы, тәрбиені қалыптастыратын ғылыми және ұлттық жүйеге байланысты жаңа оқулықтар енгізу қажет. Еліміздегі білім беру мекемелеріне ұлттық тәлім-тәрбиені енгізе отырып білім мен тәрбие беру жүйесін қалыптастыру арқылы ұлттық тәрбиені дамыта аламыз.

Дүниежүзіндегі дамыған мемлекеттердің ұлттық тәрбие берудегі үлгі боларлықтай бағытын зерделесек Жапония, Қытай, Оңтүстік Шығыс Азия және Скандинавия мемлекеттерінің мәдени-экономикалық қарқынды өркендеуінің себебі жастарды тамыры терең ұлттық идея рухында тәрбиелуінде.

Махатма Ганди: «Мен басқа елдерден ұлтымыздың іргесін аулақ салуға қарсымын. Бірақ сол елдерден келетін жел есігімізден де, тереземізден де соғып, өз аяғымызда тұра алмайтындай халге жетуден сақтандырамын», - деген сөзінде үлкен сыр жатыр. Осы орайда жас ұрпақты тамыры терең ұлттық тәрбие

рухында тәрбиелейтін жоғарғы дәрежедегі білім мен тәрбие жүйесін құра білген бірқатар елдердің тәжірибелерінен үлгі алып, оның дұрыс нәтижелерін өзіміздің мемлекетіміз бен ұлттық идеологиямызға сәйкестендіріп пайдалануға болады.

Мысалы, Қытай Халық Республикасында Конфуциялық ілімге негізделген білім мен тәрбие беру негізгі тұғынамасы болып саналады. Жастар тәрбиесінде ізгілендіру мен әлеуметтік-этикалық аспектілерін құрастыруда конфуциялық ілім мен Қытай халқының дәстүрлі мәдени және рухани құндылықтары басшылыққа алынады.

Жапон ұлтының моральдық және мәдени құндылықтарын, бұқарашылық, адам мен табиғатқа құрмет, үздіксіз ізденіс пен өнімді еңбек ету қасиеттерін өскелең ұрпақ зердесіне ұялату бағыттары мен Финляндия, Швеция, Түркия, Үндістан, Балтық бойы республикалары, Ресей мемлекетінде халықтық әдет-ғұрыптар, ұлттық философия, ұлттық тәрбие бағытындағы арнаулы пәндер ұлттық компонент ретінде енгізіліп отыр.

Жапонияда білім беру мен тәрбиелеу бағытында «Кокоро» идеясы басшылыққа алынады. «Кокоро» дегеніміз «жүрек, ақыл-ой, ізгілік» деген ұғымдардың жиынтығы. «Кокоро» тәрбиесі жастардың биік адамгершілік қасиеттерін, ұлтжандылық тәрбиесін орнықтыру болып есептеледі.

Әр түрлі елдердегі білім мен тәрбиені салыстыра отырып түрлі қоғамда, түрлі мемлекеттерде баланың білімділік деңгейі мен елжандылық белсенділігін арттыру үшін сол қоғамдағы іс-әрекет пен даму бағыты, этникалық келіп шығу тарихы мен әлеумет-

тік жағдайына байланысты ғылыми негізделген заңдылықтарда көрініс табатыны айқындалды. Батыс Еуропа мен Америка елдерінде, Францияда, Ұлыбританияда білім мен тәрбие берудің белгілі бір жүйесі қалыптасқан. Онда білім беру мен тәрбиенің үш түрі топтастырған. Латынеуропалық (Франция, Бельгия, Швейцария, Италия), скандинавиялық (Финляндия, Швеция) және англо-саксондық (Ұлыбритания, АҚШ). Латынеуропалық модельде баланы алдынала дайындап, оларға қажетті барлық тәрбие мен білім беру түрі беріледі. Скандинавиялық модельдің шведтік үлгісі балалар ата-ана тәрбиесінен басқа ерекше тәрбиеге, қамқорлыққа алынған. Олардың жоғарғы сапалылығына ықпал ету үшін арнаулы бақылау ұйымдары құрылған және ондағы оқу-тәрбие жұмысы ғылыми негізделген жағдайда ғана жүргізіледі.

Англо-саксон моделі білім беру жүйесінде баланың өз тағдырын өзі шешуге құқығы бар тәуелсіз тұлға ретінде дамуына ерекше жағдай жасайды.

Халқымызда: «Бір жылдығыңды ойласаң егін сал, он жылдығыңды ойласаң ағаш ек, жүз жылдығыңды ойласаң балаңды тәрбиеле» деген нақыл сөз бар. Сондықтан ұрпақ тәрбиесі білім беруден алдын шешіп алатын басты мәселе екені айқын. Ұлттық тәлім мен тәрбие алған жас ұрпақтың дені сау, адамгершілікті, ақылды, білімді, өз елін сүйетін, халқын құрметтейтін елжанды азамат болып өсуіне әсер ететіні айқын.

Сондықтан, болашағын ойлайтын әрбір азаматтың тәрбие бағытына, соның ішінде ұлттық тәрбиеге ерекше мән беруі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н.Ә. «XXI ғасырдағы білім мен тәрбие беру» республикалық үздік шығармалар жинағы. – Астана, 2001-2002.
- 2 Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі. – Алматы, 1997.
- 3 Құсайынов А. Салыстырмалы педагогика. – Алматы, 2009.
- 4 Садыкова Д.А. Жүз жылдығыңды ойласаң балаңды тәрбиеле Тәрбие құралы. 2007.

ОӘЖ 8.81.8113

Л.Т. Кабдылманова

*магистрант второго курса
КазНПУ имени Абая*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МУЛЬТИМЕДИЙНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРЕПОДАВАНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Данная статья посвящена теме преподавания английского языка с использованием мультимедийных технологий. В статье отображаются преимущества использования новых технологий, их влияние на урок, на улучшение атмосферы обучения, повышение эффективности восприятия иностранного языка.

Ключевые слова: *интеграционные процессы, технология, мультимедийные средства, мультимедия.*

Бұл мақала ағылшын тілін оқытуда қолданылатын мультимедиялық технологиялардың тиімділігі жайлы ақпарат береді. Мақалада жаңа технологияларды қолдану барысындағы сабақтың тиімділігін арттыру мәселелері, оқушылардың сабаққа деген белсенділігі мен қызығушылығын арттырудағы жаңа мультимедиялық технологиялардың ролі дәлелденеді.

Түйін сөздер: *интеграциялық процесстер, технология, мультимедиялық құралдар, мультимедия.*

The article displays the importance of using the multimedia technologies in teaching foreign languages. This article shows that using multimedia technologies can highly improve the effect of accepting the language during the lesson; it is also develop their interest to the lesson and affect the lesson beneficially.

Keywords: *integration processes, technology, multimedia, multimedia.*

Современные требования к отечественному образованию обусловлены необходимостью обеспечения ускоренного социально-экономического развития экономики Казахстана, потребностью в подготовке профессиональных кадров с управленческой компетентностью и адаптационно-творческой готовностью к деятельности в условиях инновационного развития рынков.

Концепция развития иноязычного образования ставит стратегический курс развития образования РК на качественное обновление отечественного иноязычного образования и подготовку в этой области профессиональных кадров, квалификационно отвечающих общемировым стандартам.

Интенсивно развивающиеся в последнее десятилетие интеграционные процессы, рост профессиональных и академических обменов, углубление международного сотрудничес-

тва стимулировали поступательное развитие иноязычного образования. В этих условиях иностранный язык приобретает статус действенного инструмента формирования интеллектуального потенциала общества, который становится на современном историческом этапе одним из главных ресурсов развития нового государства [1].

Знание иностранного языка, как языка международного общения осуществляется через совершенное владение им на всех уровнях речевого общения. И с развитием новых технологий в сфере науки обучение иностранным языкам требует использование этих технологий для совершенствования навыков ИЯ.

Новая эра назначает новые вызовы и требования для современного учителя. Традиция преподавания английского языка резко изменилась с появлением технологий. Технология предоставляет так много вариантов,

как сделать обучение интересным, а также сделать обучение более продуктивным в плане улучшения.

Технологии являются одними из наиболее значимых драйверов как социальных, так и языковых изменений. Один способ включает использование мультимедийных средств в преподавании ИЯ в целях создания английских контекстов. Это помогает студентам принять участие и узнать интересные им факты. Это было проверено эффективно и широко распространено для преподавания английского языка в современном мире.

Технология используется для подъема современных стилей, она удовлетворяет как зрительные и слуховые чувства студентов [2].

Анализ на необходимость применения мультимедийных технологий в преподавании английского:

1. Чтобы развивать интерес учащихся к исследованиям.

В настоящее время, стереотипные традиционные методы обучения и окружающей среде не популярны, в то время как мультимедийные технологии с участием аудио, визуальных эффектов анимации естественно и гуманно делает нам более широкий доступ к информации, кроме того, с такими характеристиками, как обильные информации и пересечения времени и пространства, мультимедийные технологии дает ощущение реальности и функционирует очень хорошо.

2. Содействие развитию связей студентов.

Традиционное обучение затрудняет способность студентов понять язык, а также понимание структуры, значение и функции языка, и делает студентов пассивными получателями знаний, таким образом, трудного для достижения цели общения. Учитель, ведущих студентов к мотивации обучению, используя мультимедийные технологий стремится к интеграции преподавания и обучения, и предоставляет студентам большие стимулы, активизировать мышление студентов, и превра-

щает изучение английского языка в емкость культивирования. И такие виды деятельности в аудитории, как групповая дискуссия, тема обсуждения и дебаты ведут к интерактивному общению в классе. Так, мультимедийные технологии преподавания однозначно вдохновили студентов на позитивное мышление и навыки общения в социальной практике.

3. Для расширения знаний учащихся, чтобы получить углубленное понимание к западной культуре.

Мультимедийные обучение может предложить студентам богатую информацию, более обильную, чем учебники, и помочь им получить яркие культурные традиции на дисплее, богатое содержание, которые естественны и ближе к жизни. Учащиеся могут не только улучшить свои способности слушать, но и учиться западной культуре. Учащиеся учатся получать информации по различным каналам и могут использовать в дискуссии.

4. Чтобы улучшить эффект преподавания.

Мультимедийные учения обогатить содержание обучения и поможет выйти из шаблонного «teacher – centered learning» и принципиально улучшить эффективность класса. Использование мультимедийных Sound Lab материализует студентов к лучшему восприятию материала. Мультимедийные технологии выходят за рамки времени и пространства, создает более яркие, визуальные, подлинные условия для английского обучения, стимулирует инициативы учащихся и экономит время класса.

5. Создает контекст обучения языку.

Мультимедийное обучения создает условия для обучения языку. Этот метод делает класс живым и интересным, а также оптимизирует организованность класса. Мультимедийные средства имеют свои особенности, такие как видимость и живость. В процессе обучения английскому языку мультимедийные технологии, звуки и изображения могут быть установлены вместе, что повышает инициа-

тиву преподавателей и студентов, при использовании мультимедийного программного обеспечения, учителя могут использовать фотографии и изображения, чтобы обогатить содержание классов, а также представить в различных контекстах процесс производства преподавания предмета. Через весь интерактивный процесс, очевидно, что использование мультимедии в преподавании ИЯ является эффективным в воспитании интереса учащихся к изучению английского языка, а также повышение интереса. Как многие преподаватели указывают, через мультимедийные и сетевые технологии мы можем предложить студентам не только богатые, подлинные источники учебных материалов, но и привлекательный и удобный интерфейс, яркие фотографии и приятные звуки, которые в значительной степени преодолевают отсутствие подлинной языковой среды и вызывает интерес учащихся к изучению английского языка.

Также хотелось бы отметить то, что использование мультимедийных средств обучения вовлекает за собой и проблемные стороны такие как:

1. Использование основных средств обучения могут быть заменены второстепенными, когда технологии используются только как средство и не дает студентам возможности работать над материалом.

2. В классе велика вероятность потери коммуникации

3. Абстрактное мышление студентов может быть заменена шаблонным придуманным мышлением.

Во избежание таких проблем нужно использовать мультимедийные средства обучения как способа достижения цели урока, а не главным методом урока.

В заключении, можно отметить то, что одной из конечных целей мультимедийного обучения языку является содействие студентам мотивация и обучение интереса, который может быть практичным способом вовлечь их в изучении языка [3]. Контекст создания преподавания ИЯ должна быть основана на открытости и доступности учебных материалов и информации. В процессе оптимизации мультимедийного обучения английскому языку, студенты не слишком зависят от их родного языка, но будет мотивирован и руководствуясь общаться друг с другом. Что касается развития технологий, мы считаем, что в будущем, использование мультимедийных английском обучение будет развиваться и дальше. Процесс изучения английского языка будет лично-ориентированный, но менее отнимает много времени. Таким образом, это обещает, что качество преподавания будет совершенствоваться. Процесс использования мультимедийных средств обучения может полностью улучшить мышления студентов, их способность практического использования языка.

ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Концепция развития иноязычного образования РК до 2015года. – Астана, 2003. – 29с.
- 2 David Graddol, The future of English, Page 2 (1997:16)
- 3 Brown, H.D. (2001). Teaching by principles: An interactive approach to language pedagogy. Beijing: Foreign Language Teaching and Research Press.

ОӘЖ 37.03

Г.С. Есебиева

Жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Э.М. Кулганатова

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Ақтөбе қ.

ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ – АНА ТІЛІ

Мақалада тәрбие берудің басты құралы ана тілі болуы керектігі көрсетілген. Ана тілінде тәрбие алған әрбір жас ұрпақ елін, жерін сүйетін, ұлтының қамын ойлайтын азамат болып қалыптаспақ. Сондай-ақ ұлы тұлғаларымыздың ана тілінде білім берудің қаншалықты маңызды екендігін көрсеткен сөздері көптеп келтірілген. Қазіргі кезде елімізде қазақ тілінде білім мен тәрбие беретін балабақшалар мен мектептердің санының жылдан-жылға өсіп келе жатқандығы да тілге тиек болады. Әлі де болса ақсап жатқан жерлердің бары рас.

Ұлы ағартушыларымыз тіліміздің шұбарланып, жойылып кетуінің мүмкін екендігін көрегендікпен сезіп, білген. Тіліміз, әдет-ғұрпымыз, салт-дәстүрімізді жоғалтып алмас үшін балаларымызға тек ана тілінде білім беруіміз керек. Қазіргі қоғамның алдында тұрған мәселенің бірі-бүгінгі жас жеткіншектің бойына бәсекеге қабілетті құндылықты қасиеттерді қалыптастырып, дамытуға айрықша көңіл бөлуді қажет етеді. Бұл құндылықтардың бастау көзі тек халықтық тәрбие беру тәсілдерінде екені рас. Ұлтымызбен бірге жасасып келе жатқан мол мұраларымыздың құндылығына ешкім дау айта алмасы анық.

Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейрімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде ана тілі шешуші рөл атқарады.

Түйін сөздер: *ана тілі, балабақша, мектеп, ұлттық мектеп, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тәрбие, білім.*

В научной статье излагается первостепенность родного языка при воспитании молодежи. Подрастающее поколение, воспитанное на родном языке, становится личностью, думающим о своем народе, земле, стране. Также приводятся множество цитат известных личностей, изреченных о важности получения знаний на родном языке. Обсуждается увеличение в настоящий момент числа детских садов и школ в стране, обучающихся на казахском языке. И сейчас, в действительности, немало заметных недостатков.

Великие просветители с прозорливостью предвидели засорения языка и возможность его исчезновения. Чтобы не потерять свой язык и свои традиции мы должны преподавать нашим детям только на родном языке. Одна из задач современного общества – это формирование конкурентно способных качеств у молодежи и уделение особого внимания их развитию. А источник этих качеств таится в методах народного обучения. Конечно, никто не может поспорить с значимостью наследия народа, передающегося испокон веков.

Не зря у нас в народе говорят «Для ровного роста дерева можно способствовать только, когда оно - саженец, а когда вырастет, его не выправишь». Поэтому немаловажную роль играет родной язык при прививании детям благородных человеческих ценных качеств, доброты с малых лет и вселении уверенности в себе.

Ключевые слова: *родной язык, детский сад, школа, национальная школа, традиции, обычаи, воспитание, образование.*

In a scientific article describes about the primacy of the mother tongue in youths' education. Younger generation educated in their native language, becomes a person, who thinks about the people, land, country. Also contains many quotations of famous personalities uttered about the importance of gaining knowledge in their native language. It is discussed the increasing currently kindergartens and schools in the country, learning the Kazakh language. And now, in fact, quite a few noticeable flaws.

Educators with great sagacity foresaw clogging language and the possibility of its disappearance. In order not to lose their language and their traditions, we need to teach our children only in their native language. One of the problems of modern society - is the formation of competitive qualities in young people and focus on their development. And the source of these qualities lies in the methods of the national training. Of course, no one can argue with the significance of the heritage of the people that is transmissible from time immemorial. No wonder we have the saying "For good tree growth can be promoted only when it is a sapling, and when it grows up it does not improve". Therefore, a lot of the important role plays native language when inculcating children noble qualities, kindness, human valuable qualities from an early age and inspiring of self-confidence.

Keywords: *native language, kindergarten, school, national school, tradition, customs, training, education.*

Елбасымыз, Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2050» стратегиясын қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауында былай деген еді; «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынның тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиісті міндет».

Тіл – қастерлі де, қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал, бұлардың бәрі – адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер – ана тілі.

Тіл туралы қағиданың тұмары А.Байтұрсынов «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы мүмкін» деп қауіп етсе, Х.Досмұхамедов: «Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Ана тілін білмей тұрып,

бөтенше жақсы сөйлесең, ол – күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлеу, бұл – сүйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате» деген екен.

XX ғасырдың басында Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев көтерген ағартушылық қозғалыстың туын А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатовтар жалғастырды. Қазақ халқының іргелі ел болуы үшін олар ұлттық тіл мен әдебиет, мектеп пен баспасөздің аса қажет екеніне барша жұрттың назарын аударды, ұлттық мектеп болуы үшін онда сол халықтың қаны мен жаны, рухы болуы тиіс деді. Расында да қазіргі зиялыларымыз да қайта-қайта айтып жатқандай, ұлт мектептерінің қай-қайсысы болса да ана тілімен қатар, сол халықтың рухы, оның өсіп-өну тарихы, географиясы мен экологиясы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, елдік дәстүрі жайында тиянақты білім бермейтін болса, онда ол ұлттық мектеп бола алмайтыны хақ. Жаңашыл педагог-практик, академик Ш.А.Амоношвили «грузин тілінде сабақ жүргізгендердің бәрін де бірдей ұлттық мектеп деп айтуға болмайды, бұлардың нағыз ұлттық болуы үшін оларды грузин халқының рухы болуы тиіс. Осындай жәйттер орыс, армян, өзге де ұлт мектепте-

рінің әрқайсысына өлшем болсын, мұндағы оқу-тәрбие істерін қалайша жүзеге асыру қажеттігін орталықтан яғни жоғарғы жақтан нұсқау күтіп отырудың қажеті жоқ» - деп көрсетеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін көзіміз жеткен ақиқат – қазақтың ұлттық мүддесін жүзеге асыруға, қазақ тілін шын мәніндегі мемлекеттік дәрежеге көтеруге те қазақ тілділер ғана мүдделі. Олай болса тектілігі тереңге тамырланған қазақ халқының бала тәрбиесіне баса назар аударғанымыз жөн. Ұлтымыз қашан да баласының рухани жағынан бай болуына көңіл бөлген. Сәби дүниеге келгеннен бастап, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, ақыл-ойының жетілуіне назар аударған. Баланың бойына адалдық, әділдік, мейірімділік, адамгершілік сияқты бар ізгі қасиеттерді сіңіруде ана тілінде берілген білімнің маңызы зор. Ана тілінде нәр алған баланы ата-баба өсиеттерін сіңіріп, салт-дәстүрлерді үйретіп, ел қамын ойлайтын, тілін, ділін құрметтейтін, өз ұлты мен қатар өзгелерді сыйлай алатындай етіп шығару атананың басты мақсаты болуға тиіс.

Ж.Аймауытов «Тәрбиешіге жетекші» еңбегінде «Оқытатын пәндердің бәріне бірдей керекті, бәрін қаусырып орап алатын пән – ана тілі екені даусыз. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай өзге пәндерге түсіну мүмкін емес. Ана тілі – халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы: өсіп, өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы, жанның барлық толқындарын тұқымнан тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы – сол халықтың тілі» деген. Сондықтан да, әрбір ата-ана бала тәрбиесіне айрықша назар аударып, қазақ халқының салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарының дәріптеп үнемі айтып отырса нұр үстіне нұр болар еді. Еліміздің болашағын ойлаған әрбір азамат балаларын қазақ тіліндегі балабақшалар мен мектептерге бергені жөн. Бірақ әлі күнге дейін ата-аналар арасында орыс тіліндегі мектептерде білім дәрежесі жоғары және өздерінің қазақ тілін жетік біл-

мейтіндіктерін желеу етіп келе жатқандар да баршылық.

1991 жылы еліміз егемендік алғаннан кейін, ұлттық мектептердің жабылуы дұрыс еместігіне көзіміз жетіп отыр. Қай кезеңде болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатыны белгілі. Егемен Қазақстан мемлекетінің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның сонау ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу – қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Кеңестік кезеңде балаларды жалпы адамзаттық, интеграциондық бағалыққа (құндылыққа) ынталандыруға тырысу, жастардың бойында тарихқа және халықтың өміріне, оның ана тіліне, мәдениетіне деген жатырқаушылығы мен немқұрайлы қарауын қалыптастырды.

Сондықтан да, Қазақстан егемендігінің алғашқы жылдарында жаппай тарихқа қызығушылық, өзінің тарихи тамырын іздеу, өзінің ана тілінің терең танымын, ұлттық мәдениеті мен тәрбиесінің иірімдерін танып білуге ұмтылды.

Тәуелсіздігімізді алғалы елеулі жетістіктерге жеткенімізді жоққа шығара алмаймыз. Жүздеген қазақ балбақшалары мен мектептері ашылды. Олардың саны жылдан-жылға өсіп келеді. Дегенмен де, қазақ халқының үлкен кемшілігі ұл-қыздарына жаппай ана тілінде білім мен тәрбие беріп, бүкіл халық болып бір-бірімен өз ана тілінде сөйлесетін ұлт деңгейіне әлі көтерілген жоқ. Мұны біздің ұлттық санамыздың қазіргі деңгейінің көрсеткіші десек те болады. Ұлтының тарихын құрметтеп, мәдениеті мен әдебиетін бойына сіңіріп, өнерінен сусындап, салт-дәстүрін ұстанып, ана тілінде сөйлемейтін халықтың ұлттық санасы да өспейді.

Қазақстанда қазір этно-мәдениеттік мұрамен, ғылым мен техниканың, мәдениеттің әлемдік деңгейіне сәйкес келетін ұлттық білім жүйесін құру туралы сөз болуда.

Республикада демократиялық үдерістің жүзеге асуының жүйелілігі біздің азаматта-

рымыздың білімге деген психологиялық көз-қарасын елеулі өзгертті. Сонымен қатар, демократиялық үдеріс өзінің ана тілінің қайта дамуын және ана тілі базасында балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қажеттілігін қалыптастырды. Ұлттық-этникалық негізде білім алуға деген қатты қызығушылық пайда болды.

Тәуелсіз елдің ұрпағына мәдениет пен ғылым, тәрбие мен білім беру – үздіксіз үдеріс. Олай болса, тәуелсіздік туын биіктеткен жастардың ұлттық білім мен тәрбие құндылықтарын меңгеруі жасампаз Қазақстанның жалынды жігерін, қуатты кемерін, ұлттардың жомарт жарастығын, ырысты ынтымағын әлемге паш етеді. Жас ұрпақты тәрбиелеудің өзекті тұстары – әр азаматтың өзіне қатысты алғанда өзіндік талап етуі, қоршаған ортаға қатысты оның шыншылдығы, елге қатысты алғанда оның адалдығы. Біздің жастарымыз Отанымыздың өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосуы үшін ар-ождан, борыштылық, жауапкершілік, әдептілік және да басқа жоғары жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар арнасындағы ұлы мұраттар рухында тәрбиеленуі керек.

Бүгінгі жаһандану үдерісінде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау мәселесі жас ұрпақ өкілдерін патриотизмге тәрбиелеудің ұлттық жүйесімен тығыз байланысты қарастырылады. Сондықтан да, «мәдениет-тарих-білім» макропарадигмасы патриоттық тәрбиенің өзегі болғандықтан, биылғы Жолдауда «Қазақстан армиясын жаңғыртуды және оның жауынгерлік дайындығын жетілдіруді жалғастыруды» сыртқы саясаттағы және қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басымдықтары қатарында қарастырылуы ұлттық білім мен тағылымды тәрбиенің терең тамырын бекіте түседі.

Ұлттық мәдениет пен тілді дамыту саласындағы жүргізілетін іс-шаралар Қазақстан Республикасының Конституциясы, Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы, Бала құқықтары туралы Конвенция және БҰҰ-ның Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакетінің стандарттарына бағытталған.

Қазіргі дүниеде қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ететін бірден-бір фактор – тіл. Озық ойлы адамдар қай заманда да бір елдегі бірнеше мәдениеттің, тілдердің қатар өрістеуіне үлкен мән берген.

Басқа елдермен бейбіт қатар өмір сүріп, ынтымақтастық орнату үшін, сондай-ақ, әлемдегі тіршілік тынысынан, толассыз аққан ақпарат ағынынан хабардар болуы үшін де Қазақстанның жас ұрпағының басқа елдің тілін білуі аса маңызды. Бүгінгі жаппай ақпараттандырылған дүниеде өзгелермен қарым-қатынасқа түспей, оқшауланып өмір сүру мүмкін емес. Ұлы Абай XIX ғасырдың өзінде-ақ: «...Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек», - деп, өзгенің тілін үйренуді өсиет еткені белгілі.

Ұлттық тәрбие беру салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, танымдық-ғибраттық, тарихи-мәдени және діни-рухани мұраларды қастерлей, сақтай білетін жас ұрпақ тәрбиелеу ана сүтімен берілетін ана тілінде жүргізілгенде ғана жүзеге асады.

Сөз соңын авар ұлтының ақыны Расул Гамзатовтың сөзімен қорытқанды жөн көрдік: «Егер менің тілім ертең өлсе, онда мен бүгін өлуге дайынмын», - деген еді. Міне, қандай сезім, қандай сүйіспеншілік! Демек, тіл – ұлттың жаны, тіл – ұлттың рухы, тіл – ұлттың ділі!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 www.akorda.kz. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012.

2 Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: 2 том (XX ғасырдың 20 жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) /Құрастырған: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1998. - 416б.

3 Мадин.И.Б. Қазақстанда совет дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірдің дамуы. – Алматы: Мектеп, 1979. - 128б

ӘОЖ 9.91.910.1

А.С. Махашева

*Батыс Қазақстан гуманитарлық заң колледжі, оқытушы,
жаратылыстану ғылымдарының магистрі*

А.С. Сатыбаева

№39 қазақ орта жалпы білім беру мектебінің география пәнінің мұғалімі. Ақтөбе қ.

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ДҮНИЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Бұл мақалада қазіргі ұлттық тәлім-тәрбиені қалыптастыру, ұлттық мұраны сабақ барысында пайдалану туралы қарастырылған. Географияны оқытуда ұлттық тәлім-тәрбие дүниесінің қалыптасуына әсер ететін факторлар туралы айтылған. Этнопедагогика ұлттық тәлім-тәрбиені жинақтайтын, оны қорытындылап, жүйелейтін теориясымен сипатталатын ғылым саласы. «Ұлттық тәрбие – жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының, ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрін меңгеруі негізінде қалыптасқан этнопедагогиканың саласы...» деп, анықталады. Ата-бабаларымыз – асыл қасиеттердің ұрпақ санасына халық білімі мен ұлттық тәрбие тәжірибелері арқылы даритынын табиғи құбылыс ретінде бағалап, оған терең мән беріп тұрмыс үрдісінде кешенді жүргізудің тәлімдік-әдістемелік жолдарын іздеген. Географияны оқытуда білім алушылардың ұлттық тәлім-тәрбиесін ата-бабамыздың қалдырған құнды мұралары арқылы қалыптастыру көзделген. Мысал ретінде Төле бидің «Қарлығаш би» аталу оқиғасы келтірілген. Осы оқиға арқылы географияның жануарлар мен өсімдіктер әлемі тарауын оқыту барысында ұлттық тәлім-тәрбие дүниесін қалыптастырудың алғышарттары қарастырылды.

Түйін сөздер: *география, ұлттық тәлім-тәрбие, ұлттық мәселе, қарлығаш әулие, қарлығаш би, ұлттық мұра.*

В данной статье анализируются вопросы формирования современного национального обучения, использования богатого культурного наследия на уроках. Говорится о факторах, влияющих на становление национального мира обучения и воспитания при преподавании географии. Этнопедагогика - область науки, которая характеризуется накоплением опыта национального обучения, его анализом и теорией систематизирования. В статье определяется, что национальное обучение – область этнопедагогики, сформированная в основе усвоения личностью национального сознания и характера, родного языка, истории предков, собственной культуры и национальной традиции. Наши предки глубоко ценили благородные качества, которые передавались благодаря знаниям народа и опыту национального обучения и придавали им большое значение, разыскивая введение обучающих методических путей в процессе быта. В процессе преподавания географии предполагается формирование национального опыта обучения обучающими с помощью культурного наследия предков. В качестве примера приводится сказание о Төле би «Қарлығаш би». Посредством этого сказания излагаются предусловия формирования национального обучения при преподавании главы о животном и растительном мире географии.

Ключевые слова: *география, национальное воспитание и обучение, национальная проблема, ласточка провидец, ласточка бий, культурное наследие.*

In this article are examined the issues of formation of modern nation-learning, the using of rich cultural heritage in the classroom. There are said about the factors influencing in the formation of national peace training and education in teaching geography. Ethnopedagogy - a branch of science, which is characterized by accumulation of experience of national education, summarize it and systematizing theory. In the article it is determined that a national training - ethnopedagogics area formed the basis of adoption of national consciousness personality and character, language, history, ancestors, their own culture and national traditions. Our ancestors deeply appreciated the noble qualities that were transmitted through the knowledge and experience of the people of the national education and gave them great importance, searching for the introduction of methodological training in the ways of life. At the process of teaching geography it is expected formation of a national learning experience learning through cultural heritage of their ancestors. As an example, the legend of Tole bi «Swallow judge». Through this tale outlines preconditions of formation of national education in teaching the chapter on animal and plant world geography.

Keywords: *geography, national education and training, national questions, Holy swallow, swallow judge, cultural heritage.*

Әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасының түпнамасы – оның ұлттық құндылықтармен мыңғасырлық байланыстығының тұтастығында екені анық. Халық педагогикасындағы ұрпақтың жан-жақты дамып-өсуіне, таным кеңістігінің ұлғаюына зор ықпал жасап келгенін педагогика ғылымы жоққа шығармайды. Аталмыш ой-түйін арқылы біз ұлттық педагогика дүниесінің қалыптасуы – қоршаған ортадағы тіршілік қаракеттер байланысы мен адамдар тәжірибелерінің эмпирикалық өмір сүру заңдылығының қалыптасуына сыртқы және ішкі ортадан ауқымды әсер еткен құбылыстың болғанын растаймыз. Олар төмендегідей ықпалдар көрсеткіштерін анықтады. Қазақ халқының ұлы ағартушы-педагогтары, ойшылдары мен қоғам қайраткерлері бүкіл қазақ халқына ұлттық тәрбие беру, ол үшін қазақтың ұлттық мектебін жасау, ол мектептегі ұлттық тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістері мен құралдары және нәтижесін негіздеді. Сол арқылы олар XX ғасырдың басында қазақ халқының болашағын ойлап, оның мектебінің ұлттық болуы, қазақ тілінің тазалығын, мектептегі білім мазмұнының қазақ халқының ұлттық мәнімен, оның ұлттық рухымен бірлікте болуын дәлелдеді.

Қазір ұлттық мектеп жасау, онда ұлттық тәрбие беруге ерекше назар аударылып жатқаны, қоғамымыздың болашағы сол тәрбиеге тікелей байланысты екеніне көзіміз жете бастады. Дегенмен, жоғарғы оқу орынында болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау проблемасы әлі де болса, ерекше зерттеуді қажет етеді.

Этнопедагогика ұлттық тәлім-тәрбиені жинақтайтын, оны қорытындылап, жүйелейтін теориясымен сипатталатын ғылым саласы. «Ұлттық тәрбие – жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі мен мінез-құлқының, ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрін меңгеруі негізінде қалыптасқан этнопедагогиканың саласы», - деп, анықталады. Негізінде ұлттық тәрбие дүниесінің халықтың рухани-мәдени мұраларымен тығыз байланыста дамып келгенін ескере, отырып, ғалымдар анықтап кеткендей ғылыми педагогиканың өзекті бір саласы екендігі туралы қоғамдық пікірді барынша дамыта түсу керек деп санаймыз. Біздің ойымызша ұлттық тәлім-тәрбие дүниесін қалыптастырушы екі заңдылық бар деп есептейміз. Бірі – халықтың тәлім-тәрбие жетістіктерінің ой-таным мен ұлттық психологиямен тұтастығы, екіншісі – аталмыш дү-

ниелер синтезінен туындаған әдіс-тәсілдер жиынтығы болмақ. Әлемдегі әр халықтың өкілдері – өне бойындағы барлық асыл қасиеттер мен құндылықтарды өскелең ұрпағының санасына ғұмыр бойына сіңіріп келуді басты мақсат еткен. Тарихи дамудың қай кезеңінде болмасын, адамзат перзенті ата-бабалары мирас етіп қалдырған – асыл қасиеттерін пайдаланбай, қастерлемей бөлек ғұмыр кешкен емес. Ұрпақ танымы үшін өткен ата жолы мен бабалар жұрты, аманаты мен өсиеттері, киелі ұғымдары мен даналық ұлағаттарынан артық дүниенің жалған екені туралы мәңгілік қағида – халық философиясының бастауы екені хақ. Қоршаған ортаның күрделі сырларын, табиғаттың құпия жаратылыс дүниесін ұғынуға деген күрделі философиялық сезімдермен қанаттанған Табиғат, адам және қоғам тұтастығы – диалектикалық заңдылықтың тұтқасы болса, адамның іс-әрекетіне, яғни еңбегіне сүйене отырып, ұрпақты еңбек етуге баулыған негізгі күш тәрбие құралы арқылы мақсатқа жеткізсе, онда тәрбиенің – әлеуметтік категория екендігіне дау жоқ. Демек, тәрбие – қоғам дамуының қозғаушы күші адам әрекетінің бір құралы болғаны ақиқат. Тәрбие құралын – ұлттың ұлттық қасиеттерін танытуға арналған әрекеттеріне пайдалану бүгінгі Қазақстан халықтары үшін аса қажет болып отыр. Ұлттың ұлттық ерекшеліктерін таныту әрекеттері жалпы өркениетті қоғам мойындайтын, адамзат құндылықтарына негізделуі шарт.

Географияны оқытуда ұлттық тәлім-тәрбие дүниесінің қалыптасуына мынадай факторлар әсер етуі мүмкін:

- Жұмыр Жер жаратылыс ілімдері жөніндегі алғышарттар;
- Жер планетасының пайда болуы жөніндегі діни түсініктер мен ғылыми болжамдар;
- Ежелгі аңыздар мен мифологиялық мағлұматтар;
- Қоршаған орта және адамзат жаратылысы жөніндегі тотемистік, тарихи-географиялық және діни-болжамнамалық ілімдер;
- Қазақстан территориясындағы ежелгі қоныстар;

- Араб-түркі ғұламаларының тарих, география саласы бойынша ашқан жаңалықтары;

- Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары;

- Табиғатқа байланысты мақал-мәтелдер мен тыйым сөздер;

- Қазақ халқының рухани һәм материалдық мәдениеті;

- Ғаламдық жаһандану үрдісіне ұлттық тәлім-тәрбие тәжірибелерінің трансформациялану һәм адаптациялану жағдаяттары.

Ата-бабаларымыз – асыл қасиеттердің ұрпақ санасына халық білімі мен ұлттық тәрбие тәжірибелері арқылы даритынын табиғи құбылыс ретінде бағалап, оған терең мән беріп тұрмыс үрдісінде кешенді жүргізудің тәлімдік-әдістемелік жолдарын іздеген. Ұлттық тәрбие үрдістері отбасылық дәстүрлерден тұрмыс-тіршіліктің өзегіне айналып: аңшылық пен саятшылық салттары, мал өрісінің ережелерін сақтау мен табиғатты қорғау жөніндегі халық тағылымдары экологиялық тәрбиесіне ұласып, ұлттық тәрбиенің кешенді біртұтас жүйесін қалыптастырды. Аталмыш қағидалар – ұлттық тәлім-тәрбие ғибраттарының бүгінгі таңда қажет екенін, оның мектептегі оқушылар ұжымында және басқа білім жүйесінде кеңінен қолданудың мүмкін екеніне көз жеткізеді.

Қазіргі кезде білім беру үрдісінде ұлттық тәлім-тәрбиені қалыптастыру өзекті мәселенің бірі. География пәнін оқыту үдерісінде ұлттық тәлім-тәрбиені қалыптастыруда маңызды іс болып табылады. Әсіресе, Қазақстанның және дүниежүзінің физикалық географиясы курсы оқыту барысында білім алушылар әр бір елдің географиялық орналасуы, жер бедері, климаты, суы, табиғи байлығы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі туралы толық мәлімет бере отырып, еліміздің ұлттық ерекшелігімізді айқындап жеткізе білу. Атап айтқанда, ұлттық санамызда табиғатқа деген көзқарасымызды әдет-ғұрыптарымыз, мақал-мәтелдеріміз арқылы, ұлт түсінігінде адам мен табиғат әрқашанда егіз екенін, табиғатты қорғаушың, асыраушың, ата-бабамыз «Жер

– қазына, су – алтын, мал – байлық» сияқты өсиеттерін жете түсіндіру арқасында тәрбиемен ұштасытыруға болады.

Табиғатты қорғауды өз үйіңнен бастауға болады, бұл – суды үнемдеп жұмсау, оның ластануын төмендету, озон бұзатын заттары жоқ аэрозольдарды қолдану және т.б. Сөйтіп экологиялық мәдениеттің басы отбасында түзіле бастайды.

Жануарлар мен өсімдіктер тарауын оқыту барысында білім алушылардың ұлттық тәлім-тәрбиесін ата-бабамыздың құндылықтарын пайдалану арқылы қалыптастыруға болады.

Мысалы, ертедегі жоңғар шапқыншылығы кезінде ел, жерінен босып, қаша жөнелген кезде Төле би үйін жықпай, жұртта қалып қойыпты. Бұны қалмақтың әскер басы көріп: «Ей, Төле би! Жау шапқанда ел-жұртың босып, соқа басың қалғаныңа жол болсын, бұл ісінді қалай түсінеміз?» депті. Сонда Төле би:

«Жалбарынар жайым жоқ жан алдында,
Балапандар бар қанша қарауымда,
Сол жетімдер ұшуға жарағанша,
Сыртқа шықпай тұрамын қарауылдап.
Қарлығаш би атандым сол үшін де,
Осылармен бір менің өрісім де.
Батыр болсаң, жайратып жүре берсең,
Жалғыз шалды кездескен жау үстінде».

Қалмақ әскер басы: «Уа, данышпан, адам баласы сүйсінер ер қасиетіне ризамын. Бұл ісін үшін саған және сенің балапандарыңа тиісу күнә болар» деп, әскер басы осы сөзді айтып өз жөнімен кетіпті. Содан халық Төле биді «Қарлығаш әулие», «Қарлығаш би» деп атап кетіпті. Міне, осындай табиғатқа, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне қатысты би, шешендеріміздің қалдырған мұрасы, ата-бабамыздың өсиеттері қаншама. Осы мұраларды іздеп, талдап, өз ретімен әр сабақта қолданса нұр үстіне нұр болар еді. Осындай ұлттық құндылықтарымызды пайдалана өткізілген сабақтар арқылы оқушыларды атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан табиғатты көзінің қарашығындай сақтау керектігін сезіндіру. Ол үшін қазақ

халқының халық педагогикасындағы асыл мұраларды осындай сабақтар арқылы түсіндіру, табиғатқа деген адамгершілігін ояту.

Ертеден қалған өсиет сөздерде «Көзінді қалдыр – бұлақ көзін аша жүр, ізінді қалдыр – жақсы істен мұра шаша жүр, өзінді қалдыр – бақша өсіріп жаса нұр» деген сөздерде өмірдегі өзіңнен кейінгі ұрапағыңа өлмейтін мұра қалдыр, сонда «сенің қолдан көзін ашқан бұлағың, жақсы істерің – шырағың, ал жасыл орман – құнарың болмақ» деп қалдырған өсиеттерін және басқа да өсиеттер негізінде мысалға келтіре отырып, география пәнін оқыту барысында ұлттық тәрбиені қалыптастыра аламыз.

Ерте кездерде халқымыз табиғаттың кейбір туындыларын киелі, қасиетті деп ұғып, оларды өлтіруге, жоюға болмайтынын уағыздаған. Сонымен бірге, табиғат пен адамды біртұтас деп қараған. Сондықтан, адам табиғаттан өз керегін алып, қалғанына еш уақытта зиянын тигізбеген. Халқымыздың мақтанышы болып отырған ғалым Ш.Уәлиханов «Табиғат пен адам! Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар? Қазақтар киеге үлкен мән береді. Табиғаттың кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлейді. Осы аталғандарды құрмет тұту, ырым-жорасын жасаттыру адам баласына бақыт пен байлық, құт әкеледі» деп, атап көрсеткен.

Қорыта келгенде, география пәнін оқыту барысында оқушыларға ең алдымен қоршаған ортаны, айнала табиғатты сақтау түсініктерін қалыптастыруға, құстар мен жан-жануарлардың қоршаған орта мен адамзатқа пайдасы мол екенін түсінуге бағытталған ұлттық тәлім тәрбие негізінде жұмыстар жүргізу қажет. Сонымен қатар, еліміздегі, дүниежүзінідегі экологиялық мәселелер мен табиғат апаттарын алдын алу шараларын ұғындыру әдістеретін үйрете отырып, адамзат Жер Ананың айнымас бөлшегі ұлттық көзқарас екенін, оқушы санасына түйіп беру география пәнін оқытудың мақсатты міндеті деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ұлттық тәрбие: таңдамалы лекциялар курсы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. – 276 б.
- 2 Жарықбаев Қ., Қалиев С., Қазақ тәлім-тәрбиесі – Алматы: Санат, 1995.
- 3 Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2011.
- 4 Аташ Б.М., Маханова Н.Б. Жаһандану үрдісіндегі ұлт мәселесі. // Ұлттық тәрбие. – 2013. – №6 (20) – Б. 79.

ОӘЖ 373.013

С. Дүйсембайқызы
2-курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ

**ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
БІЛІМГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

Мақалада орта мектепте проблемалық оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар, проблемалық оқыту, проблемалық ситуация, қызығушылық ұғымдарына анықтама беріліп, олардың өзара байланысы арқылы жететін нәтижелер туралы сөз болады. Проблемалық оқытуды зерттеген педагог ғалымдардың еңбектері талданып, оқушылардың білімге қызығушылығын арттыратын бірнеше ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: *проблемалық оқыту, проблемалық тапсырма, проблемалық жағдай, білім, ойлау, орта мектеп, қызығушылық, ақыл-ойдың дамуы, танымдық белсенділік.*

В данной статье рассматриваются вопросы проблемного обучения. Сущность проблемного обучения состоит в создании учителем цепи проблемных ситуаций и управлении деятельностью учащихся по самостоятельному решению учебных проблем. Достоинством проблемного обучения является непосредственная его направленность на развитие у обучающихся творческой активности, самостоятельности мышления, учебного интереса и т.д.

Ключевые слова: *проблемное обучение, проблемное задание, проблемная ситуация, средняя школа, интерес, познавательная активность, развития ума.*

The article considers the increasing interest of secondary school students by problem learning. Also provides definitions for problem learning, problem situation, interest and describes the results achieved interrelation of these concepts. Analyzed the works of teachers-researchers studied the problem learning, made several proposals to increase students' interest in learning.

Keywords: *problem studying, problem task, problem situation, knowledge, thinking, secondary school, interest, mental development, cognitive activity.*

Қазақстан Республикасы 50 бәсекелесуге қабілетті әлем елдері қатарына қосылуға талпына отырып, оқытуға қатысты саясатты жүзеге асырудың маңыздылығын сезінеді. Білім беру жүйеснің орта мектептегі оқытуға

қойылатын талаптарында оқушылардың ой-өрісін, шығармашылық тұрғыда дамуының негізінде жатыр. Бұл өз кезегінде орта мектеп оқушыларының оқуына қатысты саясаттың тиімділігін арттыру қажет екендігін

дәлелдей түседі. Бүгінгі күнде орта мектеп оқушыларының қызығушылығын ояту, логикалық ойлауын дамыту мәселесі күн тәртібінде кезек күттірмейтін проблемалардың бірі екені дәлелді.

Біздің мектептердің негізгі мақсаты жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Тұлғаның жан-жақты дамығанының басты белгілерінің бірі – жоғары деңгейдегі ойлау қабілетінің болуы. Егер оқыту шығармашылық қабілеттердің дамуына жетектесе, онда оны дамыта оқытумен сәйкестендіруге болады. Яғни, мұғалімнің ойлаудың даму заңдылықтарына сүйене отырып, арнайы педагогикалық құралдар арқылы оқушылардың білім игеруінде мақсатты және жоспарлы түрде жүргізіп, оның шығармашылық және ойлау қабілеттерінің қалыптасуына ықпал ететін оқытудың түрін проблемалық оқыту дейміз [1, 33].

Проблемалық оқыту өзіндік ұзақ тарихы бар, күрделі құрылымды біртұтас педагогикалық жүйе болып табылады. Проблемалық оқыту идеясының нышандары Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, А.Дистервег, К.Д.Ушинский сияқты ұлы педагогтардың еңбектерінде кездеседі. Бірақ, соған қарамастан, проблемалық оқыту жүйесіне деген көзқарастар мен пікірлер мейлінше сан алуан, әр түрлі. Өйткені, бір жағынан алып қарағанда «проблемалық оқыту» ұғымына педагогтар тарапынан әр түрлі анықтамалар беріледі, ал екіншіден, мұғалімдер тарапынан «проблемасыз оқыту бола ма?» деген мағынадағы сұрақтар қойылады. Сондықтан, ең алдымен, «проблемалық оқыту» ұғымын педагогикалық ұғым ретінде анықтап алудың қажеттігі туындайды. Мәселені өз дәрежесінде дұрыс шешу үшін «проблемалық оқыту», «проблемалық жағдай» және «проблемалық тапсырма» ұғымдарына анықтама беруді жөн деп санаймыз.

Ғалым Г.М. Коджаспированың еңбегінде аталған ұғымдарға келесідей ереже берілген:

- проблемалық оқыту – оқушыларға білім дайын түрде жеткізілмейтін оқытудың түрі.

Білім тек проблемалық жағдайды шешу барысында меңгеріледі.

- проблемалық жағдай – оқушылардың ойлау үдерісінің бастапқы кезеңінде саналы түрде қиыншылықтарды сезініп, оның жолдарын өзі шешуге тиіс.

- проблемалық тапсырма (танымдық, ізденушілік тапсырма) – орындау жолы және нәтижесі оқушыларға алдын-ала белгісіз, бірақ олардың дайындық деңгейі оның шешімін өз бетімен табуға мүмкіндік беретін тапсырма түрлері [2, 80].

Ал, білім және ғылым энциклопедиялық сөздігінде проблемалық жағдай деп 1) адамның немесе топтың қызметін өрістейтін, қарама-қайшылығы бар және бір мағыналы шешімі жоқ жағдайлар мен шарттардың арақатынасын белгілеу; 2) танымдық сұраныс жағдайы негізінде туатын ойлаудың пайда болуының психологиялық моделін айтамыз. Қызметпроцесінде қандай да бір қайшылықты түсіну (мысалы, алдыңғы меңгерілген білім көмегімен теориялық немесе практикалық тапсырманы орындау мүмкін болмағанда) пайда болған қайшылықты шешуге мүмкіндік беретін сол белгісіздің, жаңа білімнің қажеттілігін тудыруға әкеледі. Пайда болған қайшылықтың шешудің бастапқы буыны – адамның өзіне-өзі қойған туындаған қайшылықтың себептері туралы сұраққа жауап іздеуі. Сұраққа жауап іздеу қайшылықты шешуге және іздеуді орындаған тұлғаның нәтижелі дамуына әкеледі. Осыған байланысты проблемалық жағдайға құрылған проблемалық оқыту дамытушылыққа жатады [3, 285].

Проблемалық оқыту бұл – ғылым негіздерін оқып-білу, процесінде жеке адамның жалпы және арнайы қабілетінің даму, танымдық қажеттілігінің қалыптасуы. Психологтар адамның ойлағыштық іс-әрекетінің негізгі түрлерін атайды: репродуктивті және продуктивті, шығармашылық.

Репродуктивті іс-әрекет үлгі, алгоритм бойынша орындалады. Мұғалім жаңа оқу материалын, жаңа ұғымдардың мәнін түсіндіреді, тапсырманы орындаудың жолдарын

көрсетеді. Оқушы оқу тапсырмасын мұғалімнің көрсетуімен алгоритмге сүйеніп, яғни мұғалімнің сабақ үстінде жасаған әрекетіне сәйкес орындауы қажет.

Бағдарлама бойынша оқу материалдарының көпшілігін мұғалім проблемалық ситуация жағдайында түсіндіруі тиіс.

Продуктивті іс-әрекетінің айырмашылығы оқушы белгілі білімді өз бетімен жаңа ситуацияда қолдануы немесе белгілі ситуацияда жаңа білімді, әрекет жасаудың жаңа ерекшесін табады (алгоритмді өзі жасайды). Бірақ, оқушының дайын алгоритмді, үлгіні пайдалануы да мүмкін.

Проблемалық ситуация жағдайында оқушының іс-әрекеті ойлаумен, пайымдаумен, өз бетінше ізденуімен сипатталады (проблема түрінде сұрақтар қою, жорамал, ой туғызу т.б.). шығармашылық іс-әрекеті алгоритмнен, үлгіден, формализмнен айырмашылықты көтере алмайды. Шығармашылық бұл эвристикалық іс-әрекеті, оның мәні, негізгі идеялары тез түсініп, ұғыну, істің кенеттен шешілу жолдарын табу. Оқушылардың шығармашылық ойлауы проблемалық ситуациядан басталады.

Проблемалық ситуация деп пайда болған құбылыстардың фактілерді адамның түсіндіре алмай қиыншылық жағдайға ұшырауын айтады.

Сондықтан қиыншылық қабылдаған білім және іскерлік негізінде адамды, жаңа әдістерді немесе істі істеуге, түсіндіруге талаптандырады.

Ақыл-ой әрекеті толық циклының проблемалық пайда болуынан проблеманың шешілуіне дейін мынандай кезеңдері болады;

- проблемалық ситуацияның пайда болуы;
- проблеманы – сұрақты қою және оның қиыншылық мәніне жете түсіну;
- болжау арқылы шешім тәсілдерін табу;
- болжамды дәлелдеу;
- проблема шешімінің дұрыстығын тексеру.

Проблеманы оқыту процесінде мұғалім оқушыларға сұрақтарды қояды, түрлі тапсырмалар береді. Бұлардың бәрі проблемалық ситуацияны туғызады. Осының нәтижесінде

әрбір оқушы сұраққа жауап беруге немесе проблеманы шешуге тырысады.

Проблема проблемалық ситуация болып саналады, бірақ әртүрлі проблемалық ситуация проблема бола алмайды. Мысалы, үшінші сынып оқушысына өзеннің бір жағасында тұрып, оның енін қалай өлшейді деп сұрақ қойса, ол сұрақтың мәнін ұғып, оны шешу үшін дәрменсіз болады. Бұл жерде проблемалық ситуация пайда болды. Бірақ ол проблема бола алмады. Себебі, оны шешу үшін оқушының білімі, тәжірибесі жеткілісіз болды.

Химия сабағында «Су» тақырыбын өткенде мұғалім оқушыларға проблема түрінде сұрақ қояды: су сұйық зат, ол сутегі және оттегінен тұрады, сутегі жанады, оттегі жануды қолдайды. Олай болса, теңізді неге жағуға болмайды, жанып тұрған шырпыны тигізсең, сөніп қалады? Бұл жерде проблемалық ситуация туды да, ол проблемаға айналды. Өйткені, оқушылардың химия пәнінен алған білім проблеманы шешуде игі әсер етті. Сонымен, оқушылардың әртүрлі шығармашылық оқыту іс-әрекетінде мұғалім проблемалық ситуация туғызады, жаңа білімді игеруде оқушылардың ойлау іздену іс-әрекетінде олардың оқыту проблемасын өз бетімен немесе ұжымдасып шешуіне басшылық етеді. Міне, проблемалық оқытудың мәні осында.

Ал, мектеп табалдырығын жаңа аттаған бала оқу бағдарламаларының талаптарын орындау, мектептің ішкі тәртібін сақтау үлкендердің айтқандарын екі етпеу сияқты қатаң ережелер шеңберіне түседі. Енді оның субъектілік белгілерінің даму мүмкіндігі азая береді. Өйткені дәстүрлі мектептің мақсаттарын шешу үшін мұғалімнің айтқанын дұрыс тыңдап, тура сол түрде айтып беру, тапсырманы қатесіз орындау жеткілікті. Белгілі үлгіден ауытқу, басқа шешім іздеу талап етіле бермейді.

Проблемалық жағдайды туғызудың ережесі:

1. Оқушылардың алдында проблемалық жағдайды тудыру үшін оларға жаңа білім және жаңа біліктілікті игеруді талап ететін теориялық немесе практикалық тапсырманы

кою; мұнда іс-әрекеттің жалпы жағдайы немесе жалпы заңдылықтары сөз болуы мүмкін. 1. Тапсырма оқушының интеллектуалдық мүмкіндігіне сәйкес болуы қажет. Проблемалық тапсырманы қиындық деңгейі оқыту материалының жаңалық деңгейі және оны жалпылау дәрежесіне тәуелді.

1. Проблемалық тапсырма игеруге қажетті материалды түсіндіруге дейін беріледі.

2. Проблемалық тапсырма болуы мүмкін:

1) Игеру;

2) Сұрақты құрастыру;

3) Практикалық тапсырма.

Проблемалық тапсырма тек жоғарыда көрсетілген ережелердің негізінде ғана проблемалық жағдайды тудыруы мүмкін.

1. Тек бірғана проблемалық жағдай түрлі тапсырма түрлерін құрастыруға мүмкіндік береді.

2. Өте қиын проблемалық жағдайды мұғалім оқушыға оған берілген практикалық тапсырманы орындамаудың себебін немесе басқа да факттарды түсіндіруге мүмкіндік болмаған жағдайда жол көрсету арқылы бағыттайды. Мәселен, «Сіз үшбұрышты белгілі 3 бұрышпен құра аласыз ба? Себебі бұл тапсырмада үшбұрыштарға қатысты маңызды ереже бұзылды» [4, 81].

Оқу проблемасы – зерттеуге қызығушылық тудыратын ақыл-ой меңгеудің жаңа іс-әрекеттің логикалы-психологиялық формасы.

Оқу проблемасының негізгі функциялары:

1) Мәселені шешудің жолдарын табу бойынша оқушының іс-әрекетін яғни ақыл-ой ізденушілігін табуға арналған.

2) Оқушының жаңа білімді игеру бойынша танымдық қабілеттерді қалыптастыру. Шығарылған проблемаға бірнеше талаптар-

ды орындау қажет. Ал, оның біреуін орындалмаса, проблемалық жағдай туындамайды:

1) Проблема оқушыларға түсінікті болуы керек. Егер тапсырманың мағынасы оқушыларға жетпесе, онымен одан әрі жұмыс жасау пайдасыз. Осыған сәйкес, проблема оқушылардың ұғымымен құрастырылуы керек. Ал, оқушылардың көпшілігі қойылған проблеманың мәнін танып, оны шешудің құралдарын табуға мүмкіндік береді.

2) Ал, оқушылардың келесі талабы шығарылған проблеманың күштілігі болып табылады. Егер шығарылған проблемасын оқушылардың көпшілігі шеше алмаса оны мұғалімнің шешуіне көптеген уақыт керек. Әйтпесе оның тиімділігі жоқ.

3) Проблеманың құрылымы оқушыларды қызықтыруы керек. Әрине, басты қызығушылықты тудыру істің математикалық бөліміне келіп саяды. Форманың әртүрлілігі проблеманы шешу сәттілігіне ықпал етеді.

4) Проблеманың шынайы құрылуын қадағалау маңызды рөл атқарады. Егер оқушыларға арнайы алдын-ала проблемалық тапсырма шешілетінін ескерсек, олардың сабаққа қызығушылығы тез сөніп қалуы мүмкін [5,25].

Қорыта келгенде, проблемалық оқытуды жүзеге асыру бүгінгі күннің талаптарынан ғана туындамаған. Ол баланың ақыл-ойын, танымдық белсенділігін дамыту, білімге ынтасын, қызығушылығын ояту мақсатында білім беру үрдісінде пайдалануға қажетті оқытудың бір әдісі ретінде сұранысқа ие болған оқытудың түрі. Сондықтан да, баланың оқыту үрдісіндегі білім алуға құштарлығын қолдап, әрі дамыту мақсатында проблемалық оқытуды жүргізуде, бүгінгі таңда кезек күттірмес мәселе деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Харламов Л.М. Педагогика. Минск: Университетской; 2001.
- 2 Коджаспирова Г.М. Педагогика в схемах, таблицах и опорных конспектах. – Москва, 2008.
- 3 Білім және ғылым энциклопедиялық сөздік. – Астана, 2009.
- 4 Кривченко Л.П. Педагогика. – Москва, 2006.
- 5 Хуторской А.В. Современная дидактика. Учебник для вузов. Санк-Петербург: Питер; 2001.

ОӘЖ 37.372.854

Г.Саметова

Талғар ауданы, №31 – орта мектептің Химия пәнінің мұғалімі

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ

Бұл мақалада орта білім беретін мектеп оқушыларына химия пәнін оқытудағы қолданылатын экологиялық білім мен тәрбиенің әдістері қарастырылады. Химия бойынша сәйкес келетін тақырыптардан мысалдар берілген. Бұл мақаланы химия пәнінің мұғалімдері мен жас мамандар қосымша материал ретінде қолдануларына болады.

Түйін сөздер: *химия, экологиялық мәселелер, білім беру, тәрбие.*

В этой статье предлагают методы экологического образования и воспитания школьников средне образовательной школы по химии. Даны примеры соответствующих тем по химии. Данная статья может быть использована в виде вспомогательного материала для учителей и молодых преподавателей химии.

Ключевые слова: *химия, экологические проблемы, образования, воспитания.*

In this article offer methods of ecological education and of students and upbringing schoolboys in chemistry. Given examples of corresponding themes in chemistry. This article can be used as additional material for teachers and young specialists of chemistry.

Keywords: *chemistry, ecological problems, educations, education.*

Қазіргі әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналды. Адамның табиғатқа әсері мыңдаған жылдар бойында қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай-ақ топырақты, су көздерін, ауаны ластау арқылы жүзеге асуда. Бұл табиғатты күрт төмендеуіне әкеліп соқты, көп жағдайларда орны толмас зардаптар қалдырды. Экологиялық дағдарыс шын мәніндегі қауіпті төндіріп отыр. Іс жүзінде тез өріс алып бара жатқан дағдарыстық жағдайларды кез келген аймақтардан көруге болады.

Елбасы Н.Назарбаевтың 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасында қоршаған ортаны ластауға экологиялық қалыпты жағдайды бүлдіруге жол бермеуге зор көңіл бөлінгендіктен, оқушыларға экологиялық білім беріп, табиғатты қорғауға тәрбиелеу бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Экология бүкіл адамзат баласының шалыс басқан әрбір іс-әрекетіне келешекте шек

қоятын, оның тыныс-тіршілігіне тікелей атсалысатын ғылымның жаңа саласы.

Биосфера – айналамыздағы табиғаттың тіршілік етушілер мекендейтін бөлігі. Оны біздің айналамыздағы ауадан, судан және топырақтан бөліп қарауға келмейді.

Қазіргі кезде биосфераны табиғаттағы барлық ресурстардың жиынтығы есебінде түсінеді. Табиғат – бір-бірімен тығыз байланыста болып тұратын өте күрделі комплексті құбылыс. Ал, адамзат қоғамы сол табиғаттың бір бөлігі, ол онымен үнемі байланыста болған күнде ғана, тіршілік ете алады.

Адамның өмірі үшін ең басты қажеттің бірі – ауа. Мысалы, адам тамақсыз бес жетіге шыдаса, сусыз бес күнге, ал ауасыз бес минутқа ғана шыдай алады екен. Егер адам тәулігіне 4-5 килограммдай су, тамақ ішетін болса, дем алғанда 23-24 килограммдай ауа жұтады. Тамақ ішу, жұмыс істеу қимылдары тоқтағанмен, адамда тыныс алу процесі еш уақытта тоқталмайды.

Бүгінде экологиялық жүйеге өң беріп, тіршіліктің тынысы болып келген жердің

жасыл жамылғысы да азайып келеді. Талай өсімдіктер мен жануарлар жер үстінен өліп кетті, кейбіреулеріне жойылу қаупі төнуде, олар Қызыл Кітапқа тіркелді. Сондықтан болу керек, қазір табиғи байлықтарды толық пайдалану арқылы табиғатты қорғау мәселесі дүние жүзі халықтарын алаңдатып отырған ірі ортақ мәселеге айналды. Экологиялық сауатсыздықтың нәтижесінде табиғат, оның қорлары, жалпы қоғам зор шығынға ұшырауда.

Бұл тәрбиенің негізгі мақсаты – жас жеткіншектердің экологиялық көзқарасын, санасын және табиғатқа үлкен жауапкершілікпен парасаттылық қарым-қатынасын қалыптастыру.

Химия пәнінен орта білім берудің негізгі міндеттердің бірі – табиғатты аялай білуге баулу, химияны және химия өнеркәсібін өркендетуге байланысты ауаның, судың және топырақтың ластануын болдырмау. Минералды тыңайтқыштардың, өсімдіктерді қорғайтын заттарды пайдаланудың тиімді және тиімсіз жақтарын білу. Соңғы кезге дейін химияны кілең мадақтайтын сыңаржақтылықты қойып, оның табиғатқа, ағзаға және адамның денсаулығына тигізетін әсері жөнінде екі жақты ақиқат пікір туындады.

Химия сабақтарындағы «Оттегі», «Ауа және оның құрамы», «Отын және оны жағу тәсілдері», «Су», «Минералды тыңайтқыштар», «Мұнай өндіру» т.б. тақырыптарын қарастырғанда жалпы біліммен қоса, оқушылардың бір сәт назарын экологиялық білімге аударып келемін. Экологиялық білім беру баланың табиғатқа сүйіспеншілігі мен қамқорлығын арттырып, игерген білімді дұрыс қолдана білуге мүмкіндік туғызады. Мысалы, 8-сыныптағы «Оттегінің қолданылуы. Оттегінің табиғаттағы айналымы» деген тақырыпты қарастырғанда кейбір экологиялық есептеулерді оқушылар назарына ұсынып отырамын.

Айталық, жылына 7 млрд тонна отын жағылады, оған 20 млрд тонна оттегі жұмсалады. Бір әуе кемесі 8 сағат ұшқанда 50- 70 т.оттегі жұтады, мұның орнын толтыру үшін

25-50 мың га. орман соншама уақыт оттегін бөлуі керек. Егер ондағы оттекті 16 пайызға дейін кемітсе адамдар оны айтарлықтай сезіне бермейді. Ал, оның мөлшерін одан әрі төмендете бастағаннан-ақ оның жетіспейтіндігін ағза сезе бастайды да бас айналып, көз қарауытады. Мәселен, ауадағы оттегі 10-12 пайызға дейін төмендеген жағдайда ағзада әлсіздік басталады, адам ұмытшақ келеді, ойлау қабілеті төмендейді, ал, оттегі мөлшері 8 пайыз және одан да төмендеген жағдайда адам есінен айрылып, өлім қаупі төнеді.

Тағы бір мысал. Жеңіл машина бір жарым мың шақырым жүргенде бір адамның жыл бойы тыныс алатын оттегін тұтынады. Оттегін тұтынатын өндірістің және транспорттың көбеюі ауада оның азаю қаупін тудырады. Қазір оттегі биогендік түзілуінен гөрі 10-16% көп жұмсалады.

10-сыныптағы «Көміртек қосылыстары» тақырыбын қарастырғанда, отынды жағу және өзге өндірістік әрекеттердің нәтижесінде соңғы 100 жыл ішінде ауаға 400 млрд т. көміртегі (IV) оксиді барып, оның ауадағы қанықпасы 18%-ке артқан. Жыл сайын ауаға 200 млн. т. көміртегі (II) оксиді (иіс газы) 50 млн. т. азот оксидтері (улы газдар) барады. Өнеркәсібі дамыған елдерде әр адамға шағып есептегенде жыл сайын атмосфераға 150-200 кг тозаң, күл және өндірістің басқа қалдықтары түседі. Көмір қышқыл газының ауадағы мөлшері 0,02-0,04%. Ауаға түсіп жатқан көмір қышқыл газы мөлшерінің артып кетуі қоршаған орта жағдайына келеңсіз жайттарға душар етеді. Айталық оның ауадағы үлесі екі есе артса, «Жылу эффектісі» деген құбылысты тудырып, жер бетіндегі температура орта есеппен 4°C-қа артады. Бұдан мәңгі мұздар, мұзтаулар еріп, ауа райында елеулі өзгерістер болады. СО-көміртегі (II) оксиді, иіс газы, жану өнімдерінің бірі. Тұрмыста, өнеркәсіпте және транспортта әр түрлі отындар шала жанғанда түзіледі. Ауада 1% иіс газы (СО) болса, адам қолма-қол, ал оның үлесі 0,1% болғанда 30-60 минутта өледі.

Иіс газының ауада болуы мүмкін қанықпасы (Б.М.Қ.) – 0,002. Иіс газының физиологиялық әсері гемоглобиндегі оттегін қуып шығуына байланысты. Гемоглобин көміртегі (II) оксидін оттегіне қарағанда 200-300 есе тез қосып алып, карбоксигемоглобин түзеді. Иіс газы жүрек қолқа тамырға, жүйке жүйесіне әсер етеді. Мамандардың есебі бойынша бір машина бір сағат уақыт ішінде ауаға 6-10 текше метрге дейін улы газ бөліп шығаратыны анықталып отыр. Зауыттар мен жылу электрстансаларында күкірті бар отынды жаққанда ауаға шығатын газдардың зияндысы – күкіртті газ. Ол көп мөлшерде сульфид кенін өртейтін металлургиялық және химиялық зауыттардан түзіледі. Бұл улы газ қанықпасы 0,3мг/л. SO₂-де адам бір минутке ғана шыдайды. 0,05мг/л SO₂ көздің сілемейлі қабықшасын тітіркендіреді және жөтелтеді. Оның өнеркәсіп ауасындағы мөлшері 0,01мг/л-ден аспауы тиіс. Тозаң – жану реакциясының ең мол қалдығы – түтіннің құрамындағы майда ұлпасы. Өндірістен шығатын тозаңның құрамында улы заттар: қорғасын, сүрме, мыс, марганец, сынап, мышьяк, оксидтері және т.б. қосылыстар болады. Қалалардың үстіндегі түтін мен ұсақ тозаң жаз айында күн сәулесінен келетін жарықтың құнын 20 және 50 процентке дейін кемітеді. Сол сияқты ол тірі ағзаларға пайдалы ультракүлгін сәулені тұтып қалады.

10-сыныптағы «Азот қышқылының өндірісі» тақырыбын қарастырғанда, азот қышқылын өндіретін зауыттың мұржасынан «түлкі құйрық» деп аталатын қызғылт сары түтін будақтап жатады. Бұл азоттың улы оксидтері. Бір зауыт тәулігіне 20 тоннаға жуық оксидтер шығарады. Құрамында 3-6мг/л азот (II) оксиді бар ауамен 6-12 мин, 0,1мг/л азот (II) оксиді бар ауамен 1 сағат тыныс алған адамның өміріне қауіп төнеді. Онымен уланған адамның басы айналады, әлсірейді, өңі қашып, қанның қысымы төмендейді. Бұл газдың өндіріс ауасындағы 0,005мг/л – ден аспауы керек.

11-сыныптағы «Мұнай және оның өнімдері» тақырыбында мұнай өндіретін өндіріс

орындарының зияндылығына тоқталамын. Жердің төменгі терең қабаттарынан өндірілетін мұнайды және өнімдерін өндірісте адам баласы күнделікті тұрмыста пайдаланғанда күкірт (IV) оксиді, азот (IV) оксиді, ал толық жанбағанда көміртекті сутегі түзіледі. Олар газ түрінде ауаға өтеді де, жаңбырмен жуылып, жерге түседі. Қышқыл жаңбырдың жиілеуі экологиялық жүйелерді және құрылысты бүлдіреді. Қышқыл жаңбыр суы топырақты магний, кальцийді жуып, алюминий, марганец сияқты металдарды сіңіріп, олардың улы қанықпасын түзеді. Бұның өзі өсімдіктердің қалыптасуына үлкен кесірін тигізіп, ауа ластануына жол береді. Мұндай табиғатта бөліп жатқан улы заттарды тазалағыш жүйелермен сүзгілер түрлерін пайдаланып, тоқтатуға болады. 10-сыныптағы «Су» тақырыбын қарастырғанда «су – тіршілік нәрі» десек те, судың құрамында қайсыбір химиялық элемент шектен асып кетсе ол адамның денсаулығына зиянды екендігіне тоқталамын. Мәселен, кадмий қан айналысын бұзса, асбест ісік ауруларына алып келеді, хром бүйректі құртса, сынап ішек ауруын тудырады. Холестеринмен қосылып, қан тамырлары мен тамырша көздерін бітей бастайды. Нәтижесінде адам склероз, инсульт, инфаркт ауруларына шалдығады. Көптеген елдерде судың құрамындағы сульфат мөлшері 1 литрге шаққанда 200-400 миллиграмнан келсе, бізде бұл көрсеткіш орта есеппен 500 миллиграмнан айналады. Куба, ЧССР, Румыния мемлекеттерінің стандартына қарағанда біздегі стронций деңгейі ГОСТ бойынша 7000 есе көп. Цианид мөлшері ГДР, АҚШ, Канада, Румыния елдерімен салыстырғанда 2-10 есе артық. Осының салдарынан елімізде бүйректің қалыпты қызмет етуі, бүйректе тас байлану секілді аурулар жиі кездеседі. Қазіргі таңда дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есептеулеріне қарағанда дерт түрлерінің 80 % тікелей судан болап отыр. Бұл проблема әсіресе Арал өңірінде айрықша мәнге ие болуда. Қазіргі кезде Сырдария өзенінің су бассейндері пестицидтермен, ауыр

металдармен ластануы айтарлықтай алаңдатушылық білдіруде. Мыс, қорғасын және мырыш сияқты ауыр металдар адам ағзасының тканьдері мен өмірлік маңызды органдарында жоғары кумулятивтік қасиетке ие болып, созылмалы интоксикацияға ұшыратады, ал, ол өз кезегінде онкологиялық ауруларға, жүрек, қан тамырларының аномалиясына әкеліп соқтырады. Сондықтан да, су құрамын ауыр металдар ионынан тазарту маңызды да, күрделі міндет болып табылады. Су көздерін таза ұстау мәселесі бізде де оңып тұрған жоқ. Алматы қаласының көшелерімен өтетін Үлкен Алматы, Кіші Алматы, Весновка, Қарасу өзендерінде мұнай өнімдерінен басқа да зиянды қалдықтар көп. Автобаздардың, тері комбинатының, қаладан жоғары канализациясы жоқ елді мекендердің қалдықтары өзен суларын ластайды.

80-шы жылдары Жамбыл облысының химия кәсіпорындарында бірнеше рет апат болып, олардың уытты өнімдерін маңайдағы көлдерге құйып «өлі» көлге айналдырды. Қарағанды облысында Нұра өзені сынап қалдықтарымен уланып адамдар мен қоршаған ортаға өте қауіпті болып отыр. Жайық өзеніне Ресей мен Қазақстанның химия, металлургия және мәшине жасайтын кәсіпорындары тазаланбаған қалдықтарын төгуде. Осының салдарынан өте бағалы бекіре балықтар ұрық шашатын алқаптар уланып Атырау өңірі көп зиян шегуде. Судың экологиялық зардаптарының тигізер сырына қанық әрбір адам ауыз суға талап деңгейін жоғары ұстап, оны тазартып ішуге ынталы болуы керек.

10-сыныптағы «Минералды тыңайтқыштар өндірісі» тақырыбында жер бетіндегі алты миллиард адамды асырау үшін минералды тыңайтқышты пайдалану экономикалық жағынан өзін-өзі ақтайды, дегенменде Минералды тыңайтқыштардан өсімдіктер 40-50% азотты, 20-25% фосфорды, 70-80% калийді ғана пайдаланады. Ал, қалған бөлігі топырақта қалып, топырақ (эрозиясына) ластануына жол беріледі. Азотты тыңайтқыштардан көп берілген жағдайда 300-400 ц/га артық

берілу адамдарды уландыру қаупін туғызады. Әсіресе нитраттардың артық мөлшері көкөніс және бақшалық өсімдіктер үшін өте қауіпті келеді. 1991-1992 жылдары Төрекелді Шорманов бастаған Алматының кардиология ғылыми зерттеу институтының қызметкері Ж.Сисеналиев Қазалы қаласының екі мың тұрғынының қанын Түрікмен республикасына барып, тексеруден өткізгенде, олардың барлығынан да нитраттар шыққан. Сол институттың ғылыми қызметкері Хайрулла Бисеновтың зерттеуі ол нитраттардың адам тәнінен қайтып шықпай, қайта еселей көбейе беретіндігін көрсеткен. Оның үстіне бүгінге дейін нитраттарды жойып жіберетін дәрі жасалған жоқ.

Экологиялық катастрофалар, күкірт қышқылы ауаға, топыраққа, суға түскенде болатын зиянды зардаптар. Транспортта, заводта, шойын жолдарда болатын апаттар т.б.

Қорыта айтқанда химия сабақтарында түрлеріне сай іріктеліп алынған әдістер оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттырып, сол арқылы оқушылардың химиялық-экологиялық ұғымдары негізінде білімдерінің тереңдеуін, оны іс жүзінде пайдалана алу мүмкіндіктерін күшейтеді. Оқу материалын меңгертуде тірек-сызбаларды мәтінге айналдыру, дәріс сабағы, «Сұрақтар мен жауаптар», «Химиялық-экологиялық диктант» т.б. оқыту тәсілдері; білімді, іскерлікті қалыптастыру сабақтарында экологиялық мазмұнды есептер шығару тиімді қолданылды. Бұрынғы дәстүрлі оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық ролі берілсе, ал мұндай оқу үрдісінде оқушы белсенділік көрсетуі тиіс оны оқытпайды, өздігінен оқу керек. Ал мұғалімнің негізгі көңіл аударатыны әрбір оқушының жеке қызығуы мен мүмкіндіктерін ашу болмақ. Оқушының жеке интеллектуалды дамуы, сөйлеу мәдениеті, өз бетінше жұмыс істеу жауапкершілігі, өз еркімен ұсыныс жасауы жүзеге асты. Ұлы ойшыл, қытай философы Конфуцийдің «Естігенді ұмытамын, көргенді еске сақтаймын, өз ақыл-ойыммен істеген ісімді түсінемін» деген даналық сөздері осы айтылғандарды дәлелдей түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Цветков Л.А. Общая методика обучения химии. – Москва: Просвещение, 1982. - 520б.
- 2 Кирюшкин Д.М., В.С. Полосин. Химияны оқыту методикасы, – Алматы, 1984.
- 3 Харламов И.Ф. Активизация учения школьников, – Москва, 1960. - 452стр.
- 4 Зайцев О.С. Методика обучения химии – Москва: Владос, 1999.

ОӘЖ 8. 81. 8113

А.А.Оспанова

Абай атындағы ҚазҰПУ

Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты

**АРАБ ТІЛІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ҚАЛЫПТАСТЫРА ОҚЫТУ**

Бұл мақала араб тілін оқытуда, лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында жазылған. Қазіргі кезде, білім мәселесіне тоқталатын болсақ, әр оқушы, әр мұғалім, әр маман өз мамандығының шебері болу керек. Қазіргі кезде шет тілін үйренуде көбінесе не тіл жағына, не мәдениетіне ғана көңіл бөлінеді. Ал, шет тілінсіз мәдениетін, ал мәдениетінсіз тілін меңгере алмаймыз, сол себепті, лингвомәдени деген ұғымға үлкен мән берілген.

Түйін сөздер: *құзырет, құзырлық, лингвомәдени құзіреттілік.*

Данная статья написана с целью формирования лингво-культурной компетентности в обучении арабского языка. Что касается вопроса образования, то каждый ученик, каждый учитель, каждый специалист должен быть профессионалом своего дела. Не зная иного языка, не узнаем ее культуры, также не зная культуры не изучим язык, поэтому понятию «лингвокультура» уделено особое внимание.

Ключевые слова: *компетенция, компетентность, лингво-культурная компетентность.*

This article is written for the purpose of formation of linguistic and cultural competence in teaching Arabic. As to the question of education, each student, each teacher, each person must be professional works. Ne knowing another language, do not learn its culture, also not knowing the culture is not to learn the language, so the concept of «linguistic culture» given special attention.

Key words: *jurisdiction, competence, linguistic and cultural competency.*

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Сондықтан да, қазіргі білім беру саласындағы міндет – шет тілін оқытуда педагогикалық тұрғыда, ұйымдастыру тұрғысынан білім беру мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру. Ол қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына

жатқызылып келеді. Олай болатыны қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне сай өскелең ұрпақты өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отыр. Мұның өзі мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің оқушылар алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де өзі өмір

сүріп отырған қоғамның, ұжымның, ұлттың, рудың мүшесі ретінде өзіндік ақыл парасаты мен жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады.

Жасөспірімнің дамуы және оның дүниені тануы түрлі әлеуметтік жағдайларға байланысты. Қоғамдық тұлғаларға ортақ этикалық бірыңғай талаптардың болуына қарамастан, қоршаған орта жөнінде әр адамның қалыптасқан өзіндік ой-пікірінің, көзқарасының болуы заңды құбылыс. Себебі оқушының адамгершілік, белсенділік және батылдық сияқты қасиеттерінің қалыптасуына белгілі әлеуметтік орта мен әлеуметтік тәрбие әсер етеді [1,55-64].

«Құзырлық» сөзі «құзыр» сөзінен алынған туынды сөз екендігіне баса назар аударамыз. Бұл туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) – жалпы алғанда қайсы бір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген [2,1]. Қүзірет дегеніміз (латынша «competentia»-компетенция) -әділ, дұрыс, қорытынды, құқы бойынша қандай да бір мекеменің немесе адамның өкілет шеңбері, адамның танымы, тәжірибесі бар сұрақтар шеңбері. Латын тілінен аударғанда (Competere-дегеніне жету, сәйкес келу, жақын келу.) «Құзырлық – өз ісін жетік білу танымы мол, тәжірибелі» деген мағына береді. Ғылыми әдебиеттерде құзіреттілік дара тұлғаның бойындағы өзара сапалардың (білім, білік, дағды, іскерлік, әрекет тәсілі) жиынтығы. «Құзіреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н. Хомский. Оның пайымдауынша, құзіреттілік термині грамматика білімдеріне негізделген. Жалпы алғанда құзіреттілік дегеніміз – жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызмет саласына сай құзіреттерді меңгеруі [3, 23-26]. Ал Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында «қүзірет» (компетенция) – нақты органның немесе

лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы деп көрсетілген [4,1]. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген өз саласына сәйкес білім мен біліктілік пен қаруланған қандай да бір негізі бар ой – тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады.

Араб тілін өзге тіліді аудиторияларда оқытудың әдістемесін жетілдіру, оқыту процесінде нақты нәтиже алу, жақсы оқулықтар жасау тілді оқыту бағдарламаларына тікелей байланысты.

Біріншіден, шет тілін оқытудың барлық ерекшеліктері, әдістемесі ескеріліп жасалған бағдарлама оқыту процесін жеңілдетеді.

Екіншіден, шет тілін оқытуда барлық оқу орындарында немесе барлық үйренушілер үшін бірдей пайдалануға болатын типтік бағдарлама қажет деп есептеуге болмайды. Себебі, әр тілдің өзіндік ерекшеліктері бар [5,6-8].

Елдер арасындағы экономика мен мәдениетті дамыту үшін қазіргі кезде шет тілін оқытудың рөлі артуда. Жылдан жылға шет тілін меңгерген мамандарға сұраныс артуда. Осы кезде білім бағытын дамыту барысында құзырлықты пайдалану өте маңызды фактор болып табылады. Осыған орай шет тілін оқытуда сол елдің тарихына, мәдениетіне тоқталамыз. Соңғы кездерде шет тілін оқытуда лингвомәдени құзыреттілікке көп мән берілуде. Лингвомәдени құзыреттілік, бұл – жүйе, мәдениет туралы білім [6,90].

Нақты бір елдің ұлттық тілін қамту сол елмен мәдени қарым-қатынаста, не байланыста болу. Лингво-мәдени құзыреттілік – бұл мәселенің шешілу дәрежесі. Лингво-мәдени зерттеу ежелгі дәстүрді қамтиды. Еуропалық лингво-мәдени дәстүр Ф.Де.Соссюр, Р.Якобсон, Р.Барт, Т.Ван-Дейк пен тығыз байланысты болса, ал лингвомәдени құзыреттілік ұғымы Л. Витгенштейн, Г.Гадамер, Г.Гийом, М.Хайдеггер, Н.Хомский және К.Ясперс пен байланысты [7, 307-310].

Осы уақытқа дейін араб тілін өзге аудиторияларда оқытуға арналған бірнеше бағдар-

ламалар жарияланған. Оларға тоқталатын болсақ:

- Муғалиму ассалим
- Аннаху
- Алқираға
- Аладаб
- Туруку аттадрис
- Аттағабир

Бағдарламалардың алдыңғы қатарында тұрған «муғалиму ассалим» болып табылады. Бағдарламадағы оқу материялы он төрт сағатқа бөлініп, тілді аптасына екі сағаттық педагогикалық жүктемемен жүргізуге арналған. Бұл бағдарлама өзге тілді аудиторияда араб тілін өзгертуде фонетикалық, лексикалық минимумдарды меңгеруде кешенді түрде ұстанымы қойылған. Сонымен бірге, бағдарламада фонетикалық модельдердің берілуі тілді игеру мақсатында үлкен нәтижеге қол жеткізетіндігін атап өтеміз.

Осыған байланысты Ахмад Тоғайма мен Жаудад Рукуаби араб тілінің бағдарламасын жасау барысында араб тілі оқытылуында өте ауыр тілдер қатарына жатады, сондықтан да ол тілді меңгеру үшін ең алдымен араб тілінің алфавитін жүйе бойынша оқыту керек деген [8, 54-57]. Ал оған зерттеуші Ахмад Исхак араб тілін оқыту барысында, ең алдымен, дыбысталу жүйесімен оқытқан жөн деп көрсеткен.

Араб тілі оқылуы жағынан да жазылуы жағынан да өте күрделі тілдер қатарына жатады. Себебі, араб тілінде біріне бірі ұқсас әріптер де, дыбыстар да болғандықтан мен ең алдымен ол тілді қазақ тілінде ұқсас сөздерден бастау керек деген тұжырымға келдім. Мысалы: қазақ тілінде кейбір сөздер араб тілінің сөздеріне мағынасы жағынан да дыбысталуы жағынан да ұқсас келеді. Мысалы: китабун – кітап, қаламун – қалам, дафтарун – дәптер, т.б.

Сол себепті, ең алдымен араб тілін үйрету барысында қазақ тілінде және араб тілінде ұқсас сөздер арқылы оқытқан жөн.

Бүгінде өзгетілді аудиторияларда араб тілін оқытудың әдістемесі, оқулықтар шығару жетілдіріп келеді. Дегенмен де, араб тілін

оқыту үшін мемлекеттік бағдарламаны ойдағыдай жүзеге асыру мен жаңа типтегі оқулықтар мен оқу құралдары оқытудың жаңа технологиясына құрылу керек.

Оқыту үдерісінің ең маңызды құрамы – кешенді оқу құралдары мен техникалық құралдар тілді үйретудегі оқытушының іс әрекеті мен тілді игертудегі тіл үйренушінің әрекеті арқылы жүзеге асады. Осылар арқылы оқытушы тілді оқытады және осы оқыту құралдарын пайдаланып тілді үйретуді жүзеге асырады, ал тіл үйренуші тілді меңгерудегі әрекет иесі. Ал оқу құралдары тілді меңгеру үдерісін жеңілдетеді және сапасын арттырады.

Қазақстан жоғарғы оқу орындарында бүгінде араб тілін оқытуда келесі оқулықтардың түрлері қолданылады:

1. Аудиовизуалды
2. Аудиолингвалды
3. Елтану бағытындағы
4. Интенсивті
5. Коммуникативті
6. Компьютерлік оқулықтар.

Ал, бізге қажетті оқулық коммуникативті оқулық мұндай оқулық оқытудың коммуникативті әдісі тұжырымдамасын жүзеге асырады және сөйлеу іс әрекеті түрлері арқылы әр түрлі саладағы қатысым тудыру жағдайында тілді үйренуге пайдалы. Себебі, қатысым тіл арқылы сөйлесу, бірін-бірі түсіну, ұғыну және тілдік қарым - қатынасқа түсу деген сөз.

Оқыту құралдары: құрылымы жағынанан былайша айқындалады: типтік оқу кешені және оның компоненттері оқулық, аудиовизуалды оқыту құралдары, оқытушы құралдары болып саналады. Оқыту құралдары мазмұны мен құрылымына қарай былайша қарастырылады: [36,368]:

1. Оқытушы үшін оқу құралдары:

- Мемлекеттік стандарт;
- Бағдарлама;
- Оқытушыға арналған кітап;
- Әдістемелік әдебиет.

2. Тіл үйренуші үшін оқыту құралдары:

- Оқулық;
- Оқу кітабы;

- Тіл дамытуға арналған оқу құралдары;
- Сөздік;
- Жаттығулар жинағы.

3. Аудиовизуалды оқу құралдары:

- Видео;
- Аудио;
- Компакт дискіге жазылған электрондық құрал.

Тілді үйренуге қажетті тілдік материалдар мен коммуникативтік қатысым тапсырмаларын қамтыған лингводидактикалық тұрғыда сипатталған ерекше құжат – ол тілді оқыту стандарты.

Шет тілін оқытуда оқушылардың лингвомәдени құзіреттілігіне тоқталатын болсақ, лингвомәдени құзіреттілік оқушылардың меңгеріп жатқан шет тілінде грамматика арқылы яғни сөз арқылы мәдениетін тану. Лингвомәдени құзіреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан, мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық та дұрыс сөйлей білетін, өз ойын жарыққа еркін шығара алатын, түсіне білетін, қызығушылықпен тыңдай алатын адамды өмір жолына аттандыра білуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сабыров Т. Оқушының оқу белсінділігін арттыру жолдары. – Алматы: Мектеп, 1978. - 110 б.

2 Құдайбергенова Қ.С. Құзырлық амалының негізгі ұғымдары – Алматы, 2007.

3 Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса (Aspects of the Theory of Syntax) 1965.

4 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы // бас редактор Нысанбаев Ә. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 6 том. - 720б.

5 Қазақстан Республикасының жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 – 2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағарламасы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы», – Астана: Акорда, 2007.

6 Ғалымжанова М. Мұғалімнің ақпараттық құзіреттілігін дамыту. – Алматы, 2008

7 Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы). – Москва: РУНД, 1977. - 178 с.

8 Ахмад Тоғайма. Грамматика арабского языка в сравнительно-историческом освещении. – Москва: Восточная литература, 2001.



МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Құттықтау	6
Тебегенов Т.С. Адамның жан ділі мен тәнінің сауықтырушысы.....	7
Бөлеев Қ. Қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлер зерттелу жайы.....	13
Табылды Ә. Ұлттық әдеп дәстүрінің тәрбиелік мәні.....	17
Нұриев М.А., Сағиева Б.Ж. Сөз құдіреті – сөзге тоқтау.....	29
Sovetkanova D.M., Sadykova A.E. Psycho-pedagogical basis of the intellectual evelopment of students in problem-based learning.....	34
Әбжан Г.М. Ұрпақты тәрбиелеу үдерісінде ер-азаматты тәрбиелеудің алатын орны.....	39
Тымболова А.О. Білім берудегі мобильді байланыс құралдарының рөлі.....	46
Утепова А.Қ. Театрдың бүгінгі тақырыптарындағы өзекті мәселелер.....	50
Нұрғазина А.С., Молдашова К.А. Ұлттық тәрбие және оны жаратылыстану ғылымымен байланыстыру.....	53
Қабидолданова Ж. Кәсіби мектептерде шет тілін оқытудың тиімді жолдары мен оқытудың түрлері тіл үйретудің маңызы.....	58
Садыкова Д.А., Таяуова С.Ж. Еліміздің болашағы – елжанды ұрпақ.....	61
Кабдылманова Л.Т. Использование мультимедийных технологий в преподавании английского языка.....	65
Есебиева Г.С., Кулганатова Э.М. Тәрбие берудің басты құралы – ана тілі.....	68
Махашева А.С., Сатыбаева А.С. Географияны оқытуда ұлттық тәлім-тәрбие дүниесін қалыптастыру мәселесі.....	72
Дүйсембайқызы С. Проблемалық оқыту арқылы орта мектеп оқушыларының білімге қызығушылығын арттыру.....	76
Саметова Г. Химия пәнінен экологиялық білім мен тәрбие беру.....	80
Оспанова А.А. Араб тілін оқушылардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыра оқыту.....	84

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»
КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Баян Сағиева
Беттеген/Верстка – Баян Сағиева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8777 175 34 31,
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 19.01.2014 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.
Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі 11.5 б.т.
Таралымы 400. Тапсырыс №29



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

1 (21) 2014

(қаңтар-ақпан)

1
